

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№7 (164),
ҚЫРКҮЙЕК
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандаев –
тарихшы-зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 12.09.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаға пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де-
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Арман Жанұзақов, Руслана Құсайынова. Мемлекеттік және әскери рәміздер:.....	2
Құмарбек Жұпбаев. Шыңғыс хан – түрік.....	5
Болат Қабдөшев. Батыс Алашорда көсемі Ғұбайдолла Әлібеков.....	8
Оразгүл Мұхатова. Археолог-ғалым Абдулманап Оразбаев.....	10
Тұңғышбек Байқұлов. Асылдың ұрпақтары.....	14
Айжан Тұяқова, Қаршыға Жұмағұлова. Қазақ-Жоңғар байланыстары.....	16
Нұрқасым Ерболатов, Гүлмира Ерболатова. Сырдарияның төменгі ағысы су жүйелері арнасының қалыптасуы.....	20
Н.Кузембаев, З.Сабданбекова, Ж.Жумабеков. Китайская империя и первый Тюркский каганат.....	22
Гульназ Раздыкова. Особенности духовно- нравственного воспитания детей в Казахском обществе.....	24
Роза Бейсембина. Ходжа Ахмед Ясави.....	26
Лаура Қарабек. Бүгіл өзені бойындағы петроглифтер.....	27
Сабырхан Сымағұлов. Қазақстандағы ашаршылықтар.....	29
Бауыржан Мусаев. Историография проблемы голода 1921-1922 годов в Казахстане в советской и отечественной исторической науке.....	32
Айгерим Сейфуллина. Историографический обзор современных казахстанско-российских отношений.....	39
Самат Құрманалин. Бөкенбай батыр әулеті.....	41

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Меңдігүл Ноғайбаева. Тарих, археология және этнология факультеті.....	43
Айбек Бейсекенов. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс.....	44
Маржан Мақатова. Қазақстандағы "Кіші қазан".....	45
Майгүл Беделбекова. Саяси қуғын-сүргін халықтар депортациясы.....	46
Тәрбие. Тәлім. Өнеге. Сіз ең ғажап ұстазсыз!.....	47

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ РӘМІЗДЕР: тарихи сабақтастығы және патриоттық мәні

Арман ЖАНҰЗАКОВ (Жанузаков),
Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті атындағы
Ұлттық қорғаныс университетінің докторанты
Руслана ҚҰСАЙЫНОВА (Кусаинова),
Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік
институты әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Бүгінде Қазақ елі – мақсатын айқындаған, бәсекеге қабілетті елдермен иық тірестіруге бел буған, жас та болса қуатты мемлекет, дербес рәміздері мен айбынды әскері, ұлан ғайыр өлкесі бар танымал ел. Азаттығымыздың айғағы – мемлекеттік рәміздер. Халықты таңбасына қарап таниды. Бүгінде өзінің айрықша белгісі жоқ елді жер жүзін шарлап таппайсыз. Біздің де қастер тұтатын, жігерімізді жанып, рухымызды көтеретін – Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз бар. Қазақ жерінде алғашқы мемлекеттік бірлестіктер қашан пайда болса, елтаңбалар тарихы да сол кезеңнен басталады. Басқаша айтқанда, рәміздер тарихы – мемлекеттің тарихы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез келген мемлекеттің Елтаңбасы бір елді екінші елден өзіндік ерекшелігімен ажыратып тұрады. Қол жеткен жетістіктеріміз бен ұлттық құндылықтарымыз, мемлекеттік рәміздерімізді қадірлеу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өмір салтын, болмыс ерекшелігін, айрықша арман-мұратын, білдіретіні белгілі. Рәміздерде бейнеленген символикалық белгілердің өзіндік ерекшеліктері болады. Сол ерекшеліктер арқылы әр мемлекет өзінің терең тарихын, мәдениетін, әскери салтын күллі дүниеге паш етеді, өз қоғамының мақтанышы, жүрегін елжіретер нышанға айналады.

1992 жылғы 5 маусымда Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін таныстыру салтанатында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Жаңа ғана мен тізерлеп тағзым еткен, шашағынан сүйген Жалаудың зеңгір көк түстің мағынасы өте терең. Мұнда біздің ашық аспанды, яғни бейбіт күнді айшықтайтын кіршіксіз көңіліміз бар. Мұнда көкті Тәңір тұтқан ата-бабаларымыздың арман-аңсары бар. Мұнда халқымыздың біртектілігін, мемлекетіміздің бөлінбейтінін білдіретін ұлы Тұтастық идеясы бар. Мына алтын Күн алаулаған зеңгір аспанның аясында баяу қалықтаған дала бүркіті, қиял бүркіті, арман арқалаған алтын бүркіт қазақтың қыран көңілін, дарқан да ақ, бітімшіл де бейбіт көңілін шырқау биікке алып шыққандай. Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті Туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін», – деп рәміздер бейнесінде қандай ұлы идеялар мен мақсат-мұраттар тұнғанын түсіндіріп берді [1]. Шын мәнінде бүгінгі көк туымыздың тарихы сонау батыр бабаларымыздың жылдар, тіпті ғасырлар

бойғы қазақ халқының егеменді ел болып қалыптасуы үшін жалғасқан бостандық пен елдікке жетелеген қантөгіс шайқастардағы бөрілі байрақтарынан тамыр алады. Тарихта аты қалған батырлардың дәстүрлері бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Бөрілі менің байрағым,

Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер қайдағым, – деп жыр сүлей

Сүйінбай бабамыз текке айтпаған-ау. Баһадүрлер бойындағы батырлық пен өрлік, қайсарлық пен өрлік бөрілі байрағын бөтеннің қолына ұстатып көрмеген [2].

Геральдика ғылымының айтуынша, жалпы рәміздердің тұптамасы жаугершілік заманнан, әскери нышандар мен белгілерден басталары айқын. Кейін өркениеттің даму барысында сол кешегі әскери рәміздер саяси халықаралық құқықтың нормалары бойынша мемлекеттік және әскери рәміздер болып жіктелді. Мысалы, Ресейдің әскери туы әйгілі Андреев туы болса, кейін мемлекеттік ту болып алғашында саудалық ту ретінде танылған – баршаға мәлім үшкөлор бекітілді. Осы орайда бір өкініштісі еліміздің кез келген азаматы мемлекетіміздің рәміздерін жақсы танып білсе, керісінше әскери рәміздерімізді біле бермейді. Ендеше, халықтың патриоттық сезімін арттырудағы ерекше бір құрал ретінде танылған мемлекеттік және әскери рәміздер туралы білімімізді сарапқа салғанымыз артық болмас.

Жалпы әскери рәміздер мен рәсімдерге не жатады және олардың қоғамдағы, отан қорғаушылар тәрбиесіндегі орны мен маңызы қанша? Тәуелсіз Қазақстанның айбынды әскерінің рәміздер тарихы қандай? Бұл – қазіргі замандағы ең көкейтесті сұрақтардың бірі.

Алдымен тарихтағы алғашқы нышандарға тоқталайық. Соның бірі – тотемдік белгілер. Ол әлемнің барлық халықтары арасында кең тараған. Негізінен жануарлар бейнесі кескінделген бұл тұмаршалар, белгілі бір рулар мен тайпалардың ортақ рәмізіне айналды. Олардың қай қоғамдастыққа жататынын сол тұмаршаларға қарап ажырататын болды. Кейінірек көсемдер мен рубасыларының билік белгілері ретінде өсімдіктер, жапырақ, құстың қауырсын қанаты, айрықша әшекейлеп жасалған бас киім және басқа нышандар пайдаланылды. Олардың орнын найза, әшекейлі бақандар мен түрлі темір салпыншақтар басты.

Ұлы Гомер әйгілі Троя шайқасына қатысқан әскерлердің қалқанындағы белгілерді баяндаса, Эсхил жауға қарсы соғыс ашқан жауынгерлердің

қалқанындағы нышандарды талдап жырлайды. Келе-келе, алғашқы әскери байрақтар пайда болды. Темір бақан басына, найзаның ұшына немесе ағаш таяқтарға өздері сиынатын «құдайларының» немесе әулие тұтатын жануарлардың бейнесін іліп шығатын болған. Оларда қанатты Пегас, Минотавр, тасбақа мен үкі бейнелері кездеседі. Кир (XII ғ.) алтын қанатты қыран бүркіт бейнесін жеке таңбасы ретінде пайдаланған деседі. Дегенмен, қазіргі жалаулар мен тулардың түп атасы дерлік алғашқы байрақ көне Азия топырағында, бұрын көшпелі ата-бабаларымыз аралас-құралас өмір сүрген ежелгі Қытай жерінде дүниеге келген деседі. Чжоу әулеті билік жүргізген б.з.д. XII ғасырда желбіреген тұңғыш байрақтар түсі де бізге таныс (ала) болған. Кейіннен ежелгі Үнді жерінде көтерілген қызыл, жасыл түсті әскери байрақтардың ұшы үшкілденіп келетін де, ортасына сары бояумен әр түрлі киелі жануарлардың бейнесі салынатын [3, 22].

Өз тіліміздегі «таңба» сөзі Түркі қағанатында дүниеге келген. Білімпаз Махмұд Қашқари өзінің әлемге әйгілі сөздігінде «*таңба* – *ел билеушілердің ерекше белгілері*» деген. Бұл сөзді бергі он жетінші ғасырға дейін орыс князьдары да пайдаланған. Түркі халықтарының таңбалары туралы деректер V ғасырдан белгілі. Қазақ руларының таңбалары осы күнге дейін сақталған. Таңба белгілер көне ақшаларымызда да көрініс тапқан. Сонау VI-VIII ғасырларда-ақ ру мен ұлыс нышандары айшықталған металл теңгелер шығарылған.

Отырар, Тараз қалаларындағы металл теңгелер шығарған ұстаханалар туралы деректер өте мол. Тік сыңар сызық – қаңлылардың, тік қос сызық немесе қос әліп – қыпшақтардың, сүйір немесе тік қосылған сызықтар – керейлердің, бұрыш бейнелі белгі – наймандардың, дөңгелек – дулаттардың, қос дөңгелек көз – арғындардың, босаға бейнесі – қоңыраттардың, садақ бейнесі – адайлардың, құлақты дөңгелек – албандардың, т.б. ру-тайпалық белгілері болған [4].

Жалпы Қазақстан жерінде қолданылған елтаңбалардың түрлері көп болған, олардың дамуы, жетілуі, әртүрлілігі кезеңдерге байланысты. Елтаңбалар 6 түрге, яғни 6 деңгейге бөлінеді. Алғашқы әлеуметтік, рәміздік (рулық таңбалар), мөрлер, әулеттік, қалалар мен аумақтық және ресми бекітілген мемлекеттік елтаңбалар. Елтаңба, таңбалармен қатар мемлекеттік тудың, әскери тулар мен жалаулардың да маңызы зор.

Ту көтерген батыр бабалар бейнесі сонау ерте замандарда жартаста сызылған суреттерде айқын бейнеленген. Көне ұғымдарды былай қойғанда, аттар бүгінге дейін жеткен Мөде, Бумын және Елтеріс, Жәнібек пен Керей, Қасым мен Есім хан, Тәуекел мен Тәуке, Әбілқайыр мен Абылай сынды ел билеушілеріміздің, қол бастаған баһадүрлеріміздің қай-қайсысының да өз байрағы болғаны мәлім. Байрақтың түсіне келсек, «Көк асаба» аталған көне байрақ түсі ісі түркі халықтарының түп атасы кие тұтқан Көк аспан әміршісінің белгісіне баланса, түркілердің тағы бір табынары – **Көк бөрі** бейнесі де тудағы таңбаға айналған. Қазақ даласында көтерілген байрақ, тулар да бір тектес болмаған, әрине. Ұзақ уақыт бойы арнайы сөз етіліп, қасиетті жәдігер ретінде құнтталмағандықтан, ел ішінде көбіне Абылайдың ақ туы ғана ауызға алынады. Дегенмен, тек төрелер ұстаған тулардың өзі әр алуан болған. Мысалы, араб, парсы, түркі және қытай жазбаларына сүйене отырып, олардың қызыл, көк, ақ, ала тулы

болғанын білеміз.

Ел жадында ерекше сақталған рәміздердің бірі – Абылайдың ақ туы. Ол бір түсті төрт бұрышты ақ мата. Шашақты бауы бар. Қазақтың ұлы туының түсі – Шығыс ғұн (375- 454 жж.), Ақ ғұн (420-562 жж.), Шыңғыс ханның Алтын Орда (1236-1502 жж.) мемлекеттері рәміздерімен реңдес. Ол б.з.д. XII ғасырда дүниеге келген әлемдегі тұңғыш әскери байрақтардың түсіне ұқсас. Ерте замандарда **тубегі деген** ресми атақ, жоғары мәртебелі қызмет болған. Жоңғар жаугершілігіне қарсы алдында бас әмірші болып Әбілқайыр хан, ал тубегілігіне бас сардар Бөгенбай батыр сайланған. Мұндай шешім Ордабасы-дағы ұлы жиында қабылданған. Тубегін тағайындау салты кейін де сақталған. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қаһармандарының бірі Амангелді батыр әскерінің тубегі Қияқбай батыр болған [5, 180-б.].

Бүгінгі кезеңге келсек, **мемлекетіміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты күш – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері.** Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің рәміздері, әскери бөлімдердің туы жайлы терең мағлұматтар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді. Сондықтан алдымен рәміздер мен рәсімдерге тоқтала кетейік.

Әскери рәміздер мен рәсімдер – мемлекеттің Қарулы Күштерінің әскери құрамалары мен бөлімдерінде қабылданған рәміздік белгілер мен дәстүрлі рәсімдер. Рәміздік белгілерге: жауынгерлік ту, жалау, әскери ауыспалы байрақтар, әскери нышандар (символ, таңба, эмблема) және әскери айырым белгілері жатады. **Жауынгерлік ту немесе әскери ту** – әскери бөлімнің рәміздік белгісі. Ол металдан істелген (көбінесе үшкір келетін) ұштығы бар сапқа бекітілген көк түсті матадан жасалады. Жауынгерлік ту жиынға шақыру және әскерлерді біріктіру белгісі ретінде Ежелгі Шығыс, Үндістан, Қытай, т.б. мемлекеттерде ерте замандарда пайда болған. Қазіргі заманғы жауынгерлік ту бөлімге құралып болған кезде ресми түрде тапсырылады. Әр жауынгер өз бөлімінің жауынгерлік туын сақтауға, қорғауға міндетті. Оны жоғалтса, бөлім командирі әскери трибунал сотына тартылады, ал бөлім таратылады. **Жалау** – әскери құраманың немесе әскери кеменің белгілі бір мемлекеттің Қарулы Күштеріне жататындығын білдіретін ресми бекітілген пішіні мен түсі бар, матадан істелген айыру белгісі. Олар өте ерте заманда пайда болып, 16 – 18 ғасырларда түбегейлі орныққан (қ. Байырғы әскери рәміздер). **Әскери айырым белгілері** – әскери қызметшілердің жеке әскери атағын, әскери қызметке қатысты дәрежесін, әскердің қай түріне, тегіне жататындығын білдіретін әскери киімдердегі арнайы белгілер. Оған иықтық белгі (погон), ілгешек-түйреуіш (петлица), эполеттер, жағалық, өңірлік, жеңдік өрнектер (нашивки), жапсырма-сырмақтар (шеврон); баскиімдердегі, иықтықтардағы, түйме мен ілгешек-түйреуіштердегі, эполеттердегі белгілер, жығалар, эмблемалар, т.б. жатады; канттар (басқа түсті матадан тігілетін жіңішке жолақтар) мен лампастар (жалпақ жолақтар) жатады. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің иықтық белгілерінде олардың әскери атақтарына сәйкес, әскердің қайсыбір түріне қатыстылығын білдіретін жолақтар, жұлдызшалар, өрнектер және эмблемалар мен әріптік белгілер болады. **Әскери ауыспалы байрақтар** – әскери құрамалар мен бөлімдерге өзара жауынгерлік жарыстардағы, әскери-қызметтік міндеттерін орындаудағы жетістіктері үшін тапсырылатын мадақ белгісі.

Сондай-ақ, әскери қызмет көрсету де Қарулы күштер салтында қалыптасқан ілтипат білдіру, қастерлеу рәсімі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде шетел мемлекеттерінің жоғары лауазымды басшыларын қарсы алу, шығарып салу салтанатында; Қазақстан Республикасының Президенті әскери бөлімшелерге келген кезде; Ел бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштері мен зираттарына гүлдесте қою сәтінде; Жауынгерлік туды алып шыққанда; әскери қызметкерлерді, сондай-ақ ҚР алдында айрықша еңбегі бар азаматтарды жерлеу кезінде әскери рәсім жасалады. Әскери қызметшілер бір-бірімен жолыққан кезде құрмет көрсетіп, сәлемдесуге тиіс. Әскери құрмет көрсету тәртібі жарғыда, нұсқаухатта және айрықша нұсқауларда белгіленген. ҚР Президентінің 1996 жылғы 20 қарашадағы Жарлығымен Шекара әскерлерінің, Ішкі әскерлердің, ҚР Президенті Күзет қызметінің және Республикалық ұланның бірқатар әскери рәміздері белгіленді [6, 256-б.].

Әр әскери қызметкердің патриотизмі оның өз бөліміне деген сүйіспеншілігінен, бөлімінің жауынгерлік туына адалдығынан, оларды ұрыста табандылықпен қорғауға дайындығынан, халықтың, жауынгерлік дәстүрлеріне адалдығынан, өздерінің күнделікті еңбегі мен даңқты ерліктері арқылы біздің қаруымыздың жауынгерлік даңқын арттырудан көрінеді. Қорытындылай келе, әскери-патриоттық тәрбие беруде қоғамдық ұйымдардың, әр түрлі тарихи-патриоттық клубтардың, мұражайлардың үлесі зор. Біздің ойымызша әр әскери оқу орнындағы

мұражайда ата-бабаларымыздан қалған тарихи жәдігерлер, оның ішінде жеңіске жетелеген байрақтар мен жауынгерлік тулар үлгілерінің көрмесі болса, жастарға берер тәрбиелік тағлымы мол болар еді.

Әскери-патриоттық тәрбие – мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың жастарда жоғары патриоттық түйсікті өз Отанына шын берілу, өзінің азаматтық парызын орындауға дайын болуды құруға бағытталған көп жоспарлы, жүйелі, мақсаты, іс-әрекет. Әрбір жауынгердің патриоттық және интернационалдық міндеті, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан үлесі – бөлімшелерді жауынгерлік дайындықта, жоғары деңгейде ұстау, жауынгерлік шеберлігін жетілдіру, тәртіп пен реттілікті нығайту болып табылатыны сөзсіз.

Біздің Отанымыздың қорғаныс күшін күшейту қажеттілігі идеясы Қазақстан Республикасының әр азаматының қызметі мен жағдайына байланысты екенін жасөспірімнің санасына қоғамдық жұмыстар мен оқудың мәні арқылы жетелеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://aikyn.kz/2017/05/27/14859.html/>
2. <http://zhetyssu-gazeti.kz/news/cat-6/67/>
3. Нурланова К. Символика мира в традиционном искусстве казахов // Кочевники. Эстетика. – А., 1993.
4. <http://kazorta.org/r-mizder-turaly-t-sinik/>
5. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 180-б.
6. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996. – 256-б.

ТУЫ БІР ТҮРКІ ЕЛДЕРІНДЕ

ӘБДІЛДАБЕКТИҢ ЕКІНШІ ӘҢГІМЕСІ ТҮРІКШЕ ШЫҚТЫ


Түркияның астанасы Анкара қаласында Еуразия Жазушылар одағының «Кардеш калемлер» («Қарындас қаламгерлер») журналы шығады. Ол – барлық түбі бір түркі елдерінің бірлігін арттыру, мәдени байланыстарын күшейту мақсатын көздейтін басылым. Осы журналдың биылғы тамыздағы 8-санында Әбділдабек САЛЫҚБАЙДЫҢ екінші әңгімесі жарық көрді.

Бұған дейін әдеби-танымдық «Кардеш калемлер» журналына (№10. 2016) Ә.Салықбайдың «Білінбей өткен бір ғұмыр» деген әңгімесі жарияланған еді. Енді, міне, жазушының «Сұрақты адам» (түрікше «Meraklı ihtiyar») атты туындысы жарық көріп отыр. Аталған шығармаға «өзінің алдағы әр қадамын, әрбір сәтін, минут, секундына дейін алдын-ала кесіп-пішіп, өлшеп-тамап, есептеп қоятын», «қателесуден өле-өлгенше қорқып, ойға алған әрбір мақсатының жәй-жапсарын ішек қырындысына дейін ақтара талдап барып қана әрекетке кірісетін», «пайғамбар жасына келсе де өзінің немересіндей қыздарға «қарындас» деп қырындап жүретін» қалалық қазымыр шалдың күлкілі қылықтары арқау болған. **Әңгімені түрік тіліне аударған – Түркияда туып-өскен, қазір Алматыда тұратын әдебиетші қандасымыз Әмір БІЛГЕН.**

Редакция алқасы.

Қазақ тарихы

№7 (164), қыркүйек, 2018



ШЫҢҒЫС ХАН – ТҮРІК

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
зейнеткер

Б.з.д. 3980 жылғы Ұлы Топан судан 252 жыл өткенде Яфес (Иафет) Нұхұлы дүние салыпты. Топан судан кейін әкесінің нұсқауымен Орталық Азиядағы Еділ-Жайық өзендерінің аралығына жетіп, қоныс тепкен пайғамбардың ортаншы ұлы Яфес жұбайы екеуі ғана ешкім жоқ, иен аймақта жаңа өмір бастапты. Тіршіліктерін жасапты, бала сүйіпті. Осы жерде өткізген 250 жылда екеуінің ұрпағы өсіп-өніп, бір қауым ел болған екен. Яфес өлген соң бұл елдің үлкендері жиылып, енді көшбасшы кім болатынын талқылағанда, Яфес шөбересі Чин өзін тағайындауды сұрапты. Чин – кейінгі қытайлардың түп атасы еді. Бірақ, үлкендер ақылдасып келіп, көшбасшылыққа Яфес шөбересі, Тоқар ұлы Түрікті тағайындаған екен. Бұл – б.з.д. 3728 жыл мөлшері еді.

Түрік 105 жыл билікте болып, өз билігіндегі елін мемлекет етіп құрыпты. Түрік мемлекетінің астанасы болыпты. Ол қазіргі Ыстықкөлдің түбінде қалған шаһар екен. Түрік хан құрған алғашқы Түрік мемлекетіне 5700 жылдан аса уақыт болды. Түрік мемлекеті адамзат тарихындағы ең алғашқы екі мемлекеттің бірі. Ажам (Иран) мемлекеті б.з.д. 3761 жылдан белгілі және алғашқы Түрік мемлекеті б.з.д. 3700 жылдардан белгілі. Ежелгі Египет пен Қытай б.з.д. 3000 жылдардан белгілі. Түрік хан б.з.д. 3623 жылы өлгеннен кейін Түрік мемлекеті үшке бөлініп кетіпті.

1. Шын хандығы (Шань) – қазіргі қытайлардың арғы тегі.

2. Түнік хан елі – қазіргі Шығыс Түркістан, Алтай, Моңғолия жақ.

3. Қайың хан елі (Хакал елі) – Түрік деген атпен Тұранда қалып, Ыстық көлдегі астанасында тұрып, қазіргі Ферғана, Бұхара, Хорасан жерлерінен Алтайға дейін билепті.

Түнік хан әулеті – түрік мемлекеттерін билеген негізгі династия. Түнік ханнан кейін ұлы Елші хан 100 жыл, одан кейін оның ұлы Диббақой хан – 84 жыл, оның ұлы Киік (Күйік) хан 78 жыл, оның ұлы Алынша хан (Алаша хан, Алтыншы хан) 70 жыл билік құрған екен. Қазақ аңыздарындағы атақты Алаша хан осы кісі. **Алаша ханның билік заманын есептесек, мөлшермен б.з.д. 3212 – 3142 жылдар аралығы шығады. Яғни, Алаша хан б.з.д. XXXIII – XXXII ғасырларда билік құрған адам дей аламыз.**

Алаша хан бытырап бара жатқан түріктерді (Иафет ұрпақтарын) бір мемлекетке жинай бастады. Орталық Азиядағы елдерді, Сібір жақты, Байқалдан Тибетке дейінгі елдерді бағындырды. Еділден Байқалға, Тибетке дейінгі жерлер Алаша хан мемлекетінің құрамына кірді.

Алаша ханның тұсында халық өсіп, 600 мыңға жетеді /60 мың түтін. 3. 220-бет/. 600 мың деген сөз содан қалыпты. Түріктердегі сепаратистік әрекеттерді тыю үшін Алаша хан заң шығарды. Ол – «Алаша ханның заң-жобалары» деп аталды. Бұны түріктердегі алғашқы конституция деуге болады.

Бұл заң бойынша әрбір түріктің тегі өзі бағынған билеушісінің атымен аталуы тиіс болды. Алаша ханға қараған барлық түріктер «Алаш» деп аталды. Ұраны да «Алаш» болды. Қазақта бар «*Ұранымыз – Алаш, керегеміз – ағаш*» деген мәтел сөз осыдан шыққан.

Түрік елдерінде бұл заң әлі қолданылады. Мысалы, Оғыз ханға бағынышты түріктер оғыздар деп аталды. Күн ханға бағынған елдер күндер (гүндер, хун, гунн) деп аталды. Сол сияқты, Өзбек хан елі – өзбектер, Ноғай хан елі – ноғайлар, Татар хан елі – татарлар т.с.с. Қазақ тайпалары да ішіндегі атақты бабаларының бірінің атымен аталады. Қыпшақтардың түп атасы Қыпшақ хан, наймандардың түп атасы – Найман, Кіші Жүздің түп атасы – Алшын және кез келген қазақтың руы сол рудың түпкі атасының атымен аталған. Мысалы, Қаракерей, Матай, Садыр, Аталық, Кенже, Қожамбет, Қаратай, Ақнайман, Атақозы, Дәулет, Сырымбет, Жәлменбет, т.с.с. рулар.

Б.з.д. III ғасырда Алаша ханның заң-жобалары ресми түрде тоқтатылды. Бұл кез күн империясының заманы болатын. Заң күшін жойғаннан кейін түріктердің ішінде алауыздық басталып, гүндердің негізгі 24 бектік ұлыстары ыдырап, 54 хандыққа бөлініп кетті. Осы кезден бастап көптеген түрік тайпалары басқадай, өз аттарымен атала бастаған. Мысалы, қырғыз, қыпшақ, ұйғыр, оймауыт, қаңлы, қалаш, торғауыт, қарлұқ, найман, ж.б. бас-басына жеке ел болып құралған /3.227-бет/. Бұл бытыраған күн елдерін б.з.д. II ғасырда Мөде алып тәңірқұт қайтадан күшпен біріктіріп еді.

Алаша ханның егіз туған екі ұлы болған екен – Татар және Моңғол деген. Алаша хан 70 жыл ел билеп, бүкіл түрікті біріктіріп, өлерінде мемлекетін тең етіп екіге бөліп, билігін екі ұлына беріпті. Татар ханның билігіне Тұраннан Алтайға дейінгі ел мен жер тиіпті. Моңғол ханның билігіне Алтай-Саян, Байқал маңынан Тибетке дейінгі ел мен жер тиіпті. Алаша ханның заңы бойынша Татар ханның билігіндегі елдер татарлар деп атала бастайды. Моңғол ханның билігіндегі елдер (түріктер) моңғолдар деп атала бастайды. Осылайша, жарты алаш татарлар деп, екінші жартысы моңғолдар деп аталған. Сонда Тұрандағы елдер, Еділ-Жайықтан Ертіске дейінгі өмір кешкен елдер татарларға жатады. Алтай-Саяннан Амурға дейінгі, Байқалдан Тибетке дейінгі елдер моңғолдарға жатады. **Алаша хан б.з.д. 3142 жыл мөлшерінде өлген және татар-моңғол халықтарының тарихқа енуі осы кезден басталған (б.з.д. XXXII ғасыр).**

Моңғол хан небәрі 9 жыл биліктен соң қайтыс болады. Татар хан моңғолдар елін (моңғол түріктерін) күшпен өзіне бағындырып алады.

Татар хан әулеті 1800 жылдай уақыт билікте болады және осы уақыт бойы моңғолдар татар атанады, моңғол аты шықпайды. Жалпы түрік елі дегенде көбінесе татарлардың аты аталып, басқа елдер Алашты (түрікті) татар деп білген екен. Ерте тарихта моңғол атының кездеспеуі осыған байланысты. Татар хан әулетінің соңғы билеушілері

– Тайынғун хан, Душун хан, Кешул хандар өзара қырқысып, билікке таласып, татарлар әлсірейді. Осыны пайдаланып, бұрынғы Моңғол хан елі татар билігінен шығып, Қара хан Қызылбұға хан ұлы моңғол елінің билігіне тұрады. Бұл мөлшермен б.з.д. 1300 жылдарда болған оқиға.

Қара хан 40 жылдай билікте тұрған деуге негіз бар. Оның ұлы Оғыз хан билікке таласып, әкесімен соғысып, күшпен таққа отырады. Қара хан соғыста алған жарақатынан өледі. Бұл мөлшермен б.з.д. 1260 жылдар шамасы. Оғыз хан татарлармен ұзақ жылдар бойы (73 жыл) соғысып, оларды өз билігіне және Көк тәңірі дініне кіргізеді. Татарларда отқа, пұтқа табыну кең тараған екен. Оғыз хан б.з.д. 1180 жылдарда қытайды, шүршітті және таңғұтты жеңіп, бағындырды.

Осыдан кейін Оғыз хан Тұран жаққа жорыққа шығып, бүкіл моңғол-татар әскерін бастап Бұхара мен Самархан маңын алды. Бұл бұрынырақ Афрасиаб патша билеген жерлер еді. Оғыз хан Кабулды алып, Кашмирге жүрді. Бір жыл соғыстан кейін Кашмир алынды [2.19-бет].

Бір жылдан кейін Оғыз хан Иран жаққа жорыққа шықты Жейхундариядан өтіп Хорасанға кірді. Иран шахы Гуштаспты жеңіп, Ажамды (араб-парсы) бағындырды. Ирак пен Шамды алып, Мысырға дейін жетті. Мысыр перғауыны көп сыйлықпен қарсы алып, соғыс болмай, Оғыз хан кері бұрылды.

Оғыз хан Кавказ елдерін де бағындырды.

Оғыз хан 116 жыл патшалық етіп дүниеден өтеді. Оның билік заманы мөлшермен б.з.д. 1260-1140 жылдары. Оғыз ханың алты ұлы болған. Үш үлкен ұлын Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хандарды “Бұзок” деген ат беріп, түрік билеуші әулеттері етіп тағайындайды. Үш кіші ұлдарын – Көк хан, Тау хан, Теңіз хандарды “Үш оқ” деп атап, үлкен ұлдарына адал қызмет етуді тапсырады. **Қыпшақ – Оғыздың асырап алған баласы, оған империясының батыс бөлігін билеп, қорғауды тапсырады** (Еділ, Дон өзендері, Қондыгер Қобан жері). Бұл жерлер Дешті Қыпшақ атанды.

Оғыз хан өлген соң түрік (немесе оғыз) империясының тағына Күн хан Оғыз ұлы отырды. Ол 70 жыл патшалық етіп, б.з.д. 1140 – 1070 жылдарда билік құрды. Күн хан билігі кезінде түріктер «күнгер» деп аталды. Шәкәрім Құдайбердіұлының деректерінде былай делінген:

«хижрадан 2819 жыл бұрын (б.з.д. 2197 жыл – Қ.Ж.) қытайдың солтүстік жағында тукю халқы (түркү) бар екендігі мағлұм болған. Мұнан 1081 жылдан соң хун атанған түріктер Қытайға қарадық деп, Уаң нәсілінен Юдаң хан болған кезде хундар бұзылып, Қытайдың Шәнси деген уәлаятын шапқан» [4.7-бет].

Жоғарыда көрсетілгендей түріктер 1081 жыл өткенде яғни б.з.д.1116 жылы хун (күн) атана бастаған. Бұл кез Күн ханның билік заманында болған. Күн хан билікке б.з.д. 1140 жылдарда тұрды. Яғни, түріктердің (оғыздардың) хун (күн, гүн) атана бастауы Күн ханның атымен байланысты.

Күн ханнан кейін татар-моңғолдарға бес хан билік жүргізген олар: Ай хан Оғыз хан ұлы, Жұлдыз хан Оғыз ұлы, Меңлі хан Ай хан ұлы, Теңіз хан Жұлдыз хан ұлы және Жел хан (Илхан) Күн хан ұлы (әулеті).

Бұл хандардың тұсында түрік халқы (гүндер) толқумен болып, ақыры Жел хан тұсында гүндерден татарлар бөлініп шығады.

Қ.Жалаиридың “Шежірелер жинағында моғолдар (моңғолдар) үш бөлек болған деп көрсетеді” [8. 25-бет].

1. Әуелгі (алғашқы) моғолдар – жалайыр, иссунит, меркіт, күрлеуіт, тамғалық, тарғұт (торғауыт), ойрат, барғұт (байырқы), құры, тулас, тума, бұлғашын, кермучин, орасут, төлеңгіт (телеңут) кестеми, ориаңқа (ұраңқай), құрқан (қурықан), суқаниа.

Кейбір болжамдар бойынша байырқы тайпасы арғын, найман, керей тайпаларының шыққан тегі, қурықан тайпасы хакастардың (қырғыздардың) арғы тегі, қурықан курумчи деп те аталады; Әуелгі моңғолдар Алаша хан заңы тоқтатылғаннан кейін (б.з.д. III ғ.) өздерінің моңғол елінен екенін естен шығарып, жалпы түрік ішінде өмір кешкен елдер.

2. Екінші бөлек моғолдар – керейт, найман, оңғұт, таңғұт, бекрин, қырқыз. Екінші бөлек моғолдар б.з.д. III – ғасырда, Алаша хан заңы тоқтатылып, гүн мемлекеті ұсақ хандықтарға ыдыраған кезде шыққан, өздерінің моңғол елінен екендігін естен шығарып, басқадай аталып кеткен елдер.

3. Үшінші бөлек моғолдар – Еркіне Қоннан шығып келген моңғолдар – қият және нүкуз тайпаларына жататын рулар – қоңырат, икирас, олқунут, құрлас, елжигин, қоңлиут, ордаут, қоңқұтан, арлат, келкунут, нунжин, ушин, сулдус, елдуркин, баяуыт (баят), кеңгит. Бұл моғолдар өздерінің моңғол елінен екендігін естен шығармай келген нағыз моңғолдар болып табылады.

Осы үшінші моңғолдардың қият тайпасы құрлас руының Ашина (Бөрте Шина) тармағынан шыққан Алан құба сұлудан нағыз моңғолдар болып табылатын нирун қауымы (моңғолдары) тарайды. Бұлар Шыңғыс ханның туған елі. Нирун қауымына – қатақин, салжиут, тайжиут, сижигут, аритакан, чинос және урут, маңғыт, дүрбіт, барын, барлас, һадаркин, журиат, будат, дуқлат (дулат), иусут, суқан, қыңқият рулары жатады.

Осы нируандардың түп аталары – Алаң құбаның құдайдың құдіретімен соңғы (әкесіз) туған үш ұлдары Бұғун қатақи, Босқын салжы, Будыңжар мұнақ болып саналады.

Будыңжардың 10-шы ұрпағы болып 1162 жылы Онон өзенінің жағасында, Делигун Болдук деген жерде Есугей батырдың үйінде болашақ жиһангер Темучин (Шыңғыс хан) туды. Шешесі қоңырат қызы Әуелун сұлу. Шыңғыс ханның ата-бабаларының таралу схемасы келесі бетте.

Алаң құба ананың 13-атасы Бөрте Шина болады, ал өзінің әкесі Хорилартай мерген, шешесі Барғұжын сұлу.

Оның әкесі – Жұлдыз хан.

Әкесі – Меңліқожа хан.


Әкесі – Темірташ хан.

Әкесі – Қалмаш хан.

Әкесі – Самсаушы.

Әкесі – Бөкебен дүр.

Қият, құрлас Бөрте Шинаның ұрпағы – **нирундар** Алан Құба (Алан Гоа)





ҚИЯТ-БОРЖИГИНДЕР

- Әкесі — Қожым Бурыл.
Әкесі — Қорышар мерген.
Әкесі — Тимаш хан.
Әкесі — Бешін Қиян.
Әкесі — Қоймарал.
Әкесі — Бөрте Шина (Ашина) - 400-жылдар.
.....
Әкесі — Қиян - б.з.д. I ғасыр.
.....
Әкесі — Ел хан (Жел хан, Илхан) - б.з.д. VIII ғасыр.
.....
Әкесі — Күн хан - б.з.д. XII ғасыр.
Әкесі — Оғыз хан - б.з.д. XIII - XII ғасыр.
Әкесі — Қарахан - б.з.д. XIV ғасыр.
Әкесі — Қызылбұға хан
Әкесі — Ғарбұға хан.
Әкесі — Тумаш хан.
Әкесі — Құр хан.
Әкесі — Бодық хан.
Әкесі — Тұғыр хан.
Әкесі — Құтлық хан.
Әкесі — Қимаш хан
Әкесі — Оғұз хан
Әкесі — Құрақ хан
Әкесі — Сүйініш хан
Әкесі — Тақой хан
Әкесі — Моңғол хан — б.з.д. XXXII-ғасыр.

Моңғол хан Қара ханның 18-атасы делінеді түрік тарихшыларының еңбектерінде /3.221-бет/. Мұндағы тізімде 5 атасы жазылмай қалған.

Сонымен, Алан Құбаның 13 атасы Бөрте Шина. Ол — гүндер қытайлар, татарлар және үйсіндерден жеңіліс тапқанда (б.з.д. I ғ.) Гаочан тауындағы Ер-

кіне Қон деген жерге қашып барып тығылған Қиян деген кісінің тұқымы. Ал, Қиян мен Нүкүз Ел ханның нәсілінен шыққан гүн билеушілерінің балалары еді дейді шежіреде /2.45-бет/. Ел хан Күн ханның әулетінен /3.222-бет/. Күн хан Оғыз ұлы Қара ханның немересі. Қара хан жоғарыда көрсетілгендей Моңғол ханның 18-нәсілі. Моңғол хан мен Татар хан Алаша ханның ұлдары. Алаша хан Түрік ханның бесінші буындағы шөбересі.

Келтірілген тізбе бойынша біз Шыңғыс ханнан бастап Алаша ханға дейін, одан әрі Түрікке дейін туған ата-бабаларын тізіп шықтық. Яғни, Шыңғыс ханның Түрік нәсілінен екендігі күдіксіз дәлелденді деп айта аламыз. Түрік хандарының бәрі Алаша ханның әулетіне жатады деген түрік тарихшыларының ұстанымы ақиқат екен. Шыңғыс хан да Алаша ханның әулеті, түптің түбінде Түріктің тұқымы болып шықты.

Көпшілікке белгілі Шыңғыс ханның ата-бабаларының тізбегін қысқаша былай келтіруге болады:

Хронологиялық кесте

Аты-жөні	Қосымша мәліметтер	Заманы
Түрік хан — алғашқы		
Түрік мемлекетін құрған билеуші		б.з.д. XXXVIII ғ.
Алаша хан — Алаш империясын құрған билеуші		б.з.д. XXXIII — XXXII ғғ.
Моңғол хан — моңғолдардың алғашқы ханы		б.з.д. XXXII ғ.
Қара хан — моңғолдардың екінші ханы		б.з.д. XIII ғ.
Оғыз хан — Түрік (Оғыз) империясын құрған билеуші		б.з.д. XIII — XII ғғ.
Күн хан — Гүн (Ғұн) империясының алғашқы билеушісі		б.з.д. XII- XI ғғ.
Жел хан (Ел хан) — Гүн билеушісі		
Күн хан әулетінен		б.з.д. VIII ғ.
Қиян — қият моңғолдарының түп атасы, Ел хан әулетінен.		б.з.д. I ғ.
Бөрте Шина — моңғолдарды Еркіне қоннан шығарған билеуші		б.з. IV ғ.
Алан Құба — нирун моңғолдарының түпкі анасы		б.з. VIII ғ.
Боданжар (Будыңжар) — қият-боржигиндердің түп атасы		б.з. VIII ғ. мөлшері.
Қабыл хан — моңғолдардың ханы		б.з. XI ғ. мөлшері
Есугей баһадүр — моңғол билеушісі, батыры		б.з. XII ғ.
Темучин (Шыңғыс хан) — татар-моңғол империясын құрушы қаһан		1162-1227 жж.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ совет энциклопедиясы. А. 1977.
2. **Әбілғазы.** Түрік шежіресі. А. «Ана тілі» 1992.
3. **Құрбанғали Халид.** Тауарих Хамса. А. «Қазақстан» 1992.
4. **Шәкәрім Құдайбердіұлы.** Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. А. «Ол-Жас» 2004.
5. **Л.Н.Гумилев.** Хундар. А. «Қазақстан» 1998.
6. **Л.Н.Гумилев.** Көне түріктер. А. «Білім» 1994.
7. **Лувсанданзан.** Алтын шежіре. А. «Өнер» 1998.
8. **Қадырғали Жалайыри.** Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» 1997.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

БАТЫС АЛАШОРДА КӨСЕМІ ҒҰБАЙДОЛЛА ӘЛІБЕКОВ: Кеңес дәуіріндегі қызметі

Болат ҚАБДӨШЕВ,
Алматы энергетика және байланыс университеті
Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты



Ғұбайдолла Әлібеков – ХХ ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының ортасында қоғамдық белсенділігімен едәуір танылған, өмірі қайшылыққа толы тұлғалардың бірі. Оны жақсы білетін қызметтес замандасы Бақытжан Қаратаевтың «ақтың шпионы» деп атауы да себепсіз емес-ті. Шынында да Ғ.Әлібеков ақ патшаның тұсында болыс болса, уақытша өкіметтің кезінде

алаштың ісіне белсене араласты. Кеңес өкіметі орнаған соң Қазақ өлкесін басқаратын төңкеріс комитетіне мүше болып енді. Көп кешікпей жаңа құрылған қазақ Автономиялық республикасының тұңғыш Әділет халық комиссары міндетіне тағайындалды.

Әлібеков жайында санаулы әдебиеттерде қысқаша ғана мағлұматтар кездеседі. Оған бағытталып бірде-бір арнайы еңбек немесе өмірбаяндық анықтама жазылмаған. Сондықтан қолымыз жеткен деректерге сүйеніп оның өмірбаянын жазып шықтық.

Ғұбайдолла Әлібеков 1870 жылы Орал өңірінде дүниеге келген. Әуелі ескіше хат танып, сонан соң мұғалімдер семинариясын тәмамдайды. Алғашқы қызметін Орал уездік полиция басқармасында тілмаш болудан бастайды. Мұнда жүргенде оның сол заманның саяси-әлеуметтік астары жайында түсінігі қалыптасып, қағамдық-саяси ой-өрісі кеңейеді. Кейіндері бірнеше жыл қатарынан Ойыл және Соңалы болысының басқарушысы (волосной управитель) болады [1].

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін біршама жасты алқымдаса да Оралдағы «алаштың ісін» жандандыруға кіріскен Қалел, Жанша Досмұхамедовтармен үзеңгілес болады. Бұл жайды Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешуінде» былайша бейнелейді: «...қарап тұрсаң съезге Орал губерниясының қазақтарының ылғи оқығандары, байлары, «қаймағы» жиналған. Ылғи «қасқа мен жайсаң». Съезді меңгеріп отырған барлық Қазақстанға белгілі, зор оқығандар: Қалел Досмұхамедұлы, Жанша Досмұхамедұлы, Ғұбайдолла Әлібекұлы, тағы да басқа көп зор оқымыстылар...» [2]. Өңгіме, 1917 жылдың 19-22 сәуіріндегі Орал қаласындағы 800 делегат қатысқан қазақ съезі жайлы болып отыр. Съезді ұйымдастырып, оған төрағалық еткен де Ғ.Әлібеков еді. Ол съезді кіріспе сөзбен ашып, уақытша облыстық қазақ комитетін құру, оның төрағасын, екі орынбасарын, үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасайды. Сондай-ақ оның «күн тәртібіндегі алғашқы үш мәселені: мемлекеттік басқару формасы туралы; уақытша үкіметке көзқарас

жайында, соғысқа қатынасу қақындағы мәселелерді талқылаудан бастау жөніндегі ұсынысын съезд қабыл алады» [3]. Бұл оқиғалар Әлібеков Ғұбайдолланың қазақ қоғамын өзгертіп, дамыту туралы өзіндік толысқан ой-пікірінің, оны жүзеге асыру жолында ерен күш-жігерінің болғандығын көрсетеді.

Ғұбайдолла Әлібеков Батыс Алашорда ұйымында Жанша және Қалел Досмұхамедовтармен кейбір мәселелер бойынша келісімге келе алмады. Мысалы, «алашқа» жиналатын салықтың мөлшерін «байларға байша, кедейлерге кедейше» салу керек деген ұсынысы талқыға түскенде жанжал туатыны бар. Бұл жікшілдік оның көп кешікпей большевиктерге қосылуына алып келеді. Әрине, Бақытжан Қаратаевтың «Әлібековтер шын ниетімен коммунистікке өткен жоқ» деуінде шындық та бар. Большевиктермен «ымыраға» келе отырып, жеңілісінің нәтижесі ретінде қабылдаған болу керек. Оған негіз боларлық оқиғаның бірі – 1920 жылдың 11 қаңтарында өткен Ақтөбедегі Қазақ ұлттық конференциясын алайық. Жиынға Торғай, Орал, Ақмола, Сырдария, Ферғана және Закаспий облыстарынан 250 делегат қатынасыпты. Бас қосуда қабылданған маңызды қарарлар: кеңес өкіметіне қолдау көрсету, Қызыл әскерді құру, қазақ облыстарын бір Кеңестік республикасының қоластына біріктіру жайлы болған. Сол жиынға қатынасушылардың бірі қызу, тартысты сәттерді былайша еске алады: «Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ревкомның міндеті жайлы менің баяндамам болатын... Оңшылдарға қарсы күресте біз Әйтиев, кіші Әлібеков (Әлиаскар – Б.Қ.), Мырзағалиев сияқты солшылдарға да, тамаша дипломатиялық қабілетінің арқасында орта топты (центристерді) шебер басқарған үлкен Әлібековке (Ғұбайдолла – Б.Қ.) сүйендік. Оңшылдар Орынбордың Қазақстанға қосылуына қарсы болатын және олар реформалардың кез келген түрлеріне қарсы шықты. Бұл жиында біз бір ғана – қалың малды жою туралы заңды қабылдай алдық» дейді [4]. Бұл жайлар Ғ.Әлібековтың большевиктерге бір табан жақындай түскенін көрсетеді. Сөйтіп, қазақ ревкомының 1920 жылғы 5 сәуірінде өткен Кеңесінің хаттамасында «Қазревкомының шақыртуымен келген Ғ.Әлібеков ревком мүшелігіне қабылданды» деген жолдар бар [5]. Бір қызығы, осы Кеңестің қараған бірінші мәселесі бойынша Қалел және Жанша Досмұхамедовтер бастаған Батыс Алаш тобының 5 өкілі Ресейге жер аударылғандығы жайлы шешім шығарылды...

Ғұбайдолла Әлібеков ревкомда көптеген міндеттерді алып жүрумен қатар, қоғамдық жұмыстарды атқаруға құлшына кіріседі. Қысқа мерзім ішінде елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге, жалпы қазақ съезін шақырудың дайындық ісіне, Ақмола, Ақтөбе, Адай уездеріндегі төтенше оқиғаларды тексеруге атсалысып, үздіксіз жол сапарларға шығып отырады. 1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиясы жайлы декрет жарияланып, бірнеше халкоматтармен қа-

тар сот ісін ұйымдастырып, басқару мақсатында Әділет халық комиссариатын құру белгіленді. Сол жылдың 14 қыркүйегінде өткен ревком кеңесі алғашқы жалпықазақ съезі қарайтын күн тәртібін бекітіп, кезекті мәселелер барысында Ғұбайдолла Әлібековке Әділет бөлімін басқаруды тапсырады. Ал, Әділет халық комиссариатының бұйрықтарын тіркейтін кітапшада ол қыркүйек айының 24-інен бастап «Әділет халық комиссары Әлібеков» деп қол қоя бастаған. Комиссариаттың бірден қолға алуға тиісті міндеттері: халық соттары мен революциялық трибуналдардың ұйымдық жұмыстарын бағыттау, тергеу, айыптау, қорғау ісін дұрыс жолға қою, басшылыққа алынатын нұсқаулар даярлау, т.б. еді. Жалпықазақ съезіне дайындық ретінде ол басқарған әділет секциясы «Қазақ Республикасындағы сот құрылысының негіздері» деген құжат дайындады. Сот қызметін ұйымдастыру барысында оның барлық территориядағы біркелкілігі, қалың бұқараға жақын болуы, сайланып қойылуы және істің шешілуі басты принцип болып жарияланды.

1920 жылдың 4-12 қазанында Орынборда өткен Құрылтай съезінде Әділет секциясының республикада сот ісін ұйымдастыру жайындағы баяндамасы тыңдалып, қызу пікірталас туғызды. Нәтижесінде, сот құрылысы туралы қаулы қабылданды. Жүзеге асырылуға тиісті мынандай шаралар белгіленді: сот құрылысы барысында жергілікті тұрғындардың құрамына байланысты орыс және қазақ бөлімдерін құру, мұндағы сот ісі мен сот тілі халыққа түсінікті тілде жүргізілуі тиіс, халыққа жақын болу мақсатында шалғай жерлерді үздіксіз қамтамасыз ететін жылжымалы халық сотын құру, халық әділқазысының науқастануы, демалыста, иссапарда болған кезінде оларды алмастырып отыратын запастағы халық әділқазысы жүйесін қалыптастыру, халық әділқазылары істі шешу барысында жарияланған заң ережелеріне, сондай-ақ кеңес өкіметінің принциптеріне қайшы келмейтін өміршең салт-дәстүрлерге сүйенеді деп, атап көрсетілді. Сондай-ақ сайланып қойылатын тергеушілер институтын құру, халыққа өз құқықтарын білу бағытында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру сияқты көптеген мәселелерді өмірге енгізу міндеттелді.

Ғ.Әлібековтің Әділет халық комиссариатын басқарған тұстағы жүргізген жұмыстары үш бағытта айқын көрінеді: біріншіден, кеңес өкіметі саясатының ерекше мәнін бейнелейтін заңдарды жариялау; **екіншіден,** қылмыспен күресудің жаңа негізін қалыптастыру; **үшіншіден,** халық соттары мен революциялық трибуналдардың ұйымдық жұмысына бағыт-бағдар беріп отыру.

Қазақстанның Автономиялы республика болып құрылуына орай 20 қазанда 1920 жылы амнистия жарияланды. Қаулыға қажетті түсініктеме беріп, жүзеге асырылуын қадағалау Әділет халық комиссариатына жүктелді. Түсініктеме-нұсқау әу дегеннен-ақ «Алашорда жағында болғандар, ақ гвардия авантюрасына қатысқан еңбекші қазақтар кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырамайды» деп басталды [6]. Алаштың ортасынан келген Ғұбайдолла Әлібековтың бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен көңіл бөлгендігі өз-өзінен түсінікті. Қамауда сарғайған сан мыңдаған адамдардың тағдырын шешуде тексеруші комиссиялардан әр істің объективті және субъективті жақтарын таразылап, тіпті босату мүмкін болмаған жағдайда еңбекпен түзеу орындарына жіберу талап етілді. 10 баптан тұратын аталмыш нұсқаудың соңында Әділет халық комиссары Ғ.Әлібековтың қолы қойылған. Сондай-ақ ол қалың малды жою, құн заңын жою, барымтаға қарсы күрес шаралары сияқты

алғашқы Қазақ Орталық Атқару комитеті жариялаған декреттердің жобасын дайындауға басшылық жасады. Сол деректердің мұрағатта сақталған түпнұсқалары мен оған берілген түсініктемелердің бәрінде Әлібеков Ғұбайдолланың қолтаңбасы сайрап тұр.

Әділет халық комиссариатының бұйрық кітапшасынан байқағанымыз, Ғ.Әлібеков кабинеттің адамы болмаған. Оның Ақтөбе, Орал, Адай уездерінде орын алған түрлі оқиға, қылмыстардың себебін анықтауға өзі барып, істің дұрыс шешілуіне бар күшін салып отыруы, тәжірибелі заң мамандарының тапшылығынан да туындаған болуы керек. Мысалы, Ғ.Әлібековтың адайлар мен қызылдар арасындағы қанды оқиға мәселесімен жүрген сәтіне ревком мүшесі Лежавамен жазысқан хаттары куә. «Аса қадірлі Ғұбайдолла» деп басталатын хаттардың өн бойында қиын-қыстау сәттерде бір-біріне деген сый-құрметті жоғалтпай, ақыл-кеңес, өтініштер жарасымды жеткізіліп отырғанына төнті болды. Лежаваға Ойылдан жазылған хатты жеткізуші Сәлімгерей Қаратілеуов туралы Ғұбайдолла: «Бұл жастың іске беріктігі, тамаша білімі бар» дей келіп оны жоғары қызметке баулуға болатындығын сендіріп, қамқор болуды өтінген еді. Көп кешікпей С.Қаратілеуов жер шаруашылығы саласында ірі маман ретінде өсіп, мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Бұл деректер Ғ.Әлібековтың азаматтық қырларын аша түскендей.

Ақмола, Семей, Қостанай, Орал, Орынбор губернияларының территориялық бірлігінің нығаюы нәтижесінде халық соттарын ұйымдастыру жандана бастады. 1920 жылдың соңында республика аумағында 231 сот және 111 тергеу учаскелері құрылған болатын [7]. Алайда, 24 сот 17 тергеу учаскелері мамандардың тапшылығына байланысты толыққанды жұмыс жүргізе алмады.

Әділет халық комиссариатын қыруар ұйымдық жұмыстар күтіп тұрған еді. Өкінішке орай, Ғұбайдолла Әлібеков басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе алған жоқ. Азамат соғысы жағдайында, аштық пен ауру жайлаған тұстағы ауыр жұмыс пен ұзақ жолдар оның денсаулығын әбден титықтатты. 1921 жылғы наурыз айындағы №77 бұйрығында ол: «Денсаулығымды түзету әрі Орал аймағында халық соттарын құру ісіне көмек беру үшін жол жүруіме байланысты Әділет халық комиссары міндетін уақытша атқаруды Әлеуметтік қамсыздандыру комиссары Арғыншиевке тапсырамын» деп қол қойған. Бұйрықта көрсетілгендей, Ғ.Әлібеков денсаулығының нашарлауына байланысты демалыс алады. Алайда, ол бұдан былай қызметіне қайтып орала алмады. 1923 жылы туған елінде қайтыс болды.

Батыстағы Алашорда қозғалысында ықпалы күшті болған Ғ.Әлібеков Кеңес билігімен ымыраға келген алаш қайраткерлерінің бірі еді. Ол 1920 жылы құрылған Қазақстан Автономиялы республикасының тұңғыш Әділет халық комиссары болды. Ол жаңа құрылған комиссариат қызметінің негізін қалаумен қатар, алғашқы декреттердің өмірге келуіне ат салысты. Халқына барынша әділ қызмет етіп, тарихта өз атын мәңгіге қалдыра білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 140-қор, 1-тігін, 11-іс, 13-15-пп.
2. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Ал., 1961. – 66-б.
3. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. – Ал., 1995. – 99-100-бб.
4. Советская степь. – 1927. – 4 октября, №227.
5. Протоколы заседании Кирревкома... – А., 1986. – С.37.
6. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 5-қ., 1-т., 26-іс, 11-12-пп.

ӘӨЖ 930 (574)

АРХЕОЛОГ-ҒАЛЫМ АБДУЛМАНАП ОРАЗБАЕВ*

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры



А.Оразбаев. 1980 жыл.

Елбасы «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [1], – деп қадап айтты. **Туған өлке қоғам қайраткерлерінің тарихи-саяси қызметтерін зерттеу сол кодты сақтап қалу ғана емес, болашаққа жеткізудің тәсілі деп санаймыз.** Оның үстіне бұл – толыққанды ашылмаған тақырып. «Өркениетке, кемелділікке қол созған ел ешқашан бүгінді ғана місе тұтқан емес, өткен тарихтың қатпар қойнауына кеткенімен, ол бүгінмен, болашақпен өмір бойы сабақтасып, өркені үзілмей жалғасып жатады. Тарих ғылымының өресі мен мәдениетінің қалыптасуы деректерді толыққанды игерумен айқындалады. Бүгінде адамзат сан алуан, күрделі кәсіпті игерді, талай құпиялардың сырын ашты. Бірақ қиынның қиыны – өзіңді тану. Өзіңді тануды ұлттық зиялыларды танудан бастасақ, тар жол, тайғақ кешуге ұшырамай, ұлы көштен өз орнымызды табарымыз сөзсіз» [1]. Өзімізді тану – елінің ертеңі, жерінің тұтастығы мен халқының игілі үшін күрескен тұлғаларды білу деген сөз. **Сондай тұлғалардың бірі – Абдулманап Медеуұлы Оразбаев.**

Алматы қаласы Орталық мемлекеттік архивінде А.Оразбаевтың жеке тектік қоры сақтаулы. Қор 1994 жылы құрылған, алайда оның құжаттары ғылыми айналымға түспеген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын «Оразбаев оқулары» өткізіліп тұрады, алайда ғалымның өмірі мен қызметі толық әрі кешенді түрде зерттелмеген.

Абдулманап Оразбаев – қазақтан шыққан

*Мақала АР 05134617 Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (XX ғ. – XXI ғ. басы) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

тұңғыш археолог ғалым. Ол Қазақстандағы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеген. Бүкіл өмірін археологияға арнаған. А.Оразбаев 1922 жылы 20 шілдеде бұрынғы Семей облысы Абай ауданында Шұнай бекетінде дүниеге келген. Оның шыққан тегі қазақ тарихындағы белді тұлға Құнанбай Өскенбайұлы екендігін біреу білсе, біреу біле бермейді. Абдулманаптың ататегін өз қолымен сызып көрсетуі бойынша, ол Медеудің ұлы, ал Медеу Оразбайдан туған, Оразбайдың әкесі Құнанбай. Сонда ол – Мұқтар Әуезовтың «Абай жолындағы» атақты Оразбайдың немересі. **Генеологиялық шығу тегін көрсетсек, мынадай: Құнанбай – Оразбай – Медеу – Абдулманап. Медеуден үш ұл туылған: Қабыш, Сәнияз, Абдулманап [2].**

Абдулманап үйде өз бетімен оқып, хат таныған. Төте жазумен оқуға, жазуға үйренген. Сауат ашуына септігін тигізген дана Абайдың жиен қарындасы Ақида – Абдулманаптың үлкен ағасы Сәнияздың жұбайы.

1931 жылы Абдулманап Медеуұлының үлкен ағасы Қабыш Том қаласындағы медицина институтын бітіріп, бұрынғы Талдықорған облысының Айнабұлақ станциясына көшіп келген. Осы жерде Қабыш және оның жұбайы Мәрия Федорқызы дәрігер болып жұмысқа орналасқан. Айнабұлақ станциясында Абдулманап Медеуұлы орыс мектебінің 1-сыныбын оқып бітірген. 1932 жылы Қабыш, Мәрия, Абдулманап және аналары Қасежан да Алматы қаласына қоныс аударған. Қабыш пен Мәрия Алматыдағы №1 қалалық ауруханаға қызметке тұрған. Кейіннен Алматы медицина институтында дәріс оқыған. Осы жылдары Қабыш Медеуұлы академик Сызғановтың емханасында жұмыс жасаған. **Өкінішке орай олардың әкелері Медеу туралы ақпарат сақталмаған.** Медеу Оразбайұлының тағдыры жұмбақ күйінде қалып отыр. Ағасы Сәнияз туралы да көп айтылмайды. Бай тұқымынан болған соң атасы Оразбайды, әкесі Медеуді ауыздарына алуға жасқанып, өздерін бай-манаптар әулетінің өкілдері ретінде жасырғандары шындық.

Олай дейтініміз, ұстазым – Абдулманап Медеуұлымен бірге 1978 жылы Ақтөбе деп аталатын жерге (Баласағұн қаласының орны деп те атайды) археологиялық тәжірибеден өтуге барған кезімізде әңгімелесуші едік. Сонда әкесі, анасы, жұбайы, баласы туралы сұрайтынбыз. Жауап орнына ұстаз иті мен мысығы жайлы айтатын еді. Осының өзі көп жайтты аңғартса керек. Сол кезде оған пәлендей назар аударып, мән бермейтін едік. Кейін «үй жануалары туралы әңгіменің» астарын түсіндік. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, Абдулманап Медеуұлының жұбайы Наталья Андрейқызы тарих ғылымдарының кандидаты, Орталық Қазақ музейінің қызметкері болған.

Абдулманап Алматыдағы №8 орта мектепті

Қазақ тарихы


№7 (164), қыркүйек, 2018

бітірген соң 1940 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсті. Сол кездегі кеңес халқының, соның ішінде қазақтардың сорына қарай 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия КСРО-ға соғыс ашқаны мәлім. Ер азаматтар соғысқа шақырылып, енді біреулері өз еркімен соғысқа аттанады. Абдулманап та 1941 жылы 13 желтоқсанда әскерге шақырылып, 1942 жылы наурызда Омбыдағы Фрунзе атындағы әскери училищеге оқуға жіберіледі. 1942 жылы тамыз айында училищеден 45-ші Щорс атқыштар дивизиясына аттанады. Абдулманап Медеуұлы бұл дивизияда 110-полкте пулеметшілер взводының 3-ротасында қызмет атқарады. 1942 жылы қазан айында Щорс атқыштар дивизиясы Сталинградты қорғауға қатысты. Сталинград түбіндегі шайқаста Абдулманап ауыр жарақаттанып, госпитальға жіберіледі. Госпитальдан шыққан соң 63-кавалериялық дивизияның 5-ші Дон Қызыл Ту орденді Қазақ корпусының құрамында Украинаны, Молдавияны, Румынияны, Венгрияны азат етуге қатысып, Австриялық Альпіге дейін жетіп, Жеңіс күнін қарсы алды. 1945 жылдың мамырынан 1946 жылдың ақпан айының соңына дейін кеңес әскері қатарында қызметте болды. Осылайша 1946 жылы оқуын жалғастыру үшін Алматыға қайтып келді. Алайда 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінен Ленинград мемлекеттік универ-

ның жетекшісі профессор А.И.Бернштам бастаған қазба жұмыстарына қатысты. Архивтегі А.Оразбаевтың жеке тектік қорында осыларды дәйектейтін құжаттар сақталған. Құжаттың алғашқысы аспирантурада оқып жүргенде практикант ретінде Абдулманап Медеуұлының Оңтүстік Қазақстан экспедициясына қатысқанын көрсетсе, екіншісі Шығыс Қазақстанның шеткері ауданында қазба жұмыстарын жүргізгендігі туралы ақпарат береді.




СССР Ғылым Академиясы археология институтының аспиранттары. Солдан оңға қарай: тәжік (есімі көрсетілмеген), қырғыз – Ислам Қожамбердиев, Абдулманап Оразбаев [6].



ситетінің тарих факультетінің археология бөліміне ауыстырылады. Ауыстыруды дәйектейтін №19 куәлік 1948 жылы 12 қазанда берілген [3].

Студент кезінің өзінде-ақ Абдулманап археологиялық экспедицияларға қатысып, университетте алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып отырды. Осы туралы архив қорындағы мына бір құжаттың тарихи маңызы өте зор. Бұл құжатқа археологтарға танымал, қорықпай ғалым А.П.Окладников қол қойған.

1951 жылы 29 қыркүйекте Қазақ ССР Ғылым Академиясына қарасты Тарих, археология және этнография институты Ленинград мемлекеттік университетіне хат жазып, А.Оразбаевты оқуын тәмамдаған соң жас маман ретінде өздеріне қызметке жіберуін өтінген. Ректордың атына жазылған қатынас қағазға ҚазССР ҒА Президиумы бас ғылыми хатшысы, Ғылым Академиясы мүшесі Л.В.Сокольский қол қойған [4]. 1952 жылы университетті үздік бітірген А.Оразбаев СССР Ғылым Академиясы тарих институтының материалдық мәдениет бөліміне аспирантураға қалдырылады. Аспирантурада оқып жүріп Обь археология экспедициясының жетекшісі профессор М.П.Грязнов, Шығыс Қазақстан археология экспедициясының жетекшісі С.С.Черников, Оңтүстік Қазақстан археология экспедициясы-



А.Оразбаевқа берілген анықтамалар. 1951-1952 жж. [5].

1957 жылдан бастап ұзақ уақыт Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясында академик Ә.Х.Марғұланның орынбасары болып қызмет атқарды.

1958 жылы А.Оразбаев «Қола дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан» тақырыбында археолог-ғалым М.П.Грязновтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. №282, яғни Абдулманап Медеуұлы Оразбаевтың қорында тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу



Суретте: Солдан оңға қарай тарих ғылымдарының кандидаты, археолог, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері Таисия Николайқызы Сенигова, академик Әлкей Марғұлан, археолог Абдулманап Оразбаев, академик Митрофан Семенұлы Сильченко. 1968 жыл [7].

үшін дайындалған диссертациясының қысқартылып басылған нұсқасы сақтаулы [8]. Осыдан кейін Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып жұмыс жасады. Осы жылы өзі Шығыс Қазақстан археология экспедициясын басқарды. 1959 жылы Ертіс-Қарағанды каналының желісін зерттеуге арналған төрт отрядтан құралған ірі археологиялық экспедицияны басқаруға араласты. Археолог-маман ретінде көктем, жаз айларын қазба жұмыстарының басында өткізді. 1960 жылдан 1966 жылға дейін Солтүстік Қазақстан археология экспедициясына жетекшілік етті. 1959 жылы Қазақ ССР ҒА баспасынан «Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері» атты монографиясы «Тарих, археология және этнография институтының еңбектерінде» деп аталатын басылымда жарияланды. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріне жататын ескерткіштерін зерттеді. Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстырғанда аз зерттелген теріскейден бірқатар ескерткіштерді тауып, солардың негізінде Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің мәліметтері бойынша өз кезеңдеуін ұсынды. Ғалым андронов мәдениетін кезеңдеуде федоров және алакөл кезеңдері ескерткіштерінде, соның ішінде жерлеу рәсімдерінде өзгешеліктердің орын алатындығын анықтады. Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін жүйелеп, ғылыми айналымға енгізе отырып, федоров және алакөл кезеңдерінің қатар өмір сүргендігі туралы тұжырым жасады.

1966-1969 жылдар аралығында Оңтүстік және Қазақстанның қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеумен шұғылданды. 1967 жылы А.Оразбаев «Орталық Қазақстанның ертедегі мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағын иеленді. Қорда оны сыйлық иегері ретінде дәйектейтін дипломның көшірмесі тіркелген [9].


1947-1965 жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Оның жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, Ленинград археология институтының аға ғылыми қызметкері С.С.Черников, ал А.Оразбаев мүшесі болды. Осыдан кейін екеуінің арасында достық қарым-қатынас орнықты. Мына төмендегі сурет осы сыйластықтың бір көрінісі.

1971 жылы шілде айында Тарих, археология және этнография институтынан Қазақ ССР ҒА президиумының қаулысымен С.М.Киров



С.С.Черников және А.Оразбаев Алматы аэропортында. 1975 жыл [10].

атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қайта құрылған археология және этнография кафедрасына меңгеруші болып жіберілді [11]. [12].



Кафедра меңгерушісі бола отырып Абдулманап Медеуұлы 1975-1984 жылдар аралығында студенттердің археологиялық тәжірибесіне жетекшілік етті. ҚазМУ-дың тарих факультетінде «Археология негіздері» атты курстан дәріс берді. Осы курс бағдарламасының авторы болды. Бұдан өзге «Қазақстан территориясындағы қола дәуірі» тақырыбындағы арнайы пән оқыды, оның да оқу бағдарламасын дайындап, баспадан шығарды [13].

Сонымен қатар «Археолог» үйрмесіне жетекшілік етті. Дәрістері өте тартымды, мазмұны терең әрі қызықты болатын. Абдулманап Медеуұлының «Археология негіздері» пәні бойынша дәрісін біз де тыңдадық. ҚазҰУ-дың тарих факультетінің бірінші курсына оқыған кезімізде осы пәннің дәрістерін асыға күтетін едік. Дәріс материалдарын түсінікті етіп жеткізу үшін ойын қолдарымен көрсетіп, тақтаға жазып, айтатын. Қола дәуіріндегі Қазақстан археологиясы туралы дәрістерін оқыған кезде де, семинар сабақтарын өткен, талдаған уақыттарда да сурет салдыратын. Әсіресе, қыш құмыралардың суретін көп салатын едік. «Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері» [14] атты еңбегіндегі қазба жұмыстары кезінде табылған қыш құмыралардың суретін салатын едік.

1980 жылы

Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография А.М.Оразбаевқа Жамбыл облысының Шу, Қордай, Мерке аудандарында қазба жұмыстарын жүргізуге, фотографиялық түсірілімдер жасауға және т.б. арнайы рұқсат берді. Осыны айғақтайтын құжат № 282-қордың 25-ісінде тіркеулі [15].

1985 - 1990 жылдар аралығында ҚазМУ-дың археологиялық экспедициясына жетекшілік етіп, қола дәуірі ескерткіштері мен Қазақстанның Шығыс аудандарындағы ертедегі темір дәуірін зерттеумен айналысты.

Экспедиция материалдары: ғылыми есептер, дала құжаттамалары, сызбалар, фотосуреттер, күнделіктер және т.б. Санкт-Петербург архивтері мен музейлерінде, Қазақстанның Орталық мемлекеттік, Қазақ ұлттық археология музейлерінде сақтаулы. Ғылыми есептері Ш. Уәлиханов атындағы




Суретте: Абдулманап Медеуұлы Шығыс Қазақстан археология экспедициясының қазба жұмыстары кезінде. 1986 жыл [16].

А.Оразбаевтың өз кезегінде екі монографиясы және отыздан астам ғылыми мақалалары жарық көрген. Сол еңбектері арқылы жүздеген студенттерге сапалы білім беріп, археология ғылымына баулыды. Жасы ұлғайған кезінде де қазба жұмыстарына қатысты. Мамандығын сүйді, оны өмірінің мәніне айналдырды. Туған жерінің тарихын зерттеуге өзіндік үлес қосты, өткенін зерделеді, өскелең ұрпақтың қажетіне жарар еңбектерін қалдырды. Соларды оқып-үйрену, Ұлы Дала Елінің шынайы тарихын зерттеу қазіргі жас тарихшылардың, солардың ішінде археолог мамандардың міндеті екендігі даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архиві. Оразбаев Абдулманап Медеуұлы - археолог, Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштері маманы, Қазақ ұлттық университеті доценті. - №282-қор. - №1 тізбе. - 1951-1994 жж. - 47-іс.
3. 282-қ. - А.М.Оразбаевтың әртүрлі мәселелерге байланысты берілген куәліктері. - 8-іс. - 1-п.
4. 282-қ. - Қазақ ССР ҒА президиумының аға ғылыми хатшысы Д.В.Сокольскийдің А.А.Жданов атындағы Ленинград университетінің ректорына жолдаған хаты. - 13-іс. - 1-п.
5. 282-қ. - А.М.Оразбаевқа берілген анықтамалар. - 3-іс. - 2-п.
6. 282-қ. - СССР Ғылым Академиясы археология институтының аспиранттары. - 32-іс. - 2-п.
7. 282-қ. - Ә.Марғұлан және А.Оразбаев, М.С.Сильченко. - 35-іс. - 3-п.
8. 282-қ. - «Қола дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан» тақырыбындағы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ізденіс диссертацияның қысқартылып басылған варианты. - 15-іс. - 42-п.
9. 282-қ. - А.Оразбаевқа «Орталық Қазақстанның ертедегі мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағы берілгендігі туралы дипломның көшірмесі. 18-іс. - 1-п.
10. 282-қ. - 36-іс. - 2-п.
11. 282-қ. - Қазақ ССР Ғылым акад. шешімі. - 23-іс. - 1-п.
12. 282-қ. - 19, 20-іс.
13. 282-қ. - А.М. Оразбаевтың куәліктері, оқу билеттері. - 3-п.
14. 282-қ. Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері. А.М.Оразбаевтың Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының еңбектерінде жариялаған монографиясы. - 16-іс. - 3-п.
15. 282-қ. - 25-іс. - 2-п.
16. 282-қ. - Шығыс Қазақстан археология экспедициясы. 1986 жыл. Қазба жұмыстары. - 45-іс. - 2-п.



Тарих, археология және этнография институтының архивінде, Қазақстандағы тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің архивінде сақтаулы.

АСЫЛДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Тұңғышбек БАЙҚҰЛОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының аға ғылыми қызметкері

Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының ұрпақтары жайында сөз қозғамас бұрын оның қазақты азаттыққа жетелеу жолындағы жанқиярлық күресіне тоқтала кетейік.

Кенесары 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың қолбасшысы болды. Ол тарих сахнасына Абылай ханның ісін жалғастырушы болып енді. Кенесарының негізгі мақсаты – қазақ елінің Абылай хан кезіндегі аумақтық тұтастығын қалпына келтіру әрі Ресейдің құрамына кірмеген жерлерді сақтап қалу еді. Жалпы алғанда, ұлт-азаттық қозғалыстың басты себептері – Патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясаты, соның салдарынан қазақ халқының, әсіресе, қарапайым шаруалар жағдайының нашарлай түсуі және ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтардың жойылып кетуінен сақтап қалу болатын. Ал азаттық қозғалыстың сипатына келсек, қазақ жерін әскери отарлаудан, яғни Ресей бодандығынан және Қоқан бектерінің озбырлығынан құтқаруға бағытталған тәуелсіздік жолындағы күрес болды.

Қазіргі заман тұрғысынан алсақ, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бұл қозғалыстың түпкілікті жеңіске жетуі мүмкін емес еді. Ресей империясының қуатты, тұрақты әскери күштеріне көтерілісшілер қарсы тұра алмай, ақырында жеңіліске ұшырады. Сондай-ақ көтерілістің жеңілуінің басқа да себептері болды. Бұл жерде оған тоқталмаймыз, ол жеке қарастырылатын мәселе.

Дегенмен, Кенесары басқарған он жылдық азаттық қозғалыстың қазақ қоғамындағы тарихи маңызы өте зор. XIX ғасырдың 30-40-жылдарында ұлт-азаттық қозғалыстың кең-байтақ далада кең қанат жаюы – Орталық Азия мен қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды, кейінгілердің тәуелсіздік жолындағы күресіне үлгі-өнеге әрі тарих толқынында айтарлықтай сабақ болғаны анық.

1837-1847 жылдардағы отарлық езгіге қарсы халықтың бостандығы үшін жүргізілген күресті терең зерттеп, талдау жасаған – атақты тарихшы-ғалым Ермұқан Бекмаханов. Ол – 1943 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Қазақ КСР тарихы» атты еңбектің негізгі авторларының бірі. Ғалымның аталған кітаптағы Кенесары қозғалысы туралы материалдары мен 1946 жылы КСРО Ғылым академиясында қорғаған докторлық диссертациясы негізінде жазылып, «*XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан*» деген атпен жарияланған монографиясы кезінде қатаң сынға алынды. Патша өкіметі тұсында да, Кеңестік билік кезінде де бұл қозғалыс хандық-феодалдық мемлекетті орнатуға ұмтылған, кертартпа әрекет деп түсіндірілді. Халықтың азаттық күресін тарихи шындық тұрғысынан бағалаған ғалымдар қуғын-сүргінге ұшырады. Мәселен, Е.Бекмаханов жоғарыда аталған еңбегінде қазақ халқының отаршылдыққа қарсы қозғалысын шынайы көрсеткені үшін жазаланды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ұлттық қозғалыс өзінің шын бағасына ие болды. Бүгінде ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Кенесары хан мен оның үзеңгілес батырларының және қаруластарының есімдері тарихтан лайықты орын алуда.

Енді Кенесары Қасымұлының ұрпақтарына тоқталайық. Кенесары ханның үшінші ұлы **Ахмет сұлтанның бес ұлы және бір қызы болған:** Исмайыл, Ыбырай, Мұқан, Әзімхан, Шырынхан деген ұлдары және Қамаш деген қызы (Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Моногр./я. 2-кітап. А. «Мектеп», 2017, 510-бет.).

Әзімхан Ахметұлы 1917-1920 жылдары Әулие-Ата уезіндегі Алаш қозғалысының алдыңғы қатардағы қайраткерлерінің бірі болған. Сондықтан сұлтанның ұлдарының ішінде Әзімхан туралы мұрағаттардан біршама ресми деректер табуға болады. Ал оның бауырлары Исмайыл, Ыбырай, Мұқан, Шырынхан жайында мәліметтер мұрағат құжаттарында кездеспейді, тек қана қарындасы Қамаштың өзбектің ишанына ұзатылғаны жөнінде тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдиевтің жоғарыда көрсетілген еңбегінде айтылады.

1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен I Бүкілқазақтық съезге Қазақстанның барлық аймақтарынан өкілдер қатысқан. Бұл жиынға Сырдария округіне (қазіргі Жамбыл және Түркістан облыстарының территориясы) қарасты Әулие-Ата өңірінен Әзімхан Кенесарин, Мұстафа Шоқаев, Садық Өтегенов, Әлмұхамед Көтібаров, Хален Ибрагимов, Зұлқарнайын Сейдалиев, Ибрагим Қасымов, Пашабек Пулатханов, Сегізбай Айзонов, Емберген Табынбаев, Сұлтанбек Қожанов, Убайдулла Қожаев және Омар (Ғұмар) Жанғалинов делегат болып сайланады. Қазақтардың осы съезінде жаңадан құрылған саяси партия – «Алаш» партиясы болып аталды. Алғашында бұл партияның құрамында Әулие-Ата уезінен Әзімхан Кенесарин, Мұстафа Шоқаев, Сұлтанбек Қожанов болса, кейіннен Шу өңірінде туып-өскен Мұстафа Бұралқиев пен Дінмұхамед (Дінше деп әріптестері атаған) Әділев те Алаш партиясының белсенді мүшелеріне айналады.

Әлихан Бөкейханов Бүкілқазақтық I съезде партияның құрылғаны жайында былай деп жазды: «Қазақ саяси партиясы» туралы мәселе қарап, күрделі саяси жағдайда «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп» оның программа жобасын жасауды бүкіл россиялық Шураи ислам съезіне сайланған өкілдерге тапсырды. «Қазақ» газеті партияның орталық баспа үніне айналды» (Бөкейханов Ә. Шығ./р. А. «Қазақстан», 1994, 32-бет.).

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткізілген II Бүкілқазақтық съезіне қазақтың 8 облысы мен Алтай губерниясынан барлығы 75 делегат қатысады. Солардың ішінде Сырдария облысы Әулие-Ата уезінен Әзімхан Кенесарин бастаған Имамбек Сарымсақов, Имамберді Ержігітов, Серқұл Алдабергенов және Мәуленқұл Байзақов секілді делегаттар Алашорда үкіметін құру және болашақта Алаш автономиясын жариялау туралы шешім қабылдауға атсалысады. Әзімхан Ахметұлы екінші съездің күн тәртібін жүргізетін төрағаның орынбасары болып сайланды (ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ), 17-қор, 1-тізбе, 1-іс, 1-2-пп.).

1917 жылы 27 желтоқсанда Әулие-Ата қаласында жергілікті Алаш қайраткерлерінің съезі ұйымдастырылады. Жиынды өткізуге белсене кіріскен Әзімхан Кенесаринмен бірге Мұстафа Бұралқиев та біршама тапсырмалардың орындалуына жауапты болады. Бұл съезге Дінмұхамед (Дінше) Әділев те қатысады. Съездің қарауындағы негізгі мәселесі – Алашорда үкіметінің саясатын халыққа түсіндіру және сол кездегі елге төнген ашаршылық зардаптарымен күресу еді. Аталған съезде Әулие-Ата өңіріндегі ашыққан қазақтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру туралы Әзімхан Ахметұлының ұсынысын делегаттардың бәрі қолдады. Осы мәселелермен айналысуға Алашорда үкіметінің

Әулие-Ата уездік комитеті құрылды. Комитеттің төрағасы болып Әзімхан Кенесарин, ал орынбасарлығына Мұстафа Бұралқиев сайланады. Ресей империясының отарлық езгісінің күшейе түсуі салдарынан Әулие-Ата, Пішпек уездерінде және Жетісу облысындағы қазақтардың жағдайы күрт нашарлағаны туралы 1917 жылғы желтоқсанда өткен II Бүкілқазақтық съезінің хаттамасында көрсетілді. Сол деректерді қаз-қалпында келтірейік.

«Киргизы Семиреченской области, составившие против Старого Правительства по поводу призыва на тыловые работы и разоренные в 1916 году карательной экспедицией, находятся в крайне бедственном положении, умирают с голода, продают женщин и детей. Охвачены голодом и киргизы Аулиеатинского и Пишпекского уездов, пудь муки стоит 125 рублей, хлеб они получают из ближайших уездов Акмолинской области, но доставка закупленного хлеба на места за недостаточностью подвод сопряжена с большими трудностями» (ҚРОММ, 17- қор, 1-тізбе, 1-іс, 2-п.).

1930 жылы Әзімхан Кенесарин Алаш зиялыларымен бірге бірінші рет қамаққа алынады. Алайда оның іс-әрекетінен ешқандай қылмыстық айғақтар табылмағандықтан, түрмеден босатылады. Ол екінші рет 1937 жылы тамыз айында қамалып, көп ұзамай соттың шешімімен ату жазасына кесіледі.

Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерімен бірге Әзімхан Ахметұлы да қазақтың дүниежүзі картасынан орын алатын тәуелсіз мемлекет құрудың қажеттігін және оның бағыт-бағдарын анық көрсетіп кетті. Бүгінгі Қазақстанның жарқын болашағы, егемендік алған жылдардағы табыстары мен жетістіктері өткен ғасырдың басында құрылған Алашорда үкіметінің идеяларынан басталатынына күмән келтіруге болмайды. Бұл шындық.

Бүгінде 81 жасқа келген Әулие-Ата өңіріндегі көрнекті Алаш қайраткері Әзімхан Ахметұлының немересі Раушанның айтуынша, Кенесары бабасының ұрпақтары ғылымның түрлі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан екен.

Әзімханның немересі Раушан Натайқызының естелігінен.

– Менің әкем Натай атамның ең үлкен ұлы болған. Әзімхан атам 1937 жылы ұсталып кеткеннен кейін НКВД қызметкерлері біздің әулетке тыныштық бермеген. Отызыншы жылдардың аяғында әкем қазақтың біртуар ұламасы, Қазақ Ғылым Академиясының іргетасын қалаған Қаныш Сәтбаевпен бірге қызмет істеп жүрген кезінде «халық жауының» баласы ретінде қудалауға ұшырайды. Ғалым Натай Әзімханұлына қамқорлық жасап, Қазақстандағы жаппай жүргізіліп жатқан қуғын-сүргіннен құтқару мақсатында Өзбекстанға кетуге ақыл айтқан көрінеді, – дейді Раушан әже өткенді еске алып.

– **Натай Кенесарин** бауырлас өзбек елінде өзінің ғылымға деген қабілетінің арқасында ұзақ жылдар бойы бір орында тапжылмай еңбек етіп, суармалы алқаптарға күн жылуы әсерінің тиімді жақтарын терең зерттеді. Ғылыми-зерттеулердің нәтижесінде күн сәулесінің қуатымен егістік жерлерден мол өнім алуға болатындығын дәлелдеп, есептеп шығарды. Осындай қыруар еңбегінің арқасында ол «Биология-минералогия ғылымдарының докторы» деген ғылыми атаққа ие болды. Сонымен қатар Өзбекстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі және Өзбек Республикасының Еңбек сіңірген биологы ретінде ғылымда өз ізін қалдырды.

Баян – Әзімхан атамның кіші қызы, әкесі сотталған кезде 3 жаста болды. Ол да көптеген қиындықтарға қарамастан, бүкіл ғұмырын ғылымға арнады, философия ғылымдарының докторы, профессор. Менен 2 жас шамасындай үлкендігі бар. Қазіргі кезде Алматы қаласында тұрады. Әзімханның шөбересі Әнел

Қасымжанова философия ғылымдарының докторы, оның әкесі А.Қасымжанов осы салада танымал ғалым, ҚР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болған.

Әзімхан Ахметұлы қазіргі Шымкент маңындағы Шаян-Бөген елді мекенінде XIX ғасырдың 70-жылдарында туып-өскен. Балалық шағы сол ауылда өткен көрінеді. Атамыз Патша үкіметі кезінде Шымкент қаласындағы педагогикалық училищеде оқыған. 1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларына дейін Шымкентте әкесі Ахмет жұмыс істеген уездік полиция бастығының кеңсесінде аудармашы әрі хатшылық қызмет атқарады. Кейін атам сотталған кезде осының бәрі оның «кінәсі» болып саналды.

Көнекөз қарттардың айтуына қарағанда, Әзімхан кезінде адамгершілігімен, парасаттылығымен және елге жасаған қамқорлығымен халықтың құрметіне бөленген азамат болған. Содан қазақ қоғамындағы саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге белсене араласып, Алаш қозғалысының Әулие-Ата уезіндегі алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің біріне айналады. Атам 1937 жылы ұсталған кезде әкем Натайдың 30 жасқа қараған шағы болыпты. Сол тұста ол Мәскеу қаласында гидрогеология институтында оқып жүреді. Әкемнің інілері Мұхамеджан, Мәдияр және қарындасы Халиданың кәмелеттік жасқа толып, ержетіп-бойжетіп қалған кезі екен. Кіші інісі Тәуке және қарындастары Напұса мен Аян мектеп оқушылары, ал ең кіші қарындасы Баянның сол кезде 3 жаста болғанын жоғарыда айттық.

Әзімхан Ахметұлының ортаншы қызы Напұсаның бабасы туралы жазған «О деятельности Кенесары хана по царским документам» атты кітабы 2001 жылы баспадан шықты. Атам өмірінің соңғы жылдарында Мұхамеджан Тынышбаев және Санжар Асфендияровпен қарым-қатынас жасап тұрған. Олардың достығын ұрпақтары жалғастырды. Мәселен, М.Тынышбаевтың ұлы атақты кинорежиссер Ескендір әкем Натаймен дос болған. Менің бауырым Мұрат Натайұлы филология ғылымдарының кандидаты. Ол ХХІ ғасырдың басында үш бөлімнен тұратын «Кенесарин Натай Азимханович» деген кітап жазды. Осы еңбекте біздің әулетіміз жайында көптеген деректер мен дәйектер бар.

Атам Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығы мекемесінде жұмыс істеп жүріп, антисоветтік ұйымға мүше болмағандығы айдан анық. Тіпті, Кеңес өкіметіне қарсы мұндай құпия ұйым оңтүстік өңірде атымен болмаған. НКВД қызметкерлері өз жұмыстарын Мәскеудің алдында көрсету үшін қандай да болса Қазақстанның оңтүстігінде Кеңестік билікке қарсы ұйымның болғандығын өздерінің қолдан жасаған жалған құжаттары арқылы дәлелдеуге тырысты. Бұл тергеушілердің ойлап тапқан жымысқы әрекеті болатын. Кейін белгілі болғандай, Әзімхан атамның іс-әрекетінде ешқандай қылмыстың құрамы болмағандығы дәлелденіп, 1956 жылы 29 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті Басқармасының шешіміне сәйкес ақталды.

Атамыздың қамауға алынуы, оған тағылған «халық жауы» деген жала біздің әулеттегі ұрпақтардың адамгершілік қасиеттеріне жағылған күйедей ұзақ жылдар бойы еңсемізді басып келген еді. Алайда атамыз ақталғанға дейін талай-талай ауыр жылдарды басымыздан кешірсек те, біз бір сәт мойымадық. Әулеттің басынан өткен қайғылы жағдай рухымызды сындыра алмады. Әзімхан Ахметұлының Кеңестік биліктің солақай саясаты салдарынан жазықсыз құрбан болғандығына күмән келтірмедік. Түбінде шындық, ащы шындық жеңіп шықты, – деді Раушан әже сөзінің соңында.

7 тамыз 2018 жыл.

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР БАЙЛАНЫСТАРЫ

(1941–1960 жж. кеңес тарихшыларының еңбектері бойынша)

Айжан ТҰЯҚОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ экономика,
қаржы және халықаралық сауда университетінің доценті
Қаршыға ЖҰМАҒҰЛОВА,
педагогика ғылымдарының магистранты, Қазақ экономика,
қаржы және халықаралық сауда университетінің аға оқытушысы

Қазақ-жоңғар қатынастарының тарихы – күні бүгінгі күнге дейін өзекті мәселенің бірі. Екі ел арасындағы қарым-қатынасты баяндайтын еңбектерді түбегейлі зерттеп, талдау өте маңызды. Бір-біріне жақын орналасқан көрші халықтар арасындағы байланыстар ғасырлар бойы бір жақты бағытта ғана дамып: мәдени, тілдік, дәстүрлік, діни және т.б. тұрғыдан көрініс алмады деу тарихты бұрмалау немесе шын мәнісінде туындаған қарым-қатынастарға көз жұмып қарау болып саналады.

Қазақ-жоңғар байланыстарының тарихнамалық мәселелерін арнайы зерттеу арқылы жаңа мәліметтерге қол жеткізу – зерттеу жұмысының бастапқы мақсаты. Аталмыш мәселенің шешілуі Қазақстан тарихының бірнеше кезеңдеріне бағыт-бағдар берген болар еді.

Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы қарым-қатынасы тарихына байланысты арнайы зерттеулер болмағанына қарамастан, кеңес тарих ғылымы аталмыш мәселеге жеке аспект ретінде көңіл аударды. Өткен тарихты ой елегінен өткізіп, қорытынды жасаудың реті келді.

Чулошников Александр Петрович (1894–1941) – тарихшы, Орта Азия, Башқұрт және Қазақстанның тарих маманы. 1924 жылы А.П.Чулошниковтың «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» [1] атты құнды еңбегі жарық көрді. Еңбек шыға сала жоғары бағаланып, қазіргі уақытқа дейін тарихнамалық мағынасын жоғалтпады. Онда XVIII ғ. дейінгі қазақ тарихы бойынша негізгі мәселелер баяндалған. Феодалдық меншіктің дамуы, 1916 жылғы көтеріліс тарихшының негізгі зерттеу нысаны болды. А.П.Чулошников 30-жылдардағы Қазақстан тарихы мәселесімен М.П.Вяткин, М.И.Стеблин-Каменский, Н.В.Устюгов сынды тарихшы әріптестерімен бірлесе жұмыс атқарды. Басқа тарихшылардан кейін А.П.Чулошников ойраттарды «Жоңғар қалмақтары» [1, 112] деп атады (бұл атау XVII ғасыр басында Волгаға қоныс аударған ойраттардың этнонимі ретінде бекітілді). Автор екі көшпелі халық арасындағы территориялық қақтығыстар мен әскери қозғалыстар жайылым жерлер үшін болғанын дұрыс көрсетті. Алтайдан Тянь-Шаньға дейінгі және Гобби даласынан Балқаш көліне дейінгі жерлерде мекендеген, Жетісу аймағын жаулап алған қалмақтар батысқа қарай территорияларын үлкейтуге ұмтылды. Балқаштың ар жағында орналасқан территория мүлдем бос болды. Осы қалмақтарды қызықтырған бай жайылым жерлерге барар жолда қазақ көшпелілері көп болды. Міне, сондықтан екі ел арасындағы өзара қақтығысу себептері айтпаса да түсінікті. Осылайша өздігімен білінбей байланысқан күрес, бір жарым ғасырға дейін жалғасты. Жайылым жерлер үшін қазақтар мен ойраттар арасындағы қақтығыс жалғыз ғана мәселе емес, ал XVIII ғасырда ол қақтығыстар ең басты себеп болмады. Сол уақыттағы Жоңғар хандығы

сияқты мықты қарсыласпен күрестің қазақ халқы үшін ауыр тигенін революцияға дейінгі тарихшылардан кейін А.П.Чулошников атап өтті. Жоңғарлармен күрес басталғаннан кейін «қырғыз-қазақтарға қаншалықты қиын болғанымен сәтсіздіктерге қарамастан өздерінің елі, жері үшін қақтығыстарға төтеп беруге тырысты, қандай қиындықтар болса да беріспейтіндіктерін көрсетті» [1, 55]. Автор жоңғар басқыншылығына қарсы қазақтардың тойтарыс беру соғыстарын әділ сипаттады. Қазақтар барлық күрес кезінде «өздерінің соғыс тактикасын бірде-бір өзгертпеді, барлық агрессияны үнемі қайталанатын бір ғана тойтарумен шектелді» [1, 56],– дейді. Автор революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтер негізінде баяндаған.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған материалдар комиссияның құрметті мүшелері В.В.Бартольд, В.В.Радловтың ерекше қызығушылығын туғызды. Әсіресе, В.В.Бартольд Орынбор өлкесінде жүргізілген археологиялық зерттеулерге, оның қорытындыларына назар аударды. Ғалым (1869–1930) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына 1904 жылдан құрметті мүше бола жүріп, Орынбор өлкесіне байланысты зерттеулер бағытын айқындауда сүбелі еңбектерімен көпшіліктің алдында болды [2, 324–358]. 42 жылдық ғылыми қызметі кезеңінде В.В.Бартольд Қазақстан тарихына қатысты 600-ден астам монография, сын пікірлер және мақала, шолулар жазып қалдырды [3, 10].

20-жылдары Орта Азия мен Қазақстандағы кеңестік тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы, ресейлік шығыстанушы, тарихшы, академик В.В.Бартольд (1869–1930) атымен байланысты. Академик В.В.Бартольдтің Жетісу аймағын, оның ішінде қазақ жерін зерттеуі ерекше назар аударуға тұрарлық. Автор алғашқы ғылыми зерттеулерін Жетісу жерінде 1893–1894 жылдары жүргізген болатын.

В.В.Бартольд Азиядағы түрік халықтарының мәдениеті мен тарихы, соның ішінде Жоңғар тарихы, Орта Азия мен Қазақстандағы ойрат феодалдарының саясаты жайында көптеген іргелі ғылыми зерттеулер жазған. Аталмыш мәселеге байланысты Фрунзе қаласында 1943 жылы «Киргизгосиздат» баспасынан шыққан «Очерк истории Семиречья» [4] атты еңбегінде В.В.Бартольд алғаш рет Орта және Орталық Азиядағы басқа халықтардың тарихи тағдырларына, елді мекен және оны қоныстанушылар тарихына алғаш рет жүйелі түрде баға берді. Онда Жетісу өңірінде мекен еткен түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі, діні, құрылымы, саяси тарихы жайында құнды мәліметтер жазылған.

Очерктің «Қалмақтар» атты соңғы тарауында аталмыш тақырыпқа қатысты мәліметтер бар.

Бұл тарауда ойраттар бірлестігінің қалыптасуы мен ыдырауына дейінгі оқиғалар қарастырылған. Олардың ел болып қалыптасуы, мекендеген территориялары, билік еткен басшылары, көршілес Қазақ хандығы, Қытай империясы, Ресей еліне қарсы жүргізген саясаты айтылған. Жоңғарларды басқарған Цеван-Рабдан, Қалдан-Церен, Цэвэн-Доржы, Лама Доржы, Әмірсаңа сынды басшыларының Қазақ елімен байланыстары, жүргізген саясаты баян етіледі. Автор қалмақтар XVI ғ. Орта Азияның шығыс бөлігінде қалыптасқан ірі империяның бірі, басшысы Алтан хан. Қазақ ханы Тәуекел қалмақтарға шабуыл жасады. Нәтижесінде қазақтарды шығыстағы қалмақтар қатты алаңдатты. Тәуекел хан сол кезде Ташкентте хан болған Ноуруз-Ахметтен қалмақтарға қарсы одақтасуды сұрайды. Бірақ Ноуруз-Ахмет хан біз сияқты 10 басшы қол біріктірсе де қалмақтарды жеңе алмайтынын айтқан. Яғни қалмақ әскери күші қазақтарға қарағанда неғдеуір мықты болған деген сөз. Автор қалмақ еліне көрші жатқан қазақтар жайында мынадай мәлімет жазады: «*олар 209 000 отбасы; Абу-Ханифа масқабын ұстанатын мұсылмандар; оларда түйелер мен қой малы көп; олардың шекпендері қойдың жүнінен жасалған, оны әр түрлі түске бояған, сонда жібек шекпенге ұқсас болады. Жібек матадан жаңбыр жауғанда киетін жамылғы жасаған, ол мүлдем су өткізбейді*» [4, 83], – дейді.

Сонымен қатар жоңғарлардың мекен еткен территориялары жайында мәліметтер бар. 1715–1716 жылдары қалмақтардың қолына тұтқынға түскен швед офицері Ренат кейін өз отанына оралған кезінде Жоңғарияның жерін картаға түсіргені белгілі. Бұл карта бойынша ол қалмақтардың негізгі орналасқан аумақтарын көрсеткен. **Жетісу жері бойынша қалмақтар мынадай жерлерді иеленген:**

1. Жетісу Алатауы мен Балқашқа құятын өзендерінің жоғары ағысы;
2. Алтын-Емел мен Қойбыл аралығы;
3. Кегеннің солтүстік жағалауы мен Шарыннан шығысқа қарай Кетпен тауларының солтүстік беткейі бойлары;
4. Шелектің жоғарғы ағыстары;
5. Түп жағалаулары, Ыстық көлдің оңтүстік жағалауы, көлдің батыс мүйісі мен Қойсу мен Ақсу өзендері аралығындағы солтүстік жағалаулар;
6. Үлкен Кемік алқабы мен Шуға құятын өзендердің жоғарғы ағысынан Қарғалыға дейінгі жерлер [4, 158], – деп көрсеткен.

В.В.Бартольдтың 1927 жылы жарық көрген «Киргизы» атты тарихи очеркінде Қазақ-жоңғар қарым-қатынасына байланысты этнографиялық мәліметтер бар. Қазақтардың шығу тегі, мәдениеті сонымен қатар жоңғарлар арасындағы саяси тарих баян етілген.

Қазақ халқының жоңғар жаулаушыларына қарсы ұлттық тәуелсіздік күресінің кейбір тұстарын Қазақстанның атақты тарихшылары Д.Асфендияров [5], М.П.Вяткин [6], Л.Лебедев [7], А.Ф.Миллер [8] және т.б. тарихшы ғалымдар да қарастырды.

Ресей ғалымы, қалмақтанушы, тарихшы, профессор Н.Н.Пальмовтың (1872–1934) «Этюды по истории Приволжских калмыков» [9] атты монографиясында «Взаимоотношения калмыков, киргиз-кайсаков и джунгорцев за время с 1742 по 1747 год» [9, 82] деген тарау бар. Н.Н.Пальмов екі көшпенді халық арасындағы достық қарым-қатынас туралы жазған ең алғашқы зерттеушілердің бірі болды.

Сонымен 20–30-жылдары Қазақстан тарихнамасында Қазақстан тарихы мәселелеріне арналған зерттеулер мен еңбектерде Қазақ-жоңғар қарым-қа-

тынасына байланысты сұрақтар пайда болды. Дегенмен, бұл тақырыпқа байланысты көптеген сұрақтар өңделмегендіктен, сенімді дереккөздердің болмауы, марксистік методологияны үнемі дұрыс қолданбағандықтан XVII–XVIII ғғ. ойрат-қазақ қарым-қатынасы тарихына байланысты арнайы еңбек жоқ.

Екі ел арасындағы қарым-қатынас туралы қалам тартқандардың бірі – алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш темір жол инженері Мұхамеджан Тынышбаев (1879–1937). Күрделі кезеңде түрлі саяси-мемлекеттік жүйеде қилы жауапты іс жасаған қайраткердің ұлтқа болысқан еңбегі нәтижесіз емес еді. Тарихшы ретінде қазақ елінің көне дәуірден бүгінге дейінгі шынайы тарихын жасаудың батыл бағыттарын іс жүзінде анықтап берді.

М.Тынышбаевтың Қазақстан тарихына қатысты ғылыми жұмыстары 1924–1927 жылдар аралығында жарық көреді. Ә.Тәкенов пен Б.Байғалиев М.Тынышбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жазған кіріспе мақаласында оның ғылыми шығармашылығын былайша түсіндіреді: «*Тынышбаевтың жұмыстары Түркістан мен Қазақстанның әртүрлі ғылыми қоғамдарының мәжілістерінде жиі талқыланып, баспаға ұсынылып отырды. Ол Қазақстанды зерттеу қоғамы Сырдария бөлімінің құрметті мүшесі болды. 1927–1928 жж. арналған қоғамның жоспарында М.Тынышбаевтың 30 баспа табақ көлемінде орыс және қазақ тілдерінде «История казахского народа» [10] атты кітабын шығару жоспарда тұрды. Өкінішке орай, автор архивының жойылуына байланысты осы қолжазбаның және тағы басқа да қолжазбалардың тағдырын анықтау қиынға түсіп отыр*». М.Тынышбаевтың қазақ тарихындағы ерекше назар аударған мәселелеріне – қазақ халқының шығуы, қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелгі замандардан XIX ғасырға дейінгі тарихы, олардың ұрандары мен таңбалары, шежіресі, Қазақ хандығының құрылуы мен XVI–XVIII ғғ. тарихы, жоңғарларға қарсы күрес мәселелері жатады. Бұл мәселелердің бәрін ортақ бір тақырыпқа жинақтасақ, онда ғалымды қызықтырып, қалам сілтеткен тақырыпты – қазақ халқының этносаяси тарихы деп атауға болады.

Автордың «Қазақ халқының тарихы» [10] атты монографиясында қазақ-жоңғар байланыстарына арналған жеке мақала бар. Ол «Ақтабан шұбырынды» («Қазақтардың зор алапы мен зор жеңістері») деп аталады. Еңбекте қазақтардың басынан өткен қиын кезеңдердің себептерін, олардың күш біріктіріп, жоңғарларды қалай жеңгенін, басқыншыларды өз жерінен қалай қуғанын баяндайды. М.Тынышбаевтың айтуына қарағанда, барлық қазақтар біркелкі дәрежеде «Ақтабан шұбырындыға» ұшырамаған. Әсіресе, Ұлы жүздің ішінде қоныс аудару болмаған. Олар өзінің жайлаған аймағында қалып қойған. Бұл өңірге шығыстан ығысып келген кейбір тайпалардың бөлігі ғана Сырдарияның төменгі жағына қарай қарақалпақтармен бірге көшкені белгілі дейді. Қазақтардың түгелдей босқыңға ұшырамағанын, өз жерінде жаумен табан тіресе соғысқанын көреміз. М.Тынышбаевтың мақалалары екі халықтың арасындағы қатынастардың кейбір көріністерін зерттеу үшін құнды материал береді.

Жалпы алғанда, М.Тынышбаевтың 1924–1928 жылдардағы ғылыми зерттеулеріне сырттай баға бере келе, ғалым қазақ халқының тарихы, оның ішінде қазақ-жоңғар байланыстарын зерттеуге зор үлес қосқан деп санаймыз.

Алаш қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабайдың «Батыр Баян» [11] поэмасында қазақ-жоңғар қарым-қатынасына

байланысты мол мәлімет бар. Поэма қазақ-жоңғар шайқастарында батырлығымен көзге түскен қазақ батыры Баян Қасаболатұлы (шамамен 1710/15 – 1757) жайында. Ол – бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі, батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген, «Батыр Баян» атанған. Шығармада Баян жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырларының ішіндегі шоқтығы биігі болып көрсетіледі.

Қазақстанда академиялық ғылыми мекемелердің қалыптасуы 1932 жылдан яғни, сол жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасының өмірге келуінен басталады. 1933 жылы оның құрамында тарих, археология, әдебиет және фольклор, тіл, бейнелеу және музыкалық-хореографиялық өнер салаларын зерттеумен айналысатын Қазақ ұлттық мәдениеті институты ашылады. Осы институттың құрамында ұйымдастырылған тарихи-археологиялық сектор 1936 жылдан бастап тарих секторы болып атала бастайды. 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылып, оның өмірге келуіне Н.Т.Сауранбаев, Ә.Х.Марғұлан, С.Аманжолов сияқты ғалымдар өз үлестерін қосты [12, 120].

1946 жылы Қазақстанда мамандандырылған тарих институты мен шығыстану секторы Ғылым академиясы құрылғаннан кейін, республикада тарих ғылымы үшін жаңа бағыт алды. Көптеген тарихшы ғалымдар қазақ халқының басқа жер иеленушілеріне қарсы ұлт-азаттық күрестері мен ішкі саяси байланыстарын терең оқытудың қажет екендігін түсінді. Қазақстандағы тарих ғылымы жайында Х.Г.Айдарова: «*Қазақстанның Ресей еліне қосылуына дұрыс баға беру үшін қазақ халқының Жоңғар және Орта Азия хандықтарымен өзара қарым-қатынасын жан-жақты оқу керек. Сонымен қатар қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін жан-жақты зерттеу қажет*» [13, 10], – деді.

І.Омаров және А.М.Панкратова басшылығы арқылы үлкен авторлық ұжыммен дайындалған «Қазақ ССР тарихы ежелгі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін» [14] атты еңбекте қазақ-жоңғар қарым-қатынасы мәселелері де қозғалды. Онда ойраттық және циндік жаулап алушыларға қарсы күресті ұйымдастырудағы Абылайдың рөлі алғаш рет айтылды, қазақ халқының жоңғар феодалдарымен күрестің негізгі кезеңдері баяндалған, жоңғарияның әлеуметтік-экономикалық құрылымы, жоңғар хандығының пайда болу тарихы жайында қысқаша мәліметтер берілген. Схематизм мен дәлсіздігіне қарамастан, бөлімдері ғылыми деңгейде жазылған.

Аполлова Наталья Геннадиевна (1898–1993) – тарихшы, Қазақстан-Ресей байланыстары тарихы мен революцияға дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы бойынша маман, тарих ғылымдарының докторы. Ол қазақ-жоңғар қарым-қатынасы мәселесіне көп уақыт бөлді. Ғылыми зерттеулерінде тарихи материалдар ретінде «*Қырғыз-қайсақ даласы, ежелгі актілер орталық мемлекеттік мұрағат*» құжаттарын қолданды.

Автор өзінің «Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в.» [15] еңбегінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуын қарастырып, бұл мәселені саралай келе Шығыстағы өзінің көшпелі көршісімен Қазақ хандығының қарым-қатынасының дәрежесі мен мінезі әсер етті деп тұжырымдады. «XVIII ғ. 20-ж. жоңғарлармен күрес» тарауында ойрат қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына, хандықтың мемлекеттік және әскери ұйымдастырылуына мінез-

деме беруге тырысты. XVIII ғ. 30-жылдарына дейінгі жоңғарлардың қоғамдық-саяси құрылымы мен күрестік басты кезеңдерінің негізгі көрінісін көрсетуді мақсат етіп қойды [16, 148]. Н.Г.Аполлова Жоңғар хандығына «әскери-феодалдық» мемлекет деген мінездеме берді. Бұл термин уақыт өте келе қазақстандық тарихшылардың диссертациялары мен кейбір тарихи зерттеулерінде көрініс тапты, бірақ моңғолтанушы мамандар В.А.Котвич, Б.Я.Владимирцев, И.Я.Златкин еңбектерінде бұл термин ешқашан қолданылмайды.

XVII ғ.–XVIII ғ. басында жоңғар феодалдары қазақ жерін басып алу үшін барын салды. Автор Жоңғар хандығының халықаралық қатынастағы кейбір мәселелерінде қателеседі. Ол Жоңғарияның сыртқы саясаттағы негізгі мақсаты Цинь империясымен күрес және саяси, сауда-саттық байланысты ұстанған Ресей мемлекеті дейді. Осындай кейбір қате бағалау мен қорытындыларына қарамастан, Н.Г.Аполлованың еңбегі Қазақстан мен Жоңғария қарым-қатынасының күрделі мәселелерін зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Михаил Порфирьевич Вяткин (1895–1967) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, РКСРФ-дің еңбек сіңірген қайраткері, Қырғыз КСР Ғылым академиясының корр.-мүшесі. Ол 70-тен астам еңбек жазды, оның көпшілігі Қазақтар тарихына байланысты құнды құжаттар жинағы. Бұл жинақ автордың басшылығымен 1940 жылы жарияланды. «Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.) Т. IV» [16] деп аталатын жинақ толықтай Кіші жүз тарихына, Орынбор комиссиясы мүшелері реттеген құжаттарға арналады. Біздіңше, М.П.Вяткин мұндай құнды материалдарды қазақ тарихына дендеп еніп, Сырым батыр монографиясын жазу кезінде жинақтап, назар аударған. **Жинақта материалдар 8 топқа бөлінген. Олар төмендегідей:**

1. Ресми тұлғалардан хабарламалары (губернаторлар, әскери басшылар, қорған командирлері және т.б.);
2. Сенат және коллегия жарлықтары;
3. Ресми тұлғалар хаттары;
4. Жобалар;
5. Бұрын Ордада болған адамдардың жазбалары және хабарламалары;
6. Істердегі экстракттар;
7. Қазақ билеушілерінен келген хабарламалар;
8. Жеке хаттар.

М.П.Вяткин мұрағаттағы құжаттардың көпшілігі патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатын дәлелдейді деп орынды түйін жасайды. Сонымен бірге XVIII ғасырдың 90-жылдары туралы, әсіресе, II жарты жылдығына қатысты құжаттар көп еместігін алға тартады. Ғалым «1876–1906 жылдар аралығында мұрағатты жүйелеуді жүргізген сенатор Г.К.Репинский 1782–1797 жылдар аралығындағы «Қырғыз-қайсақ істері» қорын генерал-прокурор кеңсесіне беріп, көптеген істерді жойғызды. Содан генерал-прокурор кеңсесіндегі тізімдегі 1797 жылғы 6321 істің 5436-сы жойылды. Ал 1798 жылғы 5779 істің 5121-і, 1799 жылғы 4496 істің 4816-сы жойылды» деген қорытындыға келді. Алайда, Орынборда жиналған талай құжат шенеуніктердің жауапсыздығынан бүгінге жетпей қалды. Жинақта жарияланған 151 құжатта Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелерінің өзіндік рөлі болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды.

1948 жылы «Материалы по истории Казахской ССР» жинағының II томы жарияланып, қазақ тарихының 1741–1751 жылдар аралығындағы кезеңін қамтитын құжаттар зерттеушілерге жетті. Онда да Орынбор экспедициясы, комиссиясы, т.б. жинақтаған

мұралар тұңғыш рет оқырманға жол тартты [17].

Аталмыш еңбекке Қазақстанның ежелгі кезеңінен бастап XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі барлық тарихи оқиғалар енгізілген. Жалпы еңбек 9 тараудан тұрады. Онда біздің қарастырып отырған мәселеге байланысты құнды мәліметтер бар. XVII ғ. мен XVIII ғ. бас кезіндегі Қазақ одағы тарауында: ойрат одағының құрылуы, территориясы, этникалық құрамы, мәдениеті, шаруашылығы, басқарылуы жайында және кейбір тарихи оқиғалар жазылған. Қалмақтармен күрес тарауында қазақтар мен жоңғарлар арасындағы байланыстар кеңінен баян етілген. Жоңғар хонтайшысы Батур хан таққа келгеннен кейін екі ел арасындағы соғыс одан бетер өрбіді. XVII ғ. мен XVIII ғ. I жартысындағы қазақ-жоңғар арасындағы күрестің жайылым жерлер үшін екенін айтып өтті. Жоңғарлардың өз жерлерін батысқа қарай жылжу арқылы үлкейту мүмкіндіктері болды, себебі шығыста алапат Қытай империясы болды. Осы кезеңде шығыстағы Қытай империясына қарағанда батыстағы Қазақ елі әлсіз болды. Міне, сондықтан жоңғарлар қазақ жері арқылы өз иеліктерін үлкейтуге тырысты. Тәуке хан тұсындағы екі ел арасындағы жойқын күрестер қарастырылған. Жоңғарлық Галданның Сайрам қаласын тас-талқан етіп, Жетісу жерін бағындырғаны айтылған. XVIII ғ. ортасына дейін бұл жерлер жоңғарлардың иелігінде болады. Жоңғар хандығымен қаншама күрессе де Қазақ елі өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Ұлы зұлмат кезіндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық жайы толығымен қарастырылған. Екі ел арасында болған күрестердің саяси жағын да ашып көрсетті.

Еңбек Кіші жүздің саяси өміріне арналған. Қазақ қоғамының саяси құрылысын толық талдай келе, ол вассалдық қатынастардың патриархалды-феодалдық қоғамдық қатынастарға сәйкес келетінін көрсетеді. Осы тарауда Кіші жүздегі саяси дағдарыстың себебі жоңғар агрессиясы мен патшалы Ресейдің шапқыншылық саясатымен байланыстырады. Орталықтандырылған тұтас мемлекеттің болмауы саяси дағдарыстың одан әрі тереңдей түсуіне әкелді.

Ойраттар туралы деректі Плато Карпинидің жолжазбаларынан да кездестіреміз [18, 18]. Карпинидің жолжазбалары Қытай тарихшыларына жоңғардың төрт тайпасы: хойот, жоңғар, дүрбіт, торғауыт туралы жазуға мұрындық болды. Ойраттарға Рашид ад-Дин де назар аударып, олардың саны жағынан көп болғандығын айтады [103, 564]. Ал Шығыс Моңғолия жерінде туысқан тайпалардың бір бөлігі халхалар тайпасы болатын. Алайда бұл тайпалар Қытайға апаратын сауда жолдарын иемдену құқығы үшін Шығыс және Батыс Моңғолияда тұратын ойраттармен арада бірнеше дүркін соғысты.

XVII ғасырдың екінші жартысында дүрбіт-ойрат одағының басында тұрған әрі XV ғасырда Тоған және Ежен тәрізді атақты билеушілерді дүниеге әкелген Дүрбіт княздығы екі тармаққа бөлінді. Бір бөлігін дүрбіттер билесе, екіншісін, яғни сол қанатын аға тайпа – ойраттардан құралған жоңғарлар басқарды. Қалмақ-Жоңғар хандары өздеріне батыс моңғолдарды қаратқаннан кейін мықты мемлекет құрды [19, 566]. Бірақ бұл мемлекет ұзақ өмір сүре алмады, өйткені оның ішкі ахуалы тұрақсыз, тақ үшін талас-тартысқа толса, сыртқы жағдайлары өздерінің жаугершілік саясатының таяздығына байланысты тиімді болмады.

Қысқасы, қазақ-жоңғар байланыстары кеңестік авторлардың еңбектерінде көп қарастырылды. Сонымен қатар Ресей құрамына өткен қазақ халқының тілі, діні, әдет-ғұрып, мәдениеті қызықтырып, ғалымдар Қазақ елін жан-жақты зерттей бастады. Олардың зерттеулері

екі ел арасындағы саяси тарихты тануда маңызды рөл атқарады.

РЕЗЮМЕ

В статье показаны труды советских историков где представлены историографические данные о казахско-джунгарских отношениях. Сделан обзор на исторические отношения между Казахским и Джунгарским ханством. Статья написана в историографическом контексте, где представлены анализ и собственное мнение автора. В нем также представлены сведения о социально-культурных, религиозных и исторических отношениях между Казахским и Джунгарским ханством.

The article shows the works of soviet historians where historiographic data about Kazakh-Dzungarian relations are presented. Reviewed on the historical relations between the Kazakh and Dzungarian khanates. The article is written in a historiographic context, where the analysis and the author's own opinion are presented. It also presents information about socio-cultural, religious and historical relations between the Kazakh and Dzungarian Khanate.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чуполошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен Ч.1. – Оренбург. 1924.
2. Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Соч.: в 9 т. – М.; Наука, 1964. – Т. 2, – ч.2. – С. 324–358.
3. Сулейменов Б.С., Моисеев В.А. Востоковедные исследования в Казахстане. Некоторые вопросы истории и современное состояние. Информационный обзор. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1989. – 44 с.
4. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Киргизгосиздат, г. Фрунзе. 1943. – 104 с.
5. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: 1935.
6. Вяткин М.П. «Сказка» XVIII века как источник для истории Казахстана // Проблемы источниковедения. М.: 1940.
7. Лебедев Л. Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в. // Красный архив. 1936. №5(78).
8. Миллер А.Ф. Международные положение Казахстана во второй половине XVII века // Исторический журнал. 1942. №8.
9. Пальмов Н.Н. Этюды по истории Приволжских калмыков Ч.2. – Астрахань, 1935. – 230 с.
10. Тынышпаев М. Қазақ халқының тарихы. оқу құралы / М.Тынышпаев; құраст.: Ә.Төкенов, Б.Байғалиев. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2010. – 229 б.
11. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1994. – 447 б.
12. Бейсенбекова Н.А. Қазақстан тарихының тарихнамасы [Мәтін]: очерктер / Н.А.Бейсенбекова; Қарағанды мемлекеттік ун-ті. – Қарағанда: ҚарМУ басп., 2009. – 275 б.
13. Айдарова Х.Г. Некоторые итоги и перспективы развития исторической науки в Казахстане // Известия Казахского филиала-Академии наук Союза ССР. Сер.истор. 1946. Вып. 2 (27).
14. «Қазақ ССР тарихы ежелгі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін» [1943]. И.О.Омаров және А.М.Панкратов.
15. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах 18 века Алма-ата: академия науки КазССР, 1948. – 255 с.
16. Вяткин М.П. Казахстан с древнейших времен по1870 годы. Алма-Ата, 1991.
17. Материалы по истории Казахской ССР (1741–1751). – Алма-Ата: АН СССР, 1948. – Т. II, ч. II. – 457 с.
18. Иоанн де Плато Карпини. История Монголов. // Пер. А.И. Малеина. – СПб., 1911.
19. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. –Т.2 – Л., 1926. –716 с.

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ СУ ЖҮЙЕЛЕРІ АРНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Нұрқасым ЕРБОЛАТОВ,
жартылыстану ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы КМУ-дың аға оқытушысы
Гүлмира ЕРБОЛАТОВА,
№122 орта мектептің биология пәні мұғалімі

Тұран ойпатының сан ғасырдан бері ағып жатқан қос өзені Әмудария (Жейхун) және Сырдария (Сейхун) өз арналарын табиғи жағдайға байланысты өзгертіп отырған. Әр заманда Тораңғыл, Іңкәрдария, Жаңадария, Қуандария өзеңтері Сырдарияның ескі арналары болған. Сырдария – табиғи арнамен аққан өзен. Ағын судың аңғар табанында болатын жуып-шаю әрекетіне байланысты қалыптасатын ирелеңді – меандрлану процесі (Кіші Азиядағы Меандр өзенінің атымен аталған) деп атаймыз. Өмірде өзен арнасының түзу бөлігінен, оның иректері көбірек кездеседі. Оның себебі арнаның ирек сұлбасы оңай жылып-шайылатын тау жыныстары құрайтын жер үстімен ағатын өзендер үшін орнықты болып саналады. Арнаның иірім деп аталатын терең жерлері, оның ең қисық, ирек тұсында кездеседі, ал иірім аралық түзу бөлігінде қайраң деп аталатын саяз жерлері орналасқан [1].

Ғылыми мәліметтерге қарағанда, геологиялық дәуір ішінде Сырдария өзені өзінің арнасын бірнеше рет өзгерткен. Сырдарияның өз арнасын оңға қарай жылжытуға бейімділікпен ирелеңдеп ағатын тарихи ерекшелігіне алғашқы болып назар аударған С.С.Неуструев (1911) еді. Кейінірек бұл көзқарас Б.А.Петрушевский (1935) мен М.П.Герасимовтың (1948) тарапынан қолдау тапты. Алайда, геологиялық дәуір ішінде Сырдарияның ірі деңгейдегі өзен ретінде тарихи қалыптасу схемасын Б.А.Федорович (1952) ұсынды. Ол В.Г.Бондарчуктың (1949) өзен алқаптарының пайда болуын көл жүйелері теориясымен байланыстыратын ұсыныстарын негізге ала отырып, “Тұран шөліндегі ескі өзендер” деген еңбегінде Сырдария өзенінің қалыптасуы рет-ретімен бірнеше кезеңнен өткенін көрсетеді. Осы схема бойынша, бірінші кезеңде – үштік дәуірдің соңында және төрттік дәуірдің басында оңтүстік Қызылқұмда Дариясай ескі өзенінің пайда болуынан басталады [2].

Кейінгі дәуірлерде аталмыш ескі өзен 42°-ші ендікпен (параллель) солтүстікке қарай жылжиды. Жоғарғы төрттік дәуірдің басында ол Жаңадарияның ескі арнасына, онан ары өзен тағы да жылжып, Қуандарияның арнасына түсіп ағады. Сырдарияның тағы да солтүстікке қарай жылжыған кезеңі кейінгі Хвалин дәуіріне тура келеді.

Жаңа дәуірде (XV-XVI ғғ.) Сырдария өзені Жосалы стансасының батысында тектоникалық қатпарды жарып, қазіргі арнасымен жаңа атырауды (Қазалы) жасайды. Сонымен біз көріп отырған Сырдария, өзі пайда болған тарихында арнасын бірнеше өзгертіп, әрдайым солтүстікке қарай алыстай берген (Б.А.Федорович, 1952). Б.А.Федоровичтың ұсынған схемасы бойынша оңтүстік Қызылқұмдағы ескі өзен Дариясайдан (Арал маңы) санағанда Жаңадария, Қуандария, сосын қазіргі кіші Аралға құйып жатқан Сырдарияның арнасы үшінші болады екен. Алайда, теңіздің астында қалған Сырдарияның ескі арнасы мен оның атауы туралы мәлімет ғылыми әдебиетте кездеспейді. Біздің зерттеулеріміз көрсеткеніндей, Дариясайдан бастап, бұл өзен өзінің арнасын оңға

қарай үш рет емес, төрт рет жылжытқан болып тұр. Яғни, Қуандария мен қазіргі кіші теңізге құйып жатқан арнаның арасында үлкен теңізге құйған, кейін теңіздің астында қалып қойған ескі арна бұл есепке кірмей қалған.

Біздің пікірімізше, Арал өңірінің осы бөлігінде бедер жасаушы негізгі фактор ретінде Сырдария өзені туралы мәлімет толық болуы үшін оның теңіз астынан шыққан ескі арнасына лайықты ат қойып, ғылыми айналымға қосқан ләзім. Егер көпшілік тарапынан қолдау тауып жатса, теңізден шыққан ескі арнаны “Аралдария” деп атауға болар еді. Сонда Дариясайдан оңға қарай өзеннің жылжуы Жаңадария-Қуандария-Аралдария, сосын қазіргі кіші Аралға құйып жатқан Сырдария өзені болады. Әрине, бұл осы мәселеге қатысты ғылыми жаңа мәлімет болары ақиқат [2].

Жаңадария каналының құрылысы 1957 жылдан салына бастады. Жаңадария арнасына 1958 жылы 11 желтоқсанда Сырдариядан канал қазылып Тораңғылсайға, одан Құрөзек арнасына су жіберу арқылы дариялық бойымен ұзақ жылдар бойы сусыз жатқан Жаңадария табанына су келді. Жаңадария арнасы Сырдария өзенінен 44 км қашықтықта Қызылорда қаласының оңтүстік шығысынан басы сонау Құрөзек, Тораңғылсай, Құтырған сай, Дариялық сияқты бөлек-бөлек өзең, сай-сала болып басталып аяғы оңтүстік батыс жақпен Арал теңізіне дейін созылып барады. Бұл арнаның жалпы ұзындығы – 625 км. Оның 535 км Қызылорда облысының, 90 км Өзбекстанға қарасты жерлерді басып өтеді.

Бұл өңірдің жаңа өмір жолы Қызылорда су торабы салынғаннан кейін 1958 жылы Жаңадария каналының сағасына, су реттегіш тоспа салынғаннан кейін басталды. Сол кезеңнен бастап ескі арналар көл болып, жағасына тіршілік ене бастады. Тұрақты егістіктер, шабындық жерлер мал жайылымдары көбейді. 1964 жылы мал шаруашылығын өркендету мақсатында Жаңадария, Қуандария бойында – Іңкәрдария, Жаңадария, Аққыр, Қуандария, Жаңақала және Қызылқұм кеңшарлары құрылды.

Жаңадария каналы Қызылорда облысындағы суғару-суландыру жүйесінің өзегі Сырдария өзенінің сол жағасында орналасқан. Каналда 19 гидротехникалық құрылыстар салынған. Су ағыны каналдың бас жағында 50м³/сек. Каналдың арнасы 200м³/сек су өткізе алады. Бастауынан (Қызылорда бөгеті тұсынан) 210 км жерде Жаңадария Каналының бір тармағы – Қуандария каналы басталады. Оның ұзындығы 436,4 км, су ағыны 60 м³/сек. Жаңадария каналы Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандары шаруашылықтарының егістіктерін, бау-бақшаларын суарып, 20 мың га табиғи шабындықтарын, 1 млн. га жайылымдарын суландырады [3]. 1971-1974 жылдары Жаңадарияға 450-500 млн.м³ су жіберіліп тұрды. Іңкәрдария, Жаңадария шаруашылықтарының егістік жерлері бірнеше есе ұлғайды.

Жыл сайын Солтүстік және Оңтүстік қашыртқылардан Қуандарияға 20-40 м³/сек су түсіп

тұрады. Ол суды Қармақшы ауданының Жаңақала Қазалы ауданының Қазалы, Қызылқұм және Бозкөл шаруа қожалықтары егістікке және шабындыққа пайдаланып келеді. Судың аяғы Қазалы ауданының Ақсай-Қуандария көлдер жүйесін суландыруға және Арал теңізінің Бозкөл шығанағына су тасталады. Жалпы Қуандарияға жылына 150-400 млн.м³ су құйылып келеді. Осы суды шаруа қожалықтары 800-1700 га егінге және 10-15 га шабындықты суаруға пайдаланады [4].

Жаңадария каналына су жіберілуі Сырдария өзенінің деңгейіне байланысты. Ең судың тапшы болған жылдары – 1975-1976. Сол жылдары каналда 30-40-қа жуық су тартқыш насостар жұмыс істеді. Ал, 1979-1980, 1989-1991 жылдары Жаңадарияға 615-640 млн.м³ су беріліп, арнаны толтырып, сағадан аққан су Қызылқұмды қақ жарып, Ақшығанақ, Қаракөл, Шірікрабадтан өтіп, “Мыңқап” деген жерге жетіп, 20 мың га жуық шабындықпен жайылымдық жерлер суарылды және бірнеше көлдер суға толтырылды. Қазіргі уақытта Жаңадария су жүйесінің бойында 11 су тоспасы құрылысы, 36 шаруашылық каналдар бар. Барлық суармалы егіс көлемі 6000 га және суармалы шабындық жерлердің көлемі 158000 га құрайды. Жаңадария каналы бойынша 11300 шабындық және 30350 га жайылымдық жерлер суарылып, халық игілігіне пайдаланылуда [5].

Жаңадария каналы бойында 10 шақты көлдер жүйесі бар. Олар – Батырбай, Іңкәр, Жүнісбек, Ескі арна, Ескі аңыз, Алақашар, Тасжан, Мүлкүлән, Қосарық-баян. Көлдердің жалпы су сыйымдылығы 7866 мың м³. Бұл көлдердің барлығы шаруашылық маңызы біршама.

Суармалы егістік алқаптарға және құрғақ өзендердің арналарына жақын жерлердегі қабаттағы судың тереңдігі 5-15 м. Олардың сулылығы онша көп емес – 0,2-0,5л/сек. Жаңадария, Қуандария, Жусанды дала, Дариялық тақыр, Бикесары тақырлы жазықтарында өте күшті минералды қабаттағы судың тереңдігі 10-30 м. Кейбір майда құмтөбелер шоғырланған учаскелерде 5-10 м.

Қызылқұм алқабындағы ойпаттарда су 10-30 м тереңдікте жатыр. Ол сулардың дәмі әртүрлі – тұщы, кермек және өте ащы. Солтүстік Қызылқұмның 33750 км² аумағында көпғасырлық тұщы және сәл кермектеу судың мол қоры бар. Сонымен бірге дүмпу сулары да кездеседі. Бұл соңғылары 200-300 м тереңдікте жатыр, ал олардың сулылығы 5-50 л/сек. Дүмпу суларды Қызылқұмның Солтүстік бөлігінде тереңдігі 100-300 м, ал Оңтүстігінде – 300-500 метрлік құбырқұмдық (скважина) арқылы көтеріп, мал жа-

йылымдарын суландыру тиімді [6].

Түйіндей келгенде, бүгінгі таңда шаруашылықтың қай саласында болса да суды үнемдеп жұмсайтын технологияны енгізу маңызды. Әсіресе, құрғақ аридті климат жағдайында тамшылатып суару өзекті. **Осы тұрғыдан алғанда Жаңадария арнасында суды үнемдеуге мүмкіндік беретін шаралардың бірі қазіргі жұмыс істеп тұрған мелиоративтік жүйелерді қайта жөндеу, мекемелер мен шаруашылықтарда пайдаланатын судың мөлшерін үнемдеу, сол сияқты елді мекендерде шаруашылықты суаруда қосымша су ресурстарын пайдаланған тиімді.** Сонда ғана жайылымдық жерлерде шабындықтар көлемі ұлғайып, шаруашылыққа үлкен пайдасы тиеді. Өңірдің микроклиматтық жағдайы өзгеріп, флора мен фаунаның алуан түрлілігінің сақталары хақ.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история формирования ирригационных систем на нижнем течении реки побережья Сырдарьи. Отмечается, что в прошлом река Сырдарья имела множество разветвлений как Инкардария, Жанадария, Куандария, которые в свою очередь имели собственные протоки, создавали единую водно-иригационную систему. А также прослеживается нынешнее состояния функционирование речного комплекса.

The article is considered the history of formation of irrigation system on the lower flow coast of Syr Darya. It is noted that in the past the Syr Darya River had many branching like Inkardaria, Zhanadaria and Kuandaria, which in turn had their own channels, created a single water irrigation system. As well as the current condition of the functioning of the river complex.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кузник И.А., Луконин Е.И., Пилипенко В.Я. Гидрология и гидрометрия.-Гидрометеиздат: Ленинград, 1974.- 280 стр.
2. Нұрғызарынов А. Аралдың экологиялық тынысы.- Алматы: Ғылым, 2006. –226 бет.
3. Облыстық су шаруашылығы мекемесінің мәліметі. 2012.- 356.
4. Есханов Қ. Өзен арналары сыр шертеді. «Білім және еңбек» журналы № 9. 1967.
5. Қазақ совет энциклопедиясы.-Алматы. Т. 4. 1974., -280 бет.
6. Байхонов С. Сал үстіндегі маусым.- Алматы., 1985.- 196-219 бет.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

КИТАЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ПЕРВЫЙ ТЮРКСКИЙ КАГНАТ (к проблеме периодизации международных отношений)

Нуркен КУЗЕМБАЕВ,
Замзагуль САБДАНБЕКОВА,
кандидаты исторических наук, доценты Павлодарского
государственного педагогического университета,
Жамбыл ЖУМАБЕКОВ (Джамбул Джумабеков),
кандидат исторических наук, доцент Карагандинского
государственного университета имени Е.А.Букетова

Проблема периодизации международных связей между Китайской империей и Первым Тюркским каганатом важная научная проблема, ее изучение позволит реконструировать объективный ход исторических событий и понять истоки дальнейших отношений между этими государствами.

Первый этап (до 552 г.). Тюркский каганат еще до его выхода на международную политическую арену имел тесные контакты с государствами Китая. Известным фактом является посольство императора Западной Вэй, Вэнь-ди, к тюркскому кагану Бумыну в 545 году, сведения о котором имеются у С.Жюльена: *«l'empereur Thai-tsou leur envoya un ambassadeur nommé Hou-ngan-nou-pan-thou, qui était originaire du pays de Thsieou-thsiouen. Tous les habitants du royaume se félicitèrent entre eux: — Aujourd'hui, dirent-ils, un ambassadeur d'un grand royaume vient d'arriver chez nous; notre royaume va devenir florissant»* [1, с. 8].

Причиной данного посольства является гражданская война в Китае. Западная Вэй в поисках союзника в войне против Восточной Вэй отправила данное посольство во главе с Ань Нопанью в ставку тюркского кагана. Именно данное посольство определило внешнюю политику тюркского кагана, основными приоритетами которой был военный союз с Западной Вэй, а также война с Восточной Вэй и Жужанским каганатом [2, с. 29 - 30].

Образование тюркского каганата непосредственно связано с жуань-жуанями. Политическая история тюркютов начинается с восстания подневольных алтайских племен против жужан. Начало восстания относится к походу племен теле против жужан в 536 году, однако восстание было быстро подавлено вассалом жужанского кагана Бумыном (впоследствии ставшим основателем тюркского каганата) [3, с. 82]. Покоренные племена теле были приняты в орду тюркютов, что, на наш взгляд, объясняется общими интересами тюркютов и теле – свергнуть господство Жужанского каганата.

Бумынь усилил свою политическую позицию путем союза с Западной Вэй (Чжоу) в 551 г. Недостаток письменных источников по данной проблеме позволяет сделать вывод о том, что переговоры велись в строжайшей секретности, так как они были открытым вызовом против жужанского кагана.

В следующем году он сразился с жуаньжуанями и разбил их. Каган жуаньжуаней Анагуй покончил жизнь самоубийством. В том же году умер и Тумынь. На короткое время преемником Тумыня стал его сын Коло, который организовал еще одну атаку

на жуаньжуаней. Он также вскоре умер, и престол унаследовал его брат Муган, который отправился в погоню за оставшимися в живых предводителями жуаньжуаней на восток Китая [4, с. 213].

Восточная Вэй в то время была союзницей жужанского кагана. В данной ситуации не понятна политика императора восточной части китайской империи. Возможно, не желая идти на открытую конфронтацию с тюркютами, они решили сдать жужаней. К 555 году тюрки окончательно разбивают жужан в Монголии и добиваются выдачи от китайцев 3000 жужан, которые были казнены [3, с. 82].

Последующее становление тюркской государственности не внесло коррективы во внешнюю политику Тюркского каганата, несмотря на то что в Китае прошла смена династий: наследницей Западной Вэй было государство Бэй-Чжоу, Восточной Вэй-Бэй-Ци.

Второй этап (561-581 гг.). Активной внешней политики до 561 г. по отношению к Китаю у тюркского каганата не наблюдалось, так как основным приоритетом тюрков на тот момент было укрепление внутреннего положения каганата за счет экспансионной политики в сторону соседних территорий. Так, в 555 г. завершилось покорение Семиречья и всей степной зоной Казахстана, вплоть до Сыр-Дарьи и Приуралья [5, с. 88-89].

В 561 г. к Мугану-кагану было отправлено посольство от Бэй-Чжоу и Бэй-Ци с просьбой о династическом браке. Дары, представленные из Бэй-Ци, чуть было не решили дела, однако дипломатическая ловкость чжоуских послов вынудила Муган-кагана сохранить верность союзному договору. Война началась незамедлительно.

В 563 г. армия Бэй-Чжоу осадила г. Цзиньнянь потерпела неудачу, и тюрки вернулись в родные степи. На следующий год поход был повторен, но армия империи Бэй-Ци наголову разбила одну из чжоуских армий под Лояном, что заставило Муган-кагана отвести войска. И все же, несмотря на эту неудачу, он отверг предложенный союз с Бэй-Ци. Это объясняется тем, что согласно союзному договору империя Чжоу выплачивала тюркам ежегодно по 100 тыс. кусков шелковых тканей [2, с. 35].

В 572 г. Мугань-хан умер. Его брат и наследник Тобо-хан заключил мир с империей Ци, не порывая с империей Чжоу. Когда же империя Чжоу осмелилась отказаться от взноса дани, одной военной демонстрации тюркютов оказалось достаточно для восстановления исходного положения. Империя Ци, страшась тюркютских набе-

гов, истощала свою казну, выплачивая дань за мир. Тобо-хан говорил: *«только бы на юге два мальчика (Чжоу и Ци) были покорны нам, тогда не нужно бояться бедности»* [6, с. 237].

В 576 г. чжоусцам удалось разбить цисцев и овладеть г. Пхиньянь. Попытка цисцев отвоевать город не имела успеха, и цисский император, осажденный в г. Ечен, перед его сдачей отрекся от престола в пользу князя Гао Юань-цзуна, который также попал в плен в 577 г.

580 г. был апогеем тюркского могущества. В 581 г. Тобо-хан умер, а в Китае Чжоуская династия была свергнута боевым генералом Ян Цзянем, основателем династии Суй, что полностью изменило политическую обстановку [2, с. 37].

Во второй половине VI мы можем наблюдать следующий распорядок: Тюркюты, имея мощную военную машину, состоящую из тяжелой латной кавалерии, проводили экспансионную политику по отношению ко всем государствам. Проявлениями такой политики можно считать и захват смежных территорий, и экономическую экспансию. Раздробленность, а затем и гражданская война государств Бэй-Чжоу и Бэй-Ци, позволило сделать тюркам Китай своим данником и получать дань в виде шелка, необходимый для налаживания торговых связей и международного авторитета Тюркского каганата.

Исходя из этого, можно понять желание тюрков монополизировать торговлю шелком, посредством контролирования важнейших артерий Великого Шелкового пути. То есть можно проследить закономерность: когда китайские государства платили дань за сепаратный мир и союз, экономическое и военное господство не подвергалось сомнениям, но с прекращением поставки дани внутри самого каганата и за его пределами начались процессы, впоследствии уничтожившие каганат.

Третий этап (581-603/604 гг.). После переворота, происшедшего в Китае, тюрки остались без шелка. Ян Цзянь прекратил дипломатические отношения с варварами, а в то время внешняя торговля шелком сводилась в основном к обмену подарками между посольствами кочевых ханов и двором императора. Естественно, что тюрки не собирались мириться со сложившимся положением дел, началась война. Суйская армия растянулась по всей линии Великой стены. Китайские пограничные войска были полностью разбиты. Однако недостатки в действиях армии были восполнены дипломатической службой [2, с. 122].

Китайским лазутчикам удалось не только отвести опасность от границ своего государства, но и вызвать конфликт между удельными князьями, впоследствии этот конфликт и привел к расколу каганата в 603 году. Однако списывать гражданскую войну на усилия китайских лазутчиков было бы не правильным, причины данного конфликта находятся намного глубже. Как уже оговаривалось, китайские государства платили дань тюркскому кагану в период раздробленности Китая. В 581 г. в Китае возникла новая династия, которая объединила Китай, то есть по сути Суйская империя больше не нуждалась в помощи кочевников, а значит, перестала и платить дань, так необходимая для поддержания экономической системы каганата.

Потеря экономического равновесия вызвала дисбаланс в военной отрасли, что привело к возникновению местных противоречий, которые накопились со времени образования каганата.

Таким образом, мы пришли к следующим выводам. Первый этап тюрко-китайских взаимоотношений (до 552 г.) связан с выходом Тюркского каганата на мировую политическую арену. Данный этап характеризуется также дружественными отношениями и военным союзом (551 г.) императора Западной Вэй и тюркютского кагана. С 552 по 561 года предполагалось некоторое затишье во взаимоотношениях тюрков и китайцев. Это обусловлено активной экспансионной политикой в сторону территорий Семиречья, Поволжья и Приуралья. Второй этап тюрко-китайских отношений (561-581 гг.) характеризуется раздробленностью, а затем и гражданской войной государств Бэй-Чжоу и Бэй-Ци, что позволило сделать тюркам Китай своим данником и получать дань в виде шелка, необходимый для налаживания торговых связей и международного авторитета Тюркского каганата. В третьем этапе (581-603 гг.) мы можем наблюдать объединение Китая и возвышение династии Суй, протюркская политика которой привела к закату военного могущества и распада Первого Тюркского каганата как унитарного государства.

РЕЗЮМЕ

Мақалада Бірінші Түрік қағанаты және Қытай империясы арасындағы халықаралық қатынастарды кезеңдеу тәрізді маңызды ғылыми мәселе қарастырылады. Тарихи деректерді саралау негізінде үш кезең анықталып, өзара қарым-қатынастардағы негізгі қозғаушы себептер, олардың шиеленісуі және тұрақталуы қарастырылады. Жібек саудасына және алым-салық төлеу қатынастарына ерекше көңіл бөлінеді.

The article considers an important scientific problem of the periodization of international relations between the Chinese Empire and the First Turkic Kaganate. On the basis of the analysis of historical sources, three main stages are singled out, the main driving motives in relations, their aggravation and stabilization are considered. Particular attention is paid to the trade in silk and the nature of tribal relations.

ЛИТЕРАТУРА

1. Julien S. Documents historiques sur les Tou-kiue (Turcs). // Journal Asiatique. - 1864. - Vol. III, IV.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Товарищество «Клышников — Комарова и К», 1993. — 527 с.
3. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрков VI-VIII веков. — М.-Л.: Издательство Академии наук, 1946. — 210 с.
4. Барфилд Т. Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н. э. — 1757 г. н. э.) / Пер. Д.В. Рухлядева, В.Б. Кузнецова; науч. ред. и пред. Д.В. Рухлядева. — СПб, 2009. — 448 с.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. А-А.: Рауан, 1992. — 376 с.
6. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том I. - А.: ТОО "Жалын баспасы", 1998. — LL XIV + 390 с.

ОСОБЕННОСТИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Гульназ РАЗДЫКОВА,
доцент Павлодарского государственного педагогического
университета, ассоциированный профессор,
кандидат исторических наук

Рассматривая особенности религиозного воспитания в казахском обществе в конце XIX – начале XX вв., мы видим, что казахи, не впадая в пароксизм крайней религиозности, гармонично воспитывали своих детей в соответствии с мусульманскими ритуалами и национальными традициями. Они уделяли внимание и нравственному, и трудовому, и половому, и санитарно-гигиеническому воспитанию. Истоки воспитания происходили из семьи.

Воспитанию детей придавалось большое значение в семье. Наряду с выработкой почтительного отношения к образованию и грамотности, в семье на первый план выдвигалось воспитание детей в духе мусульманской нравственности. Настольной книгой воспитания являлся Коран, который пропагандировал такие нравственные качества, как честность, правдивость, ответственность, доброта. В соответствии с Кораном детям внушали, что они должны быть совестливы перед самим собой, обществом, Аллахом.

Важной воспитательной задачей в казахской семье было привитие детям чувства уважения к старшим. Серьезное внимание в казахской семье отводилось почитанию детьми своих родителей. В Коране сказано, что если один из родителей или оба состарятся, станут дряхлыми, то не следует повышать на них голос, грубить, попрекать куском хлеба. Детей учили постоянно заботиться о родителях, делать им приятное, радовать их своими делами, материально поддерживать, не перечить, не обижать, не бросать их в старости одних. Особенно уважительное отношение, чувство благодарности воспитывали к матери. В народной пословице говорилось: «Анаңды жүз рет Меккеге арқалап апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» («Даже если мать сто раз повезешь в Мекку на спине, не сможешь её отблагодарить»).

В казахском народе считалось, что все: и хорошее, и плохое в человеке от матери, воспитание передается с молоком матери, и его основы остаются на всю жизнь (сүтпен берген – сүйекпен кетеді).

Большую поучительную нагрузку несет в себе народная песня «Сердце матери», в которой поведана печальная история об огромной любви матери к сыну, не пожалевшей для него собственное сердце, и преступном эгоизме сына, который забрал сердце у матери ради своей любимой девушки. В этой песне осуждается неблагодарность детей и звучит призыв к бескорыстной любви и уважению к родителям.

Почитание родственников являлось одним из важных направлений воспитания в казахской семье. Казахи строго придерживались священных слов Корана: «К родителям – благодеяние, и к родичам, к сиротам, и беднякам» [5]. Верующие

казахи не ограничивались проявлением доброты к своим родителям, детям, они точно так же относились к родственникам, разрыв связей с которыми считался большим грехом.

В казахском обществе семья, семейные и родовые отношения считались неизблемыми и святыми. Поэтому с ранних лет детям объясняли, что причина разрушения семейных, родовых отношений объясняется несправедливостью, завистью, высокомерием отдельных членов семьи. Таким образом, основы социальной справедливости в начале закладывались в семье, а потом распространялись на все общество.

Далее, воспитательный процесс в казахской семье включал формирование таких качеств, как: ответственность за свои слова, поступки, верность своим обязательствам и обещаниям. В Священном Коране говорилось: «Речь добрая и прощение – лучше, чем милостыня, за которой следует обида» [7]. Для кочевого народа не было ничего более ценного, чем честь и совесть. Родители старались с молодых лет привить эти качества своим детям. Они знали, что человек с чистыми помыслами, бескорыстный, добрый везде и всюду пользуется всеобщим уважением. В этой связи возникли следующие поговорки о совести, чести. **Например:**

*Все мое нажитое добро – в жертву души,
А душа же в жертву моей чести.*

Большое внимание в воспитании подрастающего поколения, особенно девочек, уделялось развитию чувства стыдливости, которое должно было удерживать от неблагопристойных поступков. С этой целью девочкам говорили: «Қызға қырық үйден тыю» («Воспитание девочки, дело всего рода»).

В отличие от воспитания мальчиков, девочек наставляли на правильный путь очень мягко, используя, например, такой подход: «Қызым саған айтам, келінім сен де тыңда. («Дочь, тебе говорю, сноха, ты тоже слушай»)). Когда отец хотел сделать замечание девочке, то не мог прямо сказать это дочери, поэтому он говорил это матери или другому пожилому человеку, в надежде, что дочь примет их слова к сведению. Нравственное воспитание девушек осуществлялось следующими методами – убеждения, личного положительного примера старших и родителей, приучения, упражнения, поощрения, похвалы, одобрения, наказания [8].

У казахов распространялось такое широкое понятие, характеризующее важное качество воспитанной девушки – «Қыздың инабаттылығы» («Достоинство девушки»), которое подразумевало уважительность девушки к старшим, покладистость, терпеливость. Нравственная основа женщины, ее доброта считались честью и совестью народа. С самого рождения девушке внушались правила

поведения в семье и обществе. Такое воспитание девушек вполне соответствовало мусульманским традициям.

В исламской системе воспитания уделяли большое внимание материальному обеспечению семьи. В одном из хадисов утверждается, что «лучшим динаром, который может истратить человек, является тот динар, который он потратит на своих детей». Данный принцип ислама имел своеобразное преломление в казахском обществе, богатые родственники обязаны были помогать своим бедным сородичам.

В семейном воспитании отводилось большая роль формированию чувства ответственности родителей за своих детей. Мать и отец обязаны были окружить теплотой, любовью, добротой и заботой своих детей. В исламе покинуть детей, оставить их без средств к существованию, обречь их на нужду и гибель считалось преступлением. Существовало множество пословиц об огромной любви родителей к детям, которые мечтают сделать их еще лучше: «*Қарға баласын аппағым дейді, кірпі баласын мамығым дейді*» (Ворона своего детеныша называет «мой беленький», еж называет «мой мягонький»).

Особое место в казахском обществе занимал вопрос о сиротах, о которых в Коране упоминалось много раз: «*А вот сироту ты не притесняй, а просящего не отгоняй*» [9], «*И давайте сиротам их имущество*» [10]. Поэтому, если жена оставалась вдовой, то все родственники мужа должны были помогать ей. Воспитывая детей, родители учили радоваться успехам своего ближнего, не злословить, творить добро по мере своих возможностей. Они говорили: «*Не зло или гнев, а терпение и добро должны доминировать в отношениях между людьми. В тебя камнями, а ты возвращай – хлебом*».

Родители заботились не только о физическом развитии ребенка, но и о духовном. Кроме Корана, детям читали поучительные народные сказки, легенды, дастаны и знакомили с мудрыми поговорками и пословицами, пели колыбельные и другие песни.

Казахи, будучи гостеприимным народом, воспитывали детей правильно встречать гостей и правильно вести себя в обществе.

Кочевая жизнь казахов требовала не только физической выносливости, но и крепости духа. Поэтому в семейном воспитании акцентировалось внимание на мусульманских заповедях: ни в коем случае не опускать руки, а действовать так, чтобы изменить свое существование к лучшему, не терять самоуважения, помнить: «*кто богат, пусть будет воздержан, а кто беден, пусть ест с достоинством*».

Мир нравственной культуры ислама представлен в мусульманских хадисах (преданиях о пророке Мухаммеде и его сподвижниках), которые гласят: верующий не должен быть грубияном, сквернословом, беспутным и безнравственным человеком; кто обманывает нас, тот не из нас; старайся не ссориться с людьми; будь добр к тем, кто плохо с тобой обошелся; говори правду, даже в том случае, если она не в твоих интересах; несчастен раб денег и вещей; не поднимайте человека с его места, чтобы самому сесть, а старайтесь расширить

круг и всем дать место; не завидуйте друг другу; не испытывайте ненависти; не прислушивайтесь к беседующим; не будьте скардными эгоистами и стяжателями; не выискивайте недостатки у других людей. Вышеизложенные нравственные ценности были моральным кодексом, по правилам которого воспитывался казахский народ, тщательно охраняя свой язык, культуру, быт и обычаи.

В практике сложились и использовались различные методы воспитания детей: поучение, наставление, намек, включение в деятельность, пример родителей и взрослых, поощрение и наказание. В методике воспитания ребенка в семье важное место уделялось фактору влияния окружающей среды на формирование личности ребенка. Поэтому правоверный казах изучал окружение своего ребенка, его интересы и потребности. С детства родители стремились привить своим детям чувство справедливости, воспитать такие качества, как честность, ответственность за свои поступки. Большое внимание уделялось воспитанию девушки как будущей матери, хранительницы домашнего очага. Особенностью воспитания степных девушек являлось сохранение за ними определенной свободы. Притом что родители должны были выполнять ее желания, они также должны были держать ее строго, учить приличиям с раннего возраста. На своеобразие воспитательного процесса повлиял кочевой образ жизни казахов, который требовал не только физической, но и духовной выносливости: сдержанности, благородства, оптимизма, сильной воли.

Специфика воспитания детей в казахском обществе заключалась в том, что казахи видели приоритет в получении образования. Под влиянием ислама и нравственных ценностей, накопленных в казахском обществе испокон веков, постепенно выкристаллизовывался идеал человека, в котором сосредоточивались лучшие качества личности: любовь к родной земле, уважение к старшим, забота о родителях, почитание родственников и еще много других прекрасных качеств.

Таким образом, в духовно-нравственном воспитании детей в казахском обществе гармонично сочетаются веками сложившиеся традиции народа, мусульманские духовные ценности, а также стремление к прогрессу и образованию.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Красовский М. Область сибирских киргизов... – С. 457.
2. Инфантьев П.П. Этнографические рассказы из жизни татар, киргизов, калмыков, башкир, вогулов и самоедов. – СПб.: Изд. А.Ф.Девриена. – б.г. – 262 с. – С. 3.
3. Алтынсарин И. Соч.: В 3 т. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1978. – С. 292–293.
4. ГА ПО. – Ф. 699. – О. 1. – Д. 447. – Л. 23.
5. Коран / Под ред. И.Ю. Крачковского. – 2-е изд. – М., 1986. – 727 с. – сура «Корова», аят 77.
6. Коран. – сура «Преграда», аят 198.
7. Коран. – сура «Корова», аят 265.
8. Даирбаева А.Е. Нравственное воспитание девушек в казахской народной педагогике: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1993. – С. 14–15.
9. Коран. – сура «Утро», Аят 9.
10. Коран. – сура «Женщины», Аят 2.

ХОДЖА АХМЕД ЯСАВИ – выдающийся религиозный деятель, поэт, философ

Роза БЕЙСЕМБИНА,
доцент КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова

К XII в. Туркестан обрел широкую известность благодаря проповеднической деятельности прославленного суфийского шейха, выдающегося поэта и философа Ходжа Ахмеда Яссави. В то время город был известен под именем Яссы. Название связано с расселением в этом округе одноименного тюркского племени, входившего в конфедерацию западнотюркских племен.

Родившийся в Испиджабе (ныне г. Сайрам) в 1103 г. Ходжа Ахмед получил первоначальное образование у своего отца шейха Ибрагима. Дальнейшее образование и воспитание ему дал Баха Ад-Дин Испиджаби, известный ученый из ханафитского мазхаба. После этого он отправился в Отрар к знаменитому Арыстан Бабу. После смерти учителя Ахмед Яссави продолжил учебу в Бухаре, где получил высшее духовное образование в медресе шейха Юсуфа Хамадани и символ суфизма – силсилу.

Суфиями называют тех мусульман, которые очистили себя (Сафа-чистота) от страстей и вещиизма и носят одежду из грубой верблюжьей шерсти – **суф**.

Суфизм, или как его часто называют на Западе мусульманским мистицизмом, зародился в середине V III – начале IX века и получил широкое распространение среди народов Ближнего и Среднего Востока, от Северо-Западной Африки до северных окраин Китая и Индонезии.

Исламский мистицизм являлся сложным и многоплановым религиозным мировоззрением. До настоящего времени нет единого мнения по его определению. Наиболее емкое и точное определение суфизма принадлежит О.Ф.Акимускину: *«Суфизм – это особое мистическое, религиозное философское мировоззрение в рамках ислама, представители которого считают возможным через посредство личного психологического опыта непосредственное духовное общение человека с божеством. Оно достигается путем внутреннего озарения, ниспосланного человеку, идущему по «пути» к Богу с любовью в сердце»*.

Распространение суфизма в Центральной Азии относится к концу X – началу XI века ко времени правления династии Караханидов. Именно в этот период в государстве Караханидов произошел знаковый цивилизационный сдвиг: **исламизация тюркских племен**. Важным событием этого периода стал рост городов в Сырдарьинском регионе (южные районы Казахстана), число которых приближалось к 200, появились торговые ремесленные предместья, где сосредотачивалась основная городская жизнь, которую сопровождал голос муэдзина, призывающий время от времени всех правоверных отвлечься от мирских забот и обратиться свои помыслы к Аллаху.

Северный Туркестан или присырдарьинские города, хотя и приняли ислам, но рядом соседствовали не принявшие ислам тюрки. Во многих легендах о Яссави говорится о Сыгнаке, жители которого не воспринимали ислам.

Учение Яссави было направлено по главному руслу – прежде всего нужно было дать понять народу о пользе **ислама**. Основой религии древних тюрков было поклонение Небу (Тенгри) и Земле и следующим по значению было женское божество Умай – покровительница домашнего очага и детей. Идея верховного божества Тенгри (Танир) возникла в мировоззрении многих тюркских народов, в том числе у предков казахов задолго до внедрения ислама. Некоторые исследователи считают, что культ Тенгри был уже вполне оформившейся религиозной системой, что способствовало принятию привнесенной исламом идеи единого бога Аллаха. Великий мыслитель, признавая основные каноны ислама, в основу своего учения поставил взаимовлияние исламской веры с древними тюркскими верованиями. Мусульманский философ Мухаммад Икбал говоря о раскрепощающей роли суфизма, оценивал это религиозное течение как «форму свободомыслия и альянса (союз, объединение) с рационализмом». Постепенно ислам стал проникать с помощью суфиев, дервишей в самые отдаленные степные районы.

Из учения Яссави, пришел культ святых аулие, которые по заслугам жизни получили покровительство Аллаха. У казахов культ почитания святых стал основой в верования Аллаха. Через святое лицо верующий «материально» ощущает близость Аллаха. В кочевьях тюрков не строились мечети. Поэтому места захоронения святых – мазары стали своего рода местами молебн тюрков, где они совершали пятничный молебен и другие важнейшие исламские церемонии. Чудеса, связанные с культом святых оставляют еще одну надежду у тюрков на исцеление от тяжелого недуга. Проведение торжественных мероприятий начинается с посещения и благословения святого места.

Суфизм, как идейное течение, отвечавшее велению времени, сыграл огромную и духовно-нравственную роль в истории народов Центральной Азии. Центральноеазиатский ислам вообрал в себя все те домусульманские верования и ценности. Поэтому центральноеазиатский суфизм стал новой стадией или этапом развития регионального ислама.

Суфии выступали против использования религии для насилия над человеческой духовностью, они провозглашали равенство всех религий и верований. Суфии утверждали о праве каждого идти своим путем к истине.

Яссави отмечал: *«если будет перед тобой неверный, не делай ему обиды: от души обидчика отвергается Аллах, Такому уготована преисподня»*.

Образ шамана у мусульманских тюрков перерастает в баксы. При этом он имеет те же орудия, бубен, кобыз Коркыт-Ата и др. Но теперь он читает Коран, произносит имена святых Арслан Ата, Коркыт-Ата, Ходжа Ахмеда Яссави, призывает их на помощь для изгнания нечистых духов из тела больного.

Все это позволяет нам говорить, что мусульманский суфизм Яссави не только опровергал религиозные представления тюрков, но сохранил обряды и обычаи, традиционные культы. Идеология суфизма имела сильнейшую черту – она умела мирно сосуществовать – такова суть самого мировоззрения великого мыслителя.

В росте популярности Ахмеда Яссави как духовного наставника и проповедника огромную роль сыграли духовные стихотворные сборники «Диван-и-Хикмет» («Свода премудростей»), В этом сочинении Ходжа Ахмед Ясави раскрывает основы суфизма, учит людей добру, призывает народ к честности, справедливости и терпению, взывает народ к разуму, который есть стержень, дарованный Богом изначально каждому, к покаянию, которое есть первая ступень к возвышению.

Ходжа Ахмед Ясави посвятил все силы, всю жизнь объединению родственных народов, созданию духовного единства на фоне многочисленных религиозных течений. Согласно легенде, Ясави вынужден был уйти от мирской суеты для служения Всевышнему. Он поселился в подземной келье города Яссы, около мечети, где и провел остаток жизни.

После смерти шейха (1166-67 гг.), созданный им духовный суфийский центр Яссави продолжал активную деятельность, а возникший у могилы мемориальный комплекс стал одним из популярных во всей Центральной Азии местом поклонения. В конце XIV века по велению великого Тимура, почтавшего Ахмеда и приложившего немало усилий для возвеличивания памяти Яссави был воздвигнут грандиозный мавзолей.

В XVI-XVIII вв. Туркестан был столицей Казахского

ханства. Казахские ханы осознавали политическую и духовную значимость этого города для сплочения кочевых племен, входивших в состав молодого государства.

Туркестан и его величественный памятник связываются с идеей казахской государственности. Эта его роль подчеркивается и тем фактом, что столь значительное и почитаемое место со временем превратилось в пантеон выдающихся государственных деятелей, знаменитых ученых и поэтов. Внутри комплекса были погребены такие известные в истории люди, как Абулхаир-хан, Рабига Султан-бегим, Жолбарыс-хан, Есим-хан, Аблай-хан, Каздауысты Казбек-би и многие другие.

Таким образом, имя Яссави сближает братские тюркоязычные народы и позволяет почувствовать единство. Для всех шести современных тюркоязычных государств мира имя Яссави является одним из самых великих и его духовное наследие бесценно, а чагатайский язык, на котором написаны его «Хикметы» позволяют насладиться первозданной красотой тюркского слова.

ЛИТЕРАТУРА

1. Байпаков К., Ерзакович Я. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971 г.
2. Валиханов Ч. Собр. Соч. В пяти томах. т. 4. Алматы.
3. Султангалиева А. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы, 1998.
4. Триминчэм Дж.С. Суфийские ордена в исламе. – м., 2002.
5. Шахимардан. Жизнь Ходжа Ахмеда Ясави. Простор 1992, №9.

БҮГІНГІ СТУДЕНТ – ЕРТЕҢГІ МАМАН

БҮГІЛ ӨЗЕНІ БОЙЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕР

Лаура ҚАРАБЕК,

Тараз мемлекеттік университетінің 3-курс студенті

Бүгіл өзені Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау ауылдық округіне қарасты Қараой ауылының территориясында орналасқан. Ол Қараой ауылының оңтүстігінде орналасқан Бесағаш, Бала шабақты, Үлкен шабақты тау сілемдерінен басталатын бұлақтардан және батысында орналасқан Қора саз, Төс бұлақ, Қос әуіт, Үлкен әуіт, Сасық бұлақтардан бастау алатын Бүгіл өзені оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай ағады. Қараой ауылы Бүгіл өзенінің бойында орналасқан. Бүгіл өзенінің ағу бағыты Ақтаудың оңтүстік бөктерін жағалай оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай ағады. Бүгіл өзенінің суы көктем айларында көбейеді. Жазғы мерзімде өзеннің кейбір жерлері құрғап қалады.

Бүгіл өзенінің солтүстік жағалауындағы Ақтаудың оңтүстік бөктері тік және жартасты болып келеді. Жартастар таудың бөктерін жағалай тізбектеліп, етегінен жоғары қарай да бірінің үстіне бірі жапсарлана орналасқан. Жартастардың түсі сұр. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша Қазақстанда

сурет салған тастардың түсі қара немесе қоңыр болып келеді. Түсі сұр тастарға салынған суреттер сирек кездеседі. Өзеннің оңтүстік жағалауында обалар қорымы және солтүстік жағалауындағы жартастағы суреттер, осы тарихи-ескерткіштер Бүгіл өзені ежелден елді мекен болғанының дәлелі.

Өзеннің солтүстігіндегі Ақтаудың оңтүстік бөктеріндегі жартастардың күнес беттеріне салынған суреттер, Бүгіл өзенінің жағалауын мекендеген ежелгі адамдардың, мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Жартаста салынған суреттер осы өңірді мекендеген адамзаттың шаруашылығы мен кәсібін, діни наным-сенімдерін, аңшылық өмірін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, рухани мәдениетін, оның дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы болып келеді. Ертеде өмір сүрген өнер адамдарының әсемдікке деген құштарлығы және олардың танымдық дүниесі осы жартаста бейнеленген суреттерден сезіледі.

Бүгілдің бойындағы суреттер Ақтаудың өзенге

жақын орналасқан етегіндегі жартастардың күнес беттеріне салынған. Олар бір жерде шоғырланбай, өзен бойын жағалай әр жерде салынған. Сурет салынған жартастардың беті тегіс емес, сыртқы күштердің әсерінен жартастардың беті қатты бұзылған, ойықтар, сызықтар, жарықтар пайда болған, кейбір жартастардың жұқа қабаттары сынып түсіп қалған. Суреттерді қатты таспен жартастың бетіне қашап салған. Олардың ішінде жартастың бетін темірдің көмегімен ойып салған сурет кездеспейді. Жануарлардың дене мүшелері толық бейнеленген, ішінде сызба түрінде салған суреттер де кездеседі.

Бүгіл өзені бойына қоныстанған тайпалардың өнері толықтай жетілген, дамыған және адамдар мен жануарларды бейнелеуде пішіндері мен тәсілдерінің сан алуандылығымен ерекшеленеді. Бүгіл өзенінің оңтүстік жағалауында обалар қорымы көптеп кездеседі. Бұл тарихи ескерткіштер есепке алынғанымен, арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Петроглифтердің кезеңін одан әрі анықтау, обалар қорымына қазба жұмыстарын жүргізген кезде дәл анықтауға болады.

Өзен бойындағы жартастарға салынған суреттердің ішінде арқардың кескіні көп. Суретші жартастардың бетіне арқардың бейнесін тігінен таутеке, тауешкімен араластырып, қозғалыссыз, тыныштықта және қимыл үстінде көрсеткен суреттер де бар. Суреттердің ішінде қиғаш салынған бейнелер де кездеседі. Арқардың суреттерінің ішінде жақсы салынғаны сирек кездеседі. Суреттердің көп бөлігі қарапайым, ішінде мүйіздерін ерекше үлкен етіп иіп салған бейнелер де бар.

Бүгіл өзеніне жақын жағалай жартастарға салынған суреттерден бөлек, таудың жоғарғы бетіне жақын орналасқан жартастың күнес бетіне екі арқардың мүйізін үлкен шар тәрізді иіп, шеттеріне нұр шашып тұрған күннің бейнесін салған.

Көне заманда өмір сүрген тайпалардың тұрмысы мен әл ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болды. Сондықтан адам табиғат күшін құдірет деп білді. Бұл ең алдымен күн, от, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі болды. Күн мен от жылылық береді – мұның бәрі қайырымды рухтармен байланыстырылды. Қола дәуірі адамдарының ойлау қабілеті де мифтік дәрежеде болды. Олардың түсінігінше өмір табиғат құбылыстарының тізбегіндей ауысып келіп отырады. Осы тізбек бұзылмас үшін, олардың ұғымынша, құбылыстардың әрқайсысы құдайларға құрбандық шалып жалбарынып, ерекше бір рәсім жасау керек деп есептелді. Мұндай рәсімдер арнайы жерлерде тау шатқалдарында, қасиетті бұлақтар мен өзен бойларында жасалды. Қола дәуірінде және одан кейінгі дәуірлерде мұндай қасиетті орындар тау жартастарының етегі болды. Жартастарға қашалып салынған суреттер айналадағы орта туралы түсініктерін білдірді.

Жартастардың бетінде арқардыкінен кейін таутеке мен тауешкілердің бейнесі көп. Таутеке мен тауешкілердің суреттерін өз үйірімен және арқарлармен араластырып, қозғалыссыз және қозғалыс үстінде салған. Жеке салған суреттер де кездеседі. Суретші таутеке мен тауешкінің бейнесін жақсы ажыратып салған. Тауешкіні жіңішке, нәзік етіп бейнелесе, таутекені биік, денесі жуан, өз үйірінің қамқоршысы етіп бейнелеген. Ертедегі суретшілердің шығармашылығы өздерінің айналасындағы жануарлар дүниесінің нақты бейнелеріне етене жақын

болды. Сондықтан суретшілер өздерін қоршаған жануарлар дүниесін бейнелеуге тырысқан. Әсіресе, олар арқар мен таутеке, жолбарыс пен қабылан, бұғы мен түйе, жылқы мен бұланнның өздеріне жақсы таныс бейнелерін сомдай білген. Бұл жануарлар еркіндіктің, батылдықтың, бостандықтың белгісі деп түсінген. Ертедегі шеберлер бейнелеуді мазмұндылығымен жақсы үйлестіріп отырған.

Бүгіл өзені бойындағы жартастардан табылған суреттердің ішінде қос өркенші түйенің бейнесі бар. Түйенің қозғалмай тұрған бейнесі жақсы сақталған және тартымды. Жеке жартастың бетіне жалғыз түйенің қозғалыссыз салынған бір суреті бар, басқа түйелердің бейнесі арқарды, таутекенің, тауешкінің, жылқының, бұғының, адамның бейнелерімен қатар, қозғалмай тұрған бейнесі салынған. Ерекшелігі қос өркенші түйелердің бейнелері басқа жануарлардың суретінен жоғары тұр.

Бүгіл бойындағы суреттердің ішінде үш адамның бейнесі бар. Олар салыну стилі жағынан бірбіріне жақын, бір суретшінің қолымен салынған бейнелер сияқты. Адамдардың басы шар тәрізді домалақ, белдері, қолдары, аяқтары сызба түрінде салынған. Екі қолын төмен иіп, екі аяғын екі жаққа тарбайтып, белдерін ерекше ұзын етіп бейнелеген. Суретші адамдардың суретін арқар, таутеке, тауешкі, түйе, тағы басқа жануарлардың топтасып тұрған ортасында бейнелеген. Суретші ертедегі адамдар өздерінің айналасындағы жануарлар дүниесінің нақты бейнелеріне етене жақын және адамдардың өмірі жануарлармен тығыз қатынаста болғанын сахналаған. Өзен бойындағы жартастардан арқардың, бұғының суреттерімен қатар бейнеленген жалғыз жылқының суреті сақталған. Жылқының суреті көп болуы да мүмкін, себебі өшіп қалған, белгісіз бейнелер көп.

Сақ қоғамы аруақтарға, отқа, жылқы мен күнге табынды. Басты құдай – Күн болды. Сақтардың түсінігі бойынша, құдай әр түрлі жануарлар бейнесінде өмір сүрді. Сақ аңыздарында жылқы күнмен және отпен байланыстырылды. Есіл қорғанынан табылған патшаның бас киімінде бейнеленген қанатты аттар күн қозғалысын білдіреді.

Жартастағы суреттердің ішінде бұғылардың суреттері сирек кездеседі, бірақ өте айшықты етіп салынған. Әсіресе, бұғылардың тармақталған мүйіздері керемет шеберлікпен бейнелеген.

Бұл суреттерде арқар, тауешкі, таутекеге көп орын берілген. Суреттердің ішінде жылқының, садақтың, иттің бейнесі сирек кездеседі. Күн басты құдайлардың, өгіздердің бейнесі кездеспейді. Б.з.д. I мыңжылдықтың бас жағында өгізді қасиет тұту әлсірей бастайды, ал ерте темір ғасырында жойылып кетеді. Суреттерді жаңарту және өзгерту тәрізді өгіздердің суретін атқа айналдырған.

Суреттерді энеолит дәуіріне де, ерте қола дәуіріне де жатқызуға негіз жоқ. Өйткені, бұл өңірде осы кезеңнің бірде-бір қонысы немесе обалар қорымы анықталған емес. Бұл обалар қорымын зерттеуші ғалымдар ерте темір дәуірінің мәдени ескерткішіне жатқызады. Бүгіл өзені бойындағы обалар қорымы мен жартаста салынған суреттердің арасында байланыс бар екені дау туғызбайды. Жартастағы суреттер – Бүгіл өзенінің бойын мекендеген тайпалардың бейнелеу өнерінің ескерткіші.

Тараз қаласы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТАР және Кеңес өкіметі

Сабырхан СЫМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Кеңес дәуірі кезінде Қазақстанда алапат ашаршылықтар болып, халқымызды жер бетінен бір-жолата құртып жібере жаздады. Соның ішінде, әсіресе, екі үлкен әлеуметтік апат еліміздің мәңгі есінде сақталып қалды. Мұның біріншісі – 1921-1922 жылдары, екіншісі – 1930-1933 жылдары болған ашаршылықтар. Оған не себеп болды, біз енді сол жөнінде ой толғасақ.

Былтыр, яғни 2017 жылы дүниені дүр сілкіндірген, Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аймағын астаңкестен еткен 1917 жылғы Қазан төңкерісіне 100 жыл толды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей: «Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті... Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржолға күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды» [1].

«Патшалық Ресей бізді тұншықтырды, атамекенімізді қанға бояды. Большевиктік Ресей де бізді тұншықтырып, атамекенімізді, отбасымызды қанға бояуда» [2], – деп Мұстафа Шоқай бекер айтпаса керек.

Қазақстанның экономикалық жағдайы тіпті 1917 жылғы революцияға дейін де нашар болатын, ал 1918 жылы соғыс бұрқ ете түскен кезде одан да төмендеп кетті. Атап айтқанда, кеңестер билігіндегі өңірлердің хал-ахуалы өте ауыр еді. 1918 жылдың басында шыққан национализациялау туралы декреттер астық егілуге тиісті жерлерді ашықтан-ашық тартып алды, ашық базарлардағы азық-түлікке тәркілеу жүргізілді, ал базарлардың өзінде азық-түлікті қолдан арзан бағамен сату күшпен реттеліп отырды. Тамыз айында большевиктік билеушілерге бүкіл Шығыс майдан бойынша астықты күшпен тартып алу жүктелді... 1918 жылы жаз айларында мыңдаған қазақтар мен қырғыздар аштан қырылды. Кеңестік ресми өкілдердің жергілікті халықтың аш халін көзімен көріп, жағдайдың бұдан да гөрі насырға шабатынын сезінуден басқа ештеңе істей алуға қауқары да жоқ еді. Төменде ресми баяндамадан алынған үзінді Қазақстандағы революцияның ең басты жеңісі таптық белгінің быт-шытын шығарып, кез келген адамды қайыршыға айналдырғанын көрсетеді: «осыған қарағанда қырғыздардың (қазақтардың)

күні кешеге дейін жайлы тұрмысы барларының өздері де қайыршыға айналды. Сондықтан далалық облыстарда тұратын қырғыз әулеттерінің келесі жылдың жазына дейін экономикалық көмек сұрамай-тындары сирек кездеседі» (Марта Олкот. Қазақтар. Стэнфорд, 1987) [3].

«Қазақ» газетіндегі «Жасасын, Алаш автономиясы!» деген мақаласында Міржақып Дулатов атап көрсеткеніндей: «Қымбатшылық, ашаршылық күннен күнге күшейді. Біреуді-біреу тал түсте талау, өлтіру, зорлау, абақтыға жабу деген нәрселер баланың ойынындай болып кетті. Ертең тірі болуына бүгін ешкімнің көзі жетпеді. Малын-жанын қорғайын дегендер Совет үкіметіне қарсылық қылған болып танылды. Мынауың елге бүліншілік дегендер контрреволюционер аталды» [4].

Ресейдегі азамат соғысының салдарынан қазақ даласындағы шаруашылықтар қатты күйзелді. Себебі, Кеңес елінде азық-түлік отрядтары құрылып, олар халықтан азық-түлікті тартып алып, Қызыл Армияға жөнелтумен айналысты. Негізінен, олар астықты шаруалардан тұрақты кесімді бағамен сатып алуға, дәулеттілерден еріксіз тартып алуға тиісті еді, бірақ та бәрі де басқаша болды. Отрядтар шаруалардың астығын күштеп алып, оларға түк те қалдырмады. Олардың халыққа қысымы 1919-1920 жылдары тіпті күшейді. Бұл кезде Қазақстанда 11,5 мыңға жуық адамы бар 370 азық-түлік отрядтары болды. Олардың басым бөлігі Ресейдің Мәскеу, Петроград, Иваново-Вознесенск тәрізді ірі қалаларынан келгендер еді, сол себепті бұлар жергілікті халықты аямады. Қазақтардан азық-түлік отрядтары тым аз жасақталып, сырттан келгендер халықты ашықтан-ашық тонауға кірісті. Кеңес үкіметі азамат соғысы кезінде ауылшаруашылығы өнімдерін дайындаудың төтенше жүйесін, «соғыс коммунизмі» саясатының негізгі белгілерінің бірі – азық-түлік салғыртын жүргізді. Ол 1919 жылғы 11 қаңтардан 1921 жылғы наурызға дейін күшті өрістетілді. Азық-түлік салғырты бойынша қойылған басты талап: шаруалардың өзіне талшық етуге жетер-жетпестей ғана азық қалдырып, қалғанының бәрін мемлекетке міндетті түрде тұрақты бағада өткізуге тиістілігі болды. Ал шаруаларға астығын еркін сатуға, базарға шығаруға қатаң түрде тыйым салынып, оны тыңдамағандар қатаң жазаланды. Азық-түлік салғырты Қазақстан мен Түркістанға 1920 жылы енгізіліп, толық емес деректер бойынша, 1920 жылы Қазақстан шаруаларынан 44 миллион пұт астық, 5 миллион пұт ет, 333 мың пұт май және басқа да көптеген ауылшаруашылығы өнімдері жинап алынды, қазақтар көп малынан айрылып, жұтады. Азық-түлік отрядтары қарудың күшімен халықтың соңғы үнеміне дейін сыпырып алғандықтан, әр жерде қарулы қарсылықтар

оты бұрқ ете түсті. Азық-түлік салғырты 1921 жылғы наурызда басталған жаңа экономикалық саясатпен алмастырылды. Алайда жұтаған халықтың жағдайы онымен жақсарған жоқ.

1918-1920 жылдары болып өткен Азамат соғысы аяқталысымен Кеңес өкіметінің әскери-коммунистік шаралары қайшылықтарға тап болды. Қазақстанның экономикасы дағдарысқа ұшырады. Қатты дағдарыс республиканың ауыл шаруашылығынан айқын байқалды. Мысалы, егістік көлемі 1914 жылғы 3,6 млн. десятинадан 1922 жылы 1,6 млн. десятинаға дейін қысқарды. Осы кезеңде астықтың жалпы өнімі 3 еседен аса кеміп кетті. Мал шаруашылығының саласы да ауыр халге ұшырады. Жалпы алғанда, осы жылдарда барша мал түрі 10,8 млн. басқа кеміді.

Ауыл шаруашылығындағы апатты жағдай 1921-1922 жылдардағы аштыққа алып келді. Батыс Қазақстанның 5 губерниясында: Орынбор, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Бөкейде 2,3 млн. адам ашыққан.

Кеңес үкіметі Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы аштықтың себептерін былайша түсіндіруге тырысты: 1) жұт, малдың көктайғақтан қырылуы; 2) 1920 жылы қатал қыстың ерте түсуі; 3) пішеннің жетіспеуі, жайылымның тақырлығы, өйткені мұның алдында бірнеше жыл қатарынан шөп шықпаған болатын. Басқаша айтқанда, қазақ халқының бұл қырылуы табиғаттың қолайсыз құбылыстарының кесепаты деп көрсетілді. **Ал, Мұстафа Шоқай «Қазақ жеріндегі ашаршылық» деген мақаласында оның шынайы себептерін былайша көрсетті:** «*шын мәнінде, қазақ жеріндегі жұт ... революция әкелген апат, большевиктік саясаттың кесірі. Бұл – алты атарды кезеніп тұрып, халықтың малын тартып алудың салдары. ... Халықты алдап-арбау арқылы малын әкетіп, қайтарып береміз, жақсылық жасаймыз деп беті бүлк етпестен істелген арсыздықтың салдары*» [5].

Абдолла Асылбековтің 1921 жылғы Қазақстандағы аштыққа байланысты «Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы» атты мақаласы осы зұлмат туралы көп мәліметтер береді («Қызыл Қазақстан», № 4, 1922, 7 январь). Бұл мақалада сол жылғы аштықтың нақты себептері ашық айтылады. Қазақ халқының қызылдардан да, ақтардан да қатты жапа шегіп, елді жайлаған жұттан емес, сол әскерлердің ылаңынан қырылғанын әшкерелейді. Сонымен қабат, халық санын көрсететін статистикалық мағлұмат та өте маңызды орын алған. «*Қазақ Республикасындағы төрт облыстағы халықтың екі миллионнан астамы, яғни 59 пайызы аштыққа ұшыраған*», – дейді Абдолла Асылбеков. Осы дәйекке сүйене отырып, егер төрт облыста 3 миллионнан астам қазақ болса, онда қалған аймақтағы халық санының қанша болатынын оймен шамалауға болады. Бұл жерде әңгіме тек қазақ халқына байланысты айтылған фактілер деп түсіну керек. Өйткені осы кездегі аштыққа ұшыраған аймаққа КИРЦИК-тің өкілі ретінде келген Смағұл Сәдуақасов жұт жайлаған елдімекендердегі орыс пен қазақтың жай-күйін өзінің есебі ретінде жасаған баяндамасында ашық жазған. Бұл бойынша орыстар аштан қырылмаған. Аштан тек қазақ қырылған. Орыстарға тамақ үлестірілген. Қазақ құр қалған.

А.Асылбеков өз мақаласында былай деп жазды: «*Крестьяндардың астығы қазынаға алын-*

ды. Сондықтан халықтың қолында тіршілігін сақтарлық артық астық, сауып ішерлік сауын қалмады. Бәрібір биылғы жазғы құрғақшылық болып, егін-шөп шықпай қалмағанда да, жұрттың көбі аштыққа ұшыраған болар еді. Бұл шаруашылықтың бұзылған қиындығының, тұрмыстың ауырлығының салдары. Сөйтіп, халық зор аштықтың апатына ұшырады.

Революция болғанға шейін Қазақ Республикасының астығы өзіне жетуші еді. Егіншілік кәсібін қылатын крестьяндар егін егуге жарайтын жерлерінің бәріне тегіс егін шашып, оған астығы өз ішкермендігінен артылып, көшпелі, мал баққан, егін екпейтін елдерді асырауына жететін егіннің бұрынғы дағдылы шығысы жылына 140 миллион пұт астық беретін. Халықтың ішкермендігіне жүз миллионнан артық кетпейтін. Қалған қырық миллионды басқа базарларға сатушы еді. Сондықтан жұрт көп аштыққа дәл биылғыдай орасан ұрынбайтын.

Қазақ Республикасының шаруасы 1917 жылдан бері жылдан жылға өзгерді. Бұрынғы шаруа күйзеліп шаруашылық бүлінді. Жыл сайын шаруа бұрынғысынан кері кетті. Бұлай шаруаның бүлінуіне себеп жұт, құрғақшылық болғанмен, әсіресе, өктемген өзгерістен соңғы әлеумет соғысы. Егін 1917 жылдағыдан тең жартысы кеміген, мал жүздің 83-і кеміп 17-і ғана қалған. Міне, осындай құлақ естіп, көз көрмеген егін, мал шаруасының күйзелуі, төмендеуі, жылдан жыл кері кетуі, әрине, көп себептерден шыққан. Сол себептің ең зоры, ең үлкені – әлеумет соғысы. Қазақ Республикасында, әсіресе, солтүстік жағында басмашылықтың басылмауы. Бұл басмашылықты басу, бітіруге жіберген қызыл әскер болсын, ақтардың бандиттерінің салдары болсын жүрістері Қазақ Республикасында үзілмеді. Соғысы да шаруашылық ретіне қарамайды. Артық нәрселерді екі жағы да дұшпандарына түспес үшін шегінген кезде тұрған жеріндегі нәрселерді өртеп кетті нәм өздеріменен бірге алып кетті. Мәселен, 1920 жылғы Торғайдағы жұт қыс қатты болып, шөп шықпай қалғандықтан болмай, ерсілі-қарсылы жүрген әскер жұрттың шөбін аттарына берген. Бар қоңды көліктерін лауға мінген. Қалада карточкамен өлшеулі ас алатын қаладан шыққан солдаттар қырдағы тұрмысты да қаладағыдай біліп, елдің бар соғымының еттерін «Буржуйсындар» деп өздерінің ойларына келгенше асып жеген. Сөйтіп, халықтың шөбі таусылып, қолдағы малдары, бар қоңды көліктері лауда болып, қырдағы малды бағуға қоңды көлік болмай, қырдағы малдары қырылған. Сойған соғымдарының еттерін әскер жеп тауысып, қаладан сатып алуға астық шықпай, қазан жұтына ұшырап, адамдары ашыққан.

Кең Қазақ Республикасында жазғытұры ойлағандай астық шығымы болмай, салынған егін қалыбыменен Қазақ Республикасының Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губерналарында шықпай қалды. Бұл губерналардың бар халқының саны 2 220 000 жан. Егінжай ауданы 1 130 000 десятина. Бұдан 700 000 десятина егіннен бір дән шықпай құрып кетті. Қалған 430 000 десятинадан барлығы десятинасынан 6 пұттан екі жарым миллион пұт астық алынды.

Осы күні декабрь менен январьда аштардың саны 2 039 900 жан. Бұл аш губерналардағы барлық жанның жүзден 59-ы (59%). Аш губерналардың соңғы хабарларына қарағанда күннен күнге өсіп, көбейіп барады. Нан таусылды. Жұрт шөп жеп, ағаштың

тамырын, өлексе жиюшы еді. Оның өздерінің аздығы нәм аузына түскенді жеп тамақ қылып аштан, аурудан өлгеннің көбейгендігін білдіреді.

Егер де астық табылмаса, халықтың бәрі аштан өліп, құрып таусылмақ. Қазақ Республикасындағы жергілікті халық қазақ халқы мәдениет жүзінде әбден кейін қалған көшпелі жұрт. Далада астық апаратын шойын жол, ауруларын қарайтын аурухана, бастарын қосып, бір жерден асырауға жері шалғай бытыранды. Аштықтан сау жаққа көшіруге жылы киімі жоқ. Ауырып, аштан қырылып жатыр. Соның үшін қалғанын аман сақтап, алып қалу үшін жылдамдық жәрдем ісіне қатынаспаса, қазақ халқынан тарихта бар еді, жоқ болды деген сөз ғана қалмақ» [6].

Қазақстанда 1920, 1923 жылдары ауылшаруашылығы санақтары жүргізілді, профессор С.П.Швецовтың басқаруымен жерге орналастыру мөлшерін белгілеуге арнайы экспедиция шығарылды. Олардың мәліметі бойынша, 1921 жылғы ашаршылықта Қазақстан халқы 30 пайызға дейін азайған. Кейбір елді мекендердің тұрғындары 100 пайызға қырылып, көбісі жолда, үйінде аштықтан ажал құшқан. Осы санақ Ақтөбе, Торғай аймақтарында шаруашылықтардың үштен бірінің жойылып кеткенін, Батыс Қазақстан халқының 31,4 пайызының қырылып қалғанын көрсетіп берді. Алайда санақ материалдары толық болмағандықтан (мүмкін мәліметтер әдейі жойылған шығар), әлі күнге дейін осы ашаршылықта қанша адамның қырылғанын анықтау қиынға соғып тұр.

Еліміздің тарихындағы екінші ең үлкен ашаршылық 1930-1933 жылдары болды. Тарихшылардың, саясаттанушылардың пайымдауынша, оған кінәлі Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекиндік реформа, содан туындаған шаруалардың жекеменшігін тәркілеу, жою, әртүрлі ауылшаруашылық салықтарымен бас көтертпеу, күштеп отырықшыландыру, күштеп колхоздастыру, дәулеттілерді, зиялыларды «феодализмнің өкілі, буржуазиялық интеллигенция» санап атып-асу, билікке жалшыларды тартып, қоғамды қолдан надандандыру.

БК(б)П Орталық Комитеті 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Ф.И.Голощекинді жібергені мәлім. Екінші пленумда сөйлеген сөзінде-ақ: «Ауылды кеңестендіру, бұл – шын мәнінде, Қазақстанды кеңестендіру. Сондықтан барлық салада біздің жұмысымыздың ілгерілеуі үшін қазақ кедейлерін ұйымдастырмай өсте мүмкін емес», – деп жар салған ол билік басына келгеніне екі ай өтер-өтпесте ауылдарды аралап көрмей-ақ елдегі жағдайға өзінше баға беріп, байбалам салды. «Ауылда байдың үстемдігі, рудың үстемдігі өзгеріссіз сақталған, шын мәнінде өлкеде кеңес өкіметі орнамаған», – деп мәлімдеді. Сол кезде «Советская степь», «Еңбекші қазақ» газеттерінің бетінде Голощекиннің «Ауылды кеңестендіру», «Асыра сілтеу болмасын, аша-тұяқ қалмасын» деген сөзі ұран болып көтерілді. Сөйтіп, ол Қазақстанда «Кіші Қазан» өткізуге кірісті, қазақтың төрт түлік малын түгел сыпырып алып, мемлекет меншігіне бергізді, әсіресе, қазақтың «жаны» – жылқының көзін жоюға айрықша күш салды.

«Ұжымдастыру» деген желеумен көшпелі елді арсыздықпен тонатып, халықты әдейі ашаршылыққа ұрындырды. Қызыл империя бейбіт заманда қазақ ұлтына жасаған нәсілшілдік қылмысын

әлемдік қауымдастық алдында жасырып, кеңестік цензура көп жылдар бойы 1931-1932 жылдардағы қазақ даласындағы ашаршылықты баспасөз бетінде жазуға, бұқаралық ақпарат құралдарында айтуға қатаң тыйым салды. Өкімшілік биліктің осынау ел ішіндегі арандату саясатына, әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа қарсы шыққандар «халық жауы», «бандалық құрылым» аталып, қырып-жойылды.

1930-1933 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылықтан елімізде қазақтардың үштен бірі ғана аман қалды. Өйткені, 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының алғашқы мәліметтері бойынша, Қазақстанның ауыл халқы 1930 жылдың 1 маусымынан 1933 жылдың 1 маусымына дейін 3 миллион 379,5 мың адамға кеміген. Осы кемуден 1 миллионнан астам босқындарды шығарып тастасақ, 1930-33 жылдардағы аштық құрбандарының 2 миллион 200 мың адамнан асып түсетінін байқаймыз. 1992 жылы осы мәселені ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының комиссиясы арнайы тексерген-ді. Сонда: «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамнан, яғни барлық қазақ халқының 48 процентінен айрылды», – деп, бұл комиссия нақты тұжырымдама жасады.

Қазір белгілі болып отырғандай, 1930-1933 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылықта, негізінен, жас балалар мен әйелдер көп қырылды. Ол халқымызға ауыр демографиялық зардап тигізіп, ұлтымыздың сан жағынан өсуін тежеп тастады. 1897 жылғы патша өкіметінің санағына сенсек, қазақтар көрші өзбек ұлысынан үш есеге жуық артық, яғни 4 миллион 84 мың болыпты. Аштықтың ащы дәмін татпаған өзбек халқы бұл күндері 30 миллионға жуықтаса, қазақтарды шет елдегі қандастарымен қоса есептесек, орташа болжам бойынша саны 15-17 миллион шамасында ғана. Мұны еске алғанда кейбір тарихшылар «Егер де 1930-1933 жылдары елімізде қолдан аштық жасалмағанда, қазақтардың саны 60 миллионның үстінде болар еді», – деп те ой толғайды.

«Саяси маньяк» Голощекин тұсында асыра сілтеушіліктің шын мәні саяси тұрғыдан бүркемеленді. Ол қызыл империя үстемдік құрған шақта айтуға да, жазуға да тыйым салынған мәселе болып, кейін бұл әлеуметтік апат – «Қызыл қырғын», «голощекиндік геноцид» деген тарихи атауға ие болды. «Голощекиндік зұлматтың қазақ халқына алып келген шығыны әлем тарихында (пайыз есебімен) гитлершілдердің Еуропадағы еврейлерге жасаған сойқанымен пара-пар келіп, Кампучиядағы «қызыл кхмерлер» зардабынан асып түседі. 1932 мешін жылы болған бұл зұлмат 20-ғасырдағы адамзат баласына қарсы жасалған ең өрескел қылмыстардың бірі болып саналады», – деп жазады белгілі демограф М.Тәтімов пен тарихшы Т.Омарбековтер.

Мысалы, әйгілі демограф-ғалым М.Тәтімовтің ой-толғауы мынадай: «Большевиктік өкімет көшпелі және жартылай көшпелі қазақтар үшін нағыз зұлмат орнатты, өйткені олар ұжымдастыру науқанын пайдаланып, олардың өмір сүру көзі – малдарын сыпырып алып, аш қолымен колхоздарға тықты. Бұл аштықтың басы 1928 жылы байлардың мал-мүлкін күшпен кәмпескелеуден басталады. Аштықтың басталуы ұжымдастыру және таяудағы көшпелі елді күшпен отырықшылыққа айналдыруды тез қарқынмен жүргізудің нәтижесінде тездетілді. Филипп Голощекин өзінің «Кіші

Октябрь» идеясын Сталиннің жеке өзінің құптап, қолдауымен сол кездегі өміршіл тәртіптің жазалау жүйесін пайдалана отырып, ескі Ресейлік отарлық тәртіптің бүтіндей екі ғасырда істей алмағанын екі жыл ішінде іске асырды. Жасанды ұйымдастырылған аштықтың нәтижесінде – голощекиндік зұлматтан Қазақстанда 2 млн. 300 мың қазақ өлді. Еуропа тектілерден 200 мың адам, яғни олардың 8-9 проценті шетінеді. Аштықтан және зұлматтан аман қалу үшін 900 мың қазақ (18 процент) шет аймаққа – шекаралас Ресейге, Орта Азияға, сондай-ақ Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және Иранға қаша көшті. Қазіргі қазақ диаспорасы санының үштен екісін (3 млн. 333 мың) осы біржолата көшіп кеткен халықтың ұрпақтары құрайды. Өлгендерді және шет жерге көшкендерді қоса есептесек қазіргі Қазақстан Республикасындағы жергілікті халық өзінің 70 процентке жуығынан айырылған. Жалпы шығын жергілікті халықтың көшпелі аудандарында 85-90 процентін, жартылай көшпелі аудандарда 70-75 процентін, ал отырықшы аудандарда 50-60 процентін құрайды. Голощекиндік зұлмат немесе қазақстандық қайғылы жағдайдың ауыртпалығы Украинада болған аштықтан жалпы өлген адам саны жағынан екі есе аз болса да (5 млн. адам), шығынына қарағанда (18-17 процент) әйгілі украиндық трагедиядан үш есе асып түседі» [7].

XX ғасырдың 20-жылдарының басы мен 30-жылдарының басындағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді жан-жақты әрі жүйелі зерттеген ғалым, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА құрметті академигі Талас Омарбекұлы бұл туралы былай дейді: «Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында

қалды... Ақиқатқа жүгінсек, аштықтың төркінінде большевиктер партиясының көсемі Лениннің және оның партиялас серіктерінің бұралаң іздері сайрап жатыр» [8].

Сонымен жоғарыда келтірілген деректер мен мәліметтерге сүйеніп, мынадай қорытынды жасаймыз: қазақ халқы XX ғасырдың 20-30-жылдары кеңестік тоталитарлық жүйенің ең бір қасіретті кезеңін басынан өткерді. Оның ең бір жантүршігерлік көрінісі осы кезеңде қазақ даласында қолдан ұйымдастырылған ашаршылықтар болды. Ел аман, жұрт тынышта жүздеген мың халық аштықтан қырылды. Коммунистік тоталитаризмнің күштеу, зорлау саясаты қазақ халқын өз жерінде жаппай қырғынға, қуғын-сүргінге ұшыратып үлес салмағы жағынан ежелгі ата қонысында азшылыққа айналдырды. Олардың демографиялық және басқа да ауыр зардаптарын қазірге дейін тартып келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
2. Мұстафа Шоқай. Шовинизм туралы. – Ақиқат, 16.07.2012.
3. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. 143-144-бб.
4. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 436-б.
5. Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы, 1992. 104-б.
6. Асылбеков А. Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы. – Ақиқат, 07.11.2011.
7. Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 1994. 67-68-бб.
8. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 2001. 223-б.

УДК 94(574)''19''

ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ ГОЛОДА 1921-1922 ГОДОВ

в Казахстане в советской и отечественной исторической науке

Бауыржан МУСАЕВ,
кандидат исторических наук, доцент,
Актюбинский региональный государственный
университет им. К.Жубанова

Голод в I-половине 20-х годов в Казахстане до последнего времени не был изучен в качестве самостоятельного объекта исследования.

Проблема голода освещалась в периодических изданиях 20-х годов XX века, где авторами статей были государственные служащие, которые непосредственно занимались сбором и систематизацией информации получаемых с мест [3].

Одним из первых исследователей проблемы голода 1921-1922 годов в Казахстане был Н.И.Мардаровский. Будучи заведующим, агитационного подотдела Казглавополитпросвета в 20-е годы, он активно занимался пропагандистской и просветительской работой, принимал непосредственное участие в борьбе с голодом. Н.И.Мардаровский в своем труде утверждал, что голод и нищета присущи

только малокультурным странам. Автор отмечает, что причинами голода были безграмотность населения, колониальная политика царизма, первая мировая и последовавшая за ней гражданская войны. Автор указывал масштабы голода, мероприятия по борьбе с ним и его последствиями, а также давал рекомендации по ведению сельскохозяйственных работ с целью предотвращения дальнейших стихийных бедствий и числа голодающих, как в КАССР, так и в РСФСР.

В целом данный источник был по содержанию не научной монографией, а агитационной литературой, засоренной идеологическими штампами [4].

В 30-40-х годах исследования по данной теме не велись, ибо историческая наука подвергалась жестокому идеологическому контролю, и многие факты истории Казахстана были завуалированы.

После XX съезда КПСС с началом «хрущевской оттепели» тема голода перестает быть закрытой.

В книге Нейштадта С.А. «Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР (1917-1937 год)» впервые говорится о числе голодающих в 2,3 млн. человек, а также о масштабах голода и мероприятиях, проведенных государством в борьбе с голодом. При этом автор широко использует архивные данные [5].

Весьма интересен труд, написанный коллективом авторов: Чулановым Г., Ишмухамедовым Б., Антоновым П.И. и Розмановым М.М. «Очерки истории народного хозяйства Казахской ССР (1917-1928 годов)». В этой книге рассматривается состояние народного хозяйства Казахстана в период с 1917 по 1928 годы, а также анализируется процесс восстановления и развития народного хозяйства. Авторами были использованы довольно объемный фактический материал, который представляет большой научный интерес для исследования [6].

С темой голода 1921-1922 годов в Уральской губернии выступил Пимнев Н.А. на XXII научной конференции в УПИ им. А.С.Пушкина, которая состоялась в 1958 году в Уральске. В тезисах доклада содержался большой исторический материал с привлечением огромного количества статистических данных. Однако, докладчик осветил события только в Уральской губернии [7].

Новый этап в изучении проблемы голода I-ой половины 20-х годов XX века был представлен трудами Дахшлейгера Г.Ф., Нурпеисова К.Н., Турсунбаева А.Б. и других опубликованных работ в 60-80 годах XX века.

В книге Турсунбаева А.Б. «Казахский аул в трех революциях» автор очень подробно описывает все социально – политические процессы, которые послужили причиной данного стихийного бедствия, охватывая весь период начала XX века [8].

В монографии Дахшлейгера Г.Ф. «Социально – экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана», до сих пор представляющую научную ценность, рассматривались социально – экономические преобразования в деревне и в ауле в 1921-1922 годах Дахшлейгер Г.Ф. в своей книге событиям голода 1921 года посвятил целый параграф. Он описал причины, масштабы стихийного бедствия, мероприятия, проводимые государством для борьбы с голодом. В книге автор впервые постарался отказаться от идеологических оборотов в изложении исторического материала [9].

В книге Нусупбекова А.Н. «Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917-1940)» при описании голода 1921-1922 годов представлялась характеристика тяжелого положения рабочих и мелких служащих городских предприятий. Говорилось также о помощи рабочих в борьбе с последствиями этого социально – политического бедствия [10].

В книге «Развитие народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти» под редакцией Баишева С.Б. и Чуланова Г.Ч. о голоде говорится вскользь, а о борьбе с его последствиями как о составляющей мероприятий, обеспечивающих восстановление сельского хозяйства Казахстана и возникновение социалистического уклада экономики. [11].

В «Очерках истории Коммунистической партии Казахстана», отмечается, что голод был следствием

не только засухи и крайней отсталости сельского хозяйства, но и чудовищным результатом гражданской войны. Книга акцентирует внимание на борьбу за влияние на массы между русскими шовинистами и алашординцами во время голода 1921-1922 годов, а также на деятельности центральных и местных партийных организаций РКП (б). В книге пишется о напряженной борьбе большевиков с антипартийными элементами в своих рядах и о ведущей роли РКП (б) в борьбе с голодом и его последствиями [12].

В работе Кучкина А. П. «Советизация казахского аула» события 1921-

1922 годов рассматривались эти проблемы с классовых марксистско-ленинских позиций. Автор обрушился с критикой на казахских баев. Он считал, что *«воспользовавшись бедственным положением народа, баи набросились на почти даровые руки бедноты, чтобы скорее перекрыть убытки, понесенные байским хозяйством во время неурожая и джута»* Кучкин А.П. утверждал, что *«бай использовал бедственное положение аульной бедноты и середняков для усиления своего политического влияния на них»* [13].

В монографии «Крестьянские советы Казахстана (история становления, укрепления и практической деятельности аульных Советов в 1917 – 1928 годах)» Нурпеисова К.Н. раскрывается суть борьбы Советов с голодом. Засуха и джут 1920-1922 годов, долгая зима без снега стали одним из главных испытаний для молодого советского государства. Автор монографии дал анализ деятельности советов по ликвидации последствий голода. Обращение РКП (б) ко всем членам партии 17 июля 1921 года стало главным документом мобилизации сил коммунистов и трудящихся. Вопрос активизации деятельности работы аппаратов советской власти по борьбе с голодом рассматривался на Второй Всеказахстанской краевой партийной конференции в 1922 года 17-19 февраля. Голодающему населению было выделено 170 млн. золотых рублей, созданы комиссии при губернских и уездных исполкомах. По решению Советов были созданы посевкомы по организации посевной кампании.

В монографии приведены примеры и факты по борьбе с голодом в Тургайском, Кустанайском уездах, Букеевской губернии [14].

В книге Шаумян М.Х. «От кочевья к социализму» о событиях голода 1921-1922 годов упоминается кратко. В ней освещено осуществление мероприятий по переводу кочевников на оседлый образ жизни и разрешение земельного вопроса. Эти мероприятия содействовали подъему казахского хозяйства и дальнейшему развитию земледелия среди казахского кочевого, полукочевого населения, содействовало осереднячиванию аула [15].

Виленский Е.Л. в монографии «Ликвидация безработицы и аграрного перенаселения в Средней Азии и Казахстане (1917-1932 годах)» отмечал, что за время голода казахский аул и деревня сильно обеднели, резко выросла численность и удельный вес бедняков и кедеев. Голод ударил, прежде всего, по сельским районам страны. И село, где была сосредоточена основная масса рабочей силы, сразу отреагировало на это бедствие тем, что выбросило в города десятки тысяч человек. Голод заставил многих рабочих, крестьян и служащих государственных учреждений сняться со своих мест и устремиться

в местности, не пораженные засухой, а также в наиболее крупные города края.

Борьба с безработицей в специфических условиях Средней Азии и Казахстана в первые годы НЭПа очень тесно переплеталась с организацией помощи голодающим. Почти все документы партийных и советских органов конца 1921 – первой половины 1922 годов, когда острота голода в крае была наибольшей, не делают различия между голодающими и безработными. Автор отмечает, что *«в тяжелых условиях голода, нищеты и разрухи государство, естественно, не могло оказывать помощь всем безработным или даже большинству лишившихся работы людей, приходилось выделять из них наименее обеспеченную, наиболее социально важную часть трудящихся – лиц, как правило, ранее работавших и имевших стаж не менее трех лет»*.

В работе на основе большого количества архивных материалов и печатных изданий, значительная часть которых была впервые введена в научный оборот, дан анализ этой сложной проблемы [16].

В «Очерках экономической истории Казахской ССР (1860-1970)» говорится, что голод был вызван стихийным бедствием – засухой и как следствие произошел массовый падеж скота. Далее подчеркивается, что голодало около 2 млн. человек. *«Неурожаем были охвачены и соседние области РСФСР и, следовательно, возможности оказания помощи были ограничены. Для спасения голодающих были приняты срочные меры: отпуск продовольствия, освобождение голодающих губерний от продналога, эвакуация голодающих в Сибирь и в Туркестанскую республику, размещение голодающих детей в детские приемники и дома, открытие столовых, увеличение количества уловов рыбы в морях и озерах»* [17].

Григорьев В.К. в своем исследовании книге «Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане», раскрыл политическую борьбу большевиков и их политических противников в 1920 по 1922 годам. Он описал деятельность бандитских формирований, которые всячески мешали большевикам осуществлять продовольственные заготовки, уничтожали продовольственные склады, тем самым лишая население КАССР продовольственного запаса, что, естественно, негативно сказывалось на положении голодающего населения.

Деятельность бандформирований стала одной из социально – политических причин голода 1921-1922 годов. Крестьянству, вовлеченному в политическую борьбу между Советской властью и ее противниками, было трудно вести свое хозяйство, что подорвало экономический потенциал КАССР к 1921 году [18].

Определенный итог изучения проблемы голода 1921-1922 годов был обнародован в «Истории крестьянства Советского Казахстана», где отражены основные аспекты развития крестьянства и мероприятия Советской власти в области аграрных преобразований. Авторы книги Нурпеисов К.Н. и Дахшлейгер Д.Ф. систематизировали накопленный материал и изложили его с позиций господствующего в то время мировоззрения [19].

Голод в I-ой половине 20-х годов XX в. был не только на территории Казахстана, но и на территории РСФСР. Поэтому данная тема широко изучалась и российскими учеными (Э.Б.Генкина, Н.Я.Трифонов, М.И.Бахтин, В.П.Данилов, М.П.Ким, Н.В.Тропкин,

Д.М.Забродин, Ю.А.Поляков, В.А.Щербань, В.П.Дмитриенко, Ф.С.Каратаев, В.Н.Александров, В.И.Белокопытов, Г.Я.Тарле).

Однако эти исследования были ограничены территориальными рамками Российской Федерации или изучался отдельно взятый регион. Общесоюзные данные приводились лишь для сравнения и полноты картины [20].

Необходимо отметить, что изучаемая тема рассматривалась и в трудах зарубежных исследователей Д.Нансен, Лив Нансен-Хейер, Г.Х. Карр [21].

В 1985 году с началом перестройки, гласности, демократизации общества, деидеологизации и либерализации гуманитарных наук появляются труды, где в той или иной степени затрагивается исследуемая проблема.

В работе Базановой Ф.Н. «Формирование и развитие структуры населения КазССР (национальный аспект)» отражены результаты историко-демографического исследования. Опираясь на данные переписи населения 1920 и 1926 годов, автор представил общую картину этно-демографической ситуации первой половины 20-х годов XX века. Исследователь утверждает, что за 1920-1926 года число казахов увеличилось на 11%, неказахское население сократилось с 53,4% в 1920 г. до 42,4% в 1926 году [22].

В историко-краеведческом очерке «Январцево: форпост, станица, поселок», написанном Ботовым И.М., на примере одной волости Уральской губернии подробно описаны социально-политические события в годы голода 1921-1922 годов с привлечением данных местного архива и печати [23].

В коллективном исследовании Асылбекова М.Х. и Галиева А.Б. «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 годов)» ретроспективно исследовали последствия голода 1921-1922 годов: изменения состава населения (национальном, социальном, территориальном, половозрастном), естественное движение (рождаемость, смертность), миграция населения [24].

Большой научный интерес представляет монография Абылхожина Ж.Б., изданная в 1991 году, где рассмотрены социально-экономические аспекты функционирования и трансформации традиционной структуры Казахстана. В книге дается анализ основных системных звеньев многоукладности, межукладных воспроизводственных взаимосвязей, механизма дифференциации крестьянских хозяйств в 20-е годы XX в. Автор значительное место отводит характеристике различных уровней социальной структуры казахского аула, применяя методы математического моделирования. Также используется способ, изобретенный американским статистиком Лоренцом (кривые Лоренца) применительно к 1922-1923 годам [25].

В 90-е годы XX в. наступает новый период развития казахской исторической науки, связанный с процессом появления и развития Республики Казахстан как суверенного и независимого государства. Историческая наука суверенного Казахстана полностью деидеологизируется, происходит переоценка многих исторических явлений изучаемого периода и его концептуальное обновление.

Критический анализ источников о социально-экономическом преобразовании, о становлении Советской власти в Казахстане даны историком,

методологом проблемы голода Т.Омарбековым. В его трудах первая половина 30-х годов описывается в сравнении с событиями голода 20-х годов. Как автор утверждает суверенность Казахстана открыла возможность выбора нового подхода к раскрытию значимых явлений и фактов в отечественной истории. История должна быть изучена как итог созидательной деятельности человека. Только при таком подходе можно изучить существенные моменты в истории общества в сравнении с другими обществами. Кроме того, он подчеркивает что историография должна основываться на общечеловеческой системе познания истины «человек – источник (шығарма) – человек». При этом он упоминает тождество его подхода с идеей Медушевской О.М. Так же он разделяет мнение Р.Б.Казакова, что историография помогает исследователю давать объективную оценку источнику. Ими выработан новый метод к раскрытию данной проблемы. В своих трудах Т.Омарбеков, в описании сложных противоречивых процессов 20-30-х годов XX века, придерживается нового подхода к методологии отечественной истории: триединства «человек – общество – государство». Выстраивая типологию источников как результата деятельности человека, исследователь может воссоздать на этой основе картину самой эпохи [26].

Уходящий XX век принес миру огромные потрясения. 1917 год определил границу в массовом сознании, за которой остались привычный порядок жизни, традиции поведения, мышления, в том числе и научного. Кризис науки и смена парадигмы ознаменовали собой начало XX века. Его завершение несет новую парадигму, отказ от укоренившихся схем в изучении исторического процесса, вытекающих из «единственного возможного» марксистско-ленинского методологического подхода [26].

Выход из методологического кризиса предполагает на основе новых парадигм: первый – осмысление прошлого и настоящего через постановку новых проблем, которое требует нового методологического знания на критическом изломе истории; **второе** – введение в научный оборот всего комплекса источников, исходя из представления об историческом источнике как результата деятельности человека. В этом отношении исследования М.Койгельдиева [26] дает возможность изучать эпоху, в частности историю Казахстана начала 20-х годов XX века через результаты деятельности выдающихся личностей. Данный источник, рожденный в новейшем времени позволяет лучше понять и само время, и действующих лиц истории. В исследовании проблемы голода нами представлены документы советского периода в двух группах:

-документы политических партий и общественных организаций;

-документы государственных учреждений и предприятий.

В основу классификации источников нами положен принцип «человек-общество-государство». Ибо XX век принес собой глобальные изменения в самой источниковой базе исторической науки [26]. В ряд таких источников новейшего времени мы можем назвать труды Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В.

В своих трудах Алексеенко А.Н. предоставил сведения о потерях среди казахского населения во время голода 1921-1922 годов, (414 тыс. человек или 18,5% коренного населения республики). Расчеты

числа пострадавших были проведены по следующей методике: за основу взяты изменения в возрастной структуре населения в период между переписью населения 1920 года и статистическими данными за 1924 год. Суть проблемы заключается в том, чтобы проследить, какое количество людей из каждой возрастной категории дожили с 1920 год по 1924 год. Для этого были составлены две таблицы возрастной структуры населения, на 1920 год по схеме (0-4, 5-9, 10-14, и т.д. лет), на 1924 год с учетом 4-х летнего перерыва (4-8, 9-13 и т.д. лет). По этим таблицам была проведена сверка по возрастным группам, для выяснения уменьшения количества людей в каждой возрастной группе с учетом естественной смертности и рождаемости после 1920 года. Также авторы говорят о сокращении количества хозяйств на 19,4 %, количества голов скота на 46,5% и количества десятины посевного надела на 53,3% [28].

Свой вклад в изучение голода 1921 – 1922 годов внесла Мамырханова А.М. По данным ее исследования, убыль крестьянских хозяйств по КАССР составила 14%, а общее количество хозяйств западного района Казахстана по сравнению с 1917 год к 1923 год убыло на 25,3%. С момента переписи 1920 года к 1923 году население Казахстана сократилось по ее данным на 18,4%, т.е. на 876 201 чел. Из них 410 669 – казахи. Исследователь провела комплексное исследование динамики численности и территориального размещения казахского населения в разрезе городов, аулов и областей Казахстана с учетом хозяйственных типов и расселения. Она осветила состояние народного образования и здравоохранения казахского населения в исследуемый период и впервые установила изменение численности и удельного веса казахов в период демографической депопуляции казахского народа в 1916 – 1921 годах не только в масштабе областей, но и также уездов и волостей. Для этого исследователь использовала архивные источники, периодические издания, а также результаты переписей населения [29].

Жоңғар басқыншылығына ойдағыдай тойтарыс бергеннен кейін Қазақстан біртұтас мемлекет ретінде бабалары мұраға қалдырған дәстүрлі шекте өзінің шаруашылық өмірін қайтадан дамыта бастады. Алайда XVIII ғасырдың орта шенінен бастап Ресей мемлекеті қазақтардың жеріне де, империяның бодандары ретінде қазақтардың өздеріне де орыс мемлекеттілігі идеологиясы тұрғысында көз тікті. Кіші жүзге келген әрбір шенеунік Ресей империясының билігіне көшкен жерді ұлғайта түсуге өз үлесін қосты. Осы саясатты жүзеге асыру барысында қазақтар дербестігіне қатты шек қойылды. Отарлау алдыменен империяның шекарасына өте жақын орналасқан аймақ ретінде Батыс Қазақстанда мейлінше толық жүзеге аса бастады. Жер туралы мәселе Батыс Қазақстан аумағында XVIII ғасырдың екінші жартысында ең басты мәселе болды. Бұл орайда империялық ресми ресейлік билік Кіші жүз халқының қайтпас қарсылығына душар болды. Ресей империясының отаршылдық езгісіне қарсы ұлы далада қазақ халқы талай көтеріліске шықты. Кіші жүздің Ресейге қосылуынан кейінгі отарлық жағдай қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресіне қозғау салды. **«Шығыстан соққан ызғырық, Батыстан соқты дауыл боп ...»** деп Дулат ақын айтқандай мұнда үлкен тарихтың ізі жатыр.

Ол кездегі Қазақстандағы элиталық партикуляризм мен сепаратизмді пайдаланған Ресей Тәукенің тұсындағы ұлттық, Әбілқайыр, Абылай, Нұралы тұсындағы арыстық хандықтарды одан әрмен жік-жік қылып, қуыршақ хандықтарға айналдырып жіберді. Қазақ мемлекеттігі институты XIX ғасырдың ортасына жетпей, түпкілікті жоғалды. Ал қазақ ұлттылығын жоғалтпау мәселесі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен қазақ жерінің әр пұшпағында қалған шөкім-шөкім қауымдардың ақыл-парасаты мен күш-жігеріне ең ауыр салмақ болып түсті. Қазақ халқы аумақтық та, мемлекеттік

те тұтастығын жоғалтып, Ресейдің Еділ бойы, Кавказ, Сібір, Орал бойы аймақтары мен Хиуа, Бұқар, Қоқан хандықтарының шағын-шағын диаспораларына айналды. Олардың әрқайсысы шектен асқан драматизмге толы жанқиярлық өмір кешті.

Даңқты батырдың ұлы Тіленші би жөнінде ХҮІІІ ғасырдың соңындағы деректерден көптеген мәліметтер алуға болады. Халықтың тілегі мен бірлігін қорғай алатын парасатты, ақылды, жігерлі ел иелері халық арасынан отаршылдық дәуірде көптеп табылды. ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде ұлттық тәуелсіздік жолындағы арпалыстың көш басында атақты батыр, даңқты би Сырым Датұлы тұрғандығы баршаға мәлім. Қазақ еліндегі ұлт-азаттық көтерілістеріне тән ерекше атап өтетін жәйт – көтеріліс басшыларына аса жақын болып, айрықша ықпал еткен жеке тұлғалардың болуы. Әрине, бұл тұлғалар бірінші кезекте өздерінің жекелеген айрықша қасиеттерімен, батырлығымен көзге түсті, сондықтан оларды жаугершілік заман талабына сай бұқара мойындады, арқа сүйеді және үміт артты. Осыған сәйкес өз кезегінде 20 жылға созылған азаттық күресіне Табын руын әкеліп қосқан **Тіленші Бөкенбайұлы Кіші жүз қазақтары қарулы қозғалысының Сырым батырдан кейінгі жетекшілерінің біріне айналған болатын.** Ол азаттық үшін күресте қызметі мен рөлі ерекше көрініп, сол кезеңдегі қоғамдық өмірден абырой-беделінің, ел үшін істеген еңбегінің, әділ билігі мен қайтпас батырлығының арқасында салмақты орын алған қайраткер.

Күні бүгін отандық тарихшы-ғалымдар Сырым көтерілісін зерттеуде бірқатар талас туғызатын проблемалар, шешілмеген қарама-қайшылықты сәттер қалып қойғанын тілге тиек етеді. Мәселен, атақты ру басыларының 1783-1797 жылдардағы көтерілістегі рөлі даулы күйінде қалып отыр, Сырым Датұлының Кіші жүздегі ықпалды билермен қарым-қатынасы әлсіз зерттелген. Бұл – жіті назар аударатын мәселе. Өйткені, ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде Ресейдің империялық-отаршылдық саясатының өлкеге дендеп енуіне байланысты, ғасырлар бойы өзінің рөлін сақтап келген хандық билік Кіші жүзде дағдарысқа тірелді. Хан билігін жоюды мақсат еткен патша үкіметі Ордада лаң туғызып, сұлтан топтарын бір-біріне қарсы қойып қырқыстыра бастады. Осындай жағдайда саяси тұрақтылықты сақтай алатын, аласапырандардың басты себебі отарлық саясатта жатқандығын бірден түсінген халық қалаулылары – билер Кіші жүзде белсенді қимылдарымен көзге түсті. Олар Сырым Датұлының төңірегіне топтасқан Қаратау би (Ысық), Сегізбай би (Төртқара), Тормамбет би (Байұлы), Көккөз би (Кете), Дөнен батыр (Масқар), Мұрат би (Шеркеш), Сопыра би (Алаша), т.б. болатын. Әсіресе, Сырымның ең жақын серігі, Табын руынан шыққан атақты би, батыр Тіленші Бөкенбайұлы ел тағдыры таразыға түскен сәтте билік тізгінін азаттық жолындағы күреспен байланыстырып, 20 жылға созылған көтерілістің басты жетекшілерінің біріне айналады.

Қазақстанда патша өкіметінің отарлық саясатының күшеюіне қарсы халық бұқарасының наразылығы Кенесары хан бастаған кең сипаттағы және ұзақ уақытқа созылған көтеріліске ұласқанға дейін-ақ біртіндеп күшейе түскендігі қазақ тарихынан мәлім. **Кенесары Қасымұлы көтерілісінің алғашқы хабаршысы – ХІХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы**

Кіші жүздегі Жоламан батыр Тіленшіұлының қозғалысы еді. Бұл жөнінде әйгілі тарихшы Е.Бекмаханов: *«жергілікті жерлерді ғана қамтып, тез өшкен жалын іспеттес түрде ғана болғанымен, онда жақындап келе жатқан дауылдың да белгілері байқалған еді»*, – деп жазған болатын [2, 200-б]. **Әбілқайыр ханның басты қолдаушыларының бірі, қазақ-қалмақ соғысының қаһарманы Бөкенбай батырдың немересі, Сырым Датұлы қозғалысының белсенді жетекшілерінің бірі Тіленші батырдың ұлы әрі би, әрі батыр Жоламан Кіші жүз қазақтары көтерілісінің басшысы болатын.** Ол ХІХ ғасырдың 20-жылдары Табын руы мекендеген жайылымға, өзендерге, тұзды жерлерге бай Жаңа Елек ауданын патша өкіметі тартып алған кезде-ақ өз руын бастап күреске шығады. Кенесары ханның Орта жүздегі көтерілісі басталғанда оларға көмекке баруға асыққан Жоламан батыр өз кезегінде Кіші жүздегі қазақ руларының басым көпшілігінің күресін біріктіруші болды.

Бөкенбай батырдың немересі Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихын оқып-тану үшін аса маңызды рөл атқаратын атақты батырдың мұрағаттарда сақталған хаттарын білген ләзім. Жоламанның Орынбор генерал-губернаторы Эссенге жазған екі хаты мен Орал казачествосының әскери атаманы генерал-майор Бородинге жолдаған хатының ұлт-азаттық қозғалыстар тарихнамасында маңызы зор. Бұл деректерді тарихшылар А.Рязанов, Е.Бекмаханов, Ж.Қасымбаев, Ә.Мұқтар өз еңбектерінде жариялады да.

Ата қоныс жерлерін қайтарып беруді талап еткен Жоламан батыр дипломатиялық қадамдарынан нәтиже шықпағандан кейін қарулы қимылдарды үздіксіз жүргізіп отырды. Жер үшін, жоғалтқан жайылымдар үшін күрес Жоламан батырдың тарихи тұлғасын алдыңғы қатарға шығарды. Сонымен бірге батыр патша үкіметі алдап қолға түсіріп, жер аударған қазақ ханы, реформаторлық қызметтері арқылы ел жадында ерекше қалған мемлекет қайраткері, күрескер тұлға Арынғазы Әбілғазыұлы мен Сырым батырдың баласы Жүсіп тарханды тұтқыннан босату жөнінде империялық биліктің алдына батыл талаптар қойған болатын-ды. *«Елек өзені бойындағы жаңа әскери шепті әкетіндер. Онда бізді дос санайсыздар. Мен сұраған жерлерді берсеңіз онда біз дос боламыз, егер бермесеңіздер онда жау боламыз»* [3,4-п], – деп ашық мәлімдеген Жоламан батыр өз заманында Кенесары ханның азаттық қозғалысына қосылды, Есет Көтібарұлымен шекаралық линияларда соғыс қимылдарын жүргізді, Исатай Тайманұлының 1838 жылғы әскери қимылдарына қолдау көрсетті.

Қорыта айтқанда **елін, жерін азат етуде қазақтың бір ғана әулетінің тарихи орны осындай. Сондықтан ерлеріміздің есімін ұлықтап, ұрпаққа таныту қасиетті тірлік деп білеміз.**

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том, Алматы, 2002.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында. - Алматы, 1994.
3. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, 4-қор, 1-тізбе, 1236-іс.

ТАНЫСЫҢЫЗ: АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ЖАҢА МҮШЕСІ

Мендігүл НОҒАЙБАЕВА әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетін 2000 жылы тарих мамандығы бойынша бакалавр, 2002 жылы аталған факультет магистратурасын үздік дипломмен бітірген. 2006 жылы «Түркі халықтары мен тайпаларының көрші халықтарымен мәдени байланыстарының зерттелуі (VI-XII ғғ.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған. Содан бері Д.Қонаев атындағы университетте, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да әр түрлі қызметтер атқарды. 2016 жылдан бастап ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің деканы.

Мендігүл Сағатқызы көптеген ұжымдық монографиялардың, іргелі зерттеулердің қосалқы авторы, «Шақшақ Жәнібек», «Бөгенбай батыр», «Қаз қауысты Қазыбек би», «Шоң би», «Бәйімбет батыр» сынды 80-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы. Сондай-ақ, Қазақстан тарихы пәні бойынша 5, 6, 7, 8-сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жарық көрген оқулық авторларының бірі. Оқу, оқу-әдістемелік құралдардың, бірнеше монографиялардың, ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша негізгі оқу бағдарламалары мен Қазақстан тарихы, Қазақстанның қазіргі тарихы пәндерінің типтік оқу бағдарламаларының авторы. Ол ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің талантты жас ғалымдарға арналған стипендиясының иегері, «Б.Алтынсарын» төсбелгісімен, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл», ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл мерекелік медальдарымен марапатталған (Мендігүл Сағатқызының фотосы мұқабаның 1-бетінде).

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Тарих, археология және этнология факультеті – отан және шетел тарихы, археология, этнология, музей ісі, ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану, кітапхана ісі саласы бойынша жоғары дәрежелі маман дайындау ісінде еліміздің ең алғашқы, өзіндік мектебі қалыптасқан орталық. **1948 жылы ҚазМУ-дың тарих факультеті тарих бөлімінен жеке факультет болып құрылды.** Биыл осыған 70 жыл толып отыр. Осы істің басында қазақ тарихының дарабозы Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Е.Бекмаханов, академиктер А.М. Панкратова, С.Н. Покровский сияқты ғалымдар тұрды.

Бүгінгі күні факультетте 800-ден аса шәкірт білім алады, елімізге танымал академиктер мен ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелері, ғылым докторлары, профессорлар еңбек етеді. ОПК-ның 27-сі ғылым докторы, 40-ы ғылыми кандидаты және 10-ға тарта PhD докторы. Сонымен қатар факультетте У.Х.Шәлекенов, Т.О.Омарбеков, Қ.Т.Жұмағұлов, В.Ф.Зайберт, М.Е.Елеуов, Ә.Т.Төлеубаев, Б.Б.Кәрібаев, Г.С.Сұлтанғалиева, Г.Қ.Омаров сынды танымал ғалымдар қызмет атқаруда. Факультетте «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығы», «Дүние жүзі тарихын зерттеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығы», «Археология және дала өркениеті» ғылыми-зерттеу институты, «Гео-археология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы, «Қ.М.Атабаев атындағы Архивтану және құжаттану ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік ғылыми-зерттеу орталықтары» жұмыс істеуде.

Отан және шетел тарихы, педагогикалық тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, музей ісі және ескерткіштерді қорғау, археология және этнология, кітапхана ісі мамандықтарында бакалавр, магистр және PhD докторы үш сатылы жүйесі бойынша мамандар қазақ, орыс және ағылшын

тілдерінде дайындалады. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау талаптарына сай жыл сайын оқу-білім беру бағдарламалары жетілдіріліп, әлемдік стандарттарға сәйкес құрылуда. «Физикалық антропология», «Құжаттармен қамтамасыз етуді басқару және мұрағаттағы ақпараттық технологиялар» сынды жаңа бағдарламалар іске қосылды.

Барлық оқу бағдарламалары халықаралық ACQUIN агенттігінің аккредитациясынан өткен, республикалық Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР), Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттік (НКАОКО) рейтингтері бойынша үздіксіз бірінші орындарды иеленіп келеді.

Ла-Сapienza (Италия), Ресей Мемлекеттік Гуманитарлық университетімен, Стамбул университетімен (Түркия) қос дипломды білім беру бағдарламасы аясында қосдипломды мамандар дайындау іске асырылуда.

Италия, АҚШ, Ресей, Қытай, Жапония, Түркия, Польша, Венгрия және т.б. мемлекеттермен халықаралық келісім-шарттар жасалып, оқытушылар мен PhD докторанттар, жас ғалымдар арасында жүйелі түрде тәжірибе алмасулар өткізіліп, дерістер оқылады.

Факультеттің бастамасымен «Түркі дүниесі: XX ғасырдағы рухани, мәдени және саяси дамуы» атты халықаралық симпозиум, «Солдаттың оралуы: Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 100 жылдығы» атты халықаралық конгрес, «Алаш мұраты» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды.

Сондықтан бүгінгі таңда тарих, археология және этнология факультетін бітірген мамандар үлкен сұранысқа ие болуда.

Мендігүл НОҒАЙБАЕВА,
тарих ғалымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
ҚазҰУ-дың тарих, археология және
этнология факультетінің деканы.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Айбек БЕЙСЕКЕНОВ,
Қарақол орта мектеп-бақшасының
тарих және қоғамтану пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалыстың себебі, мақсаты оның қазақ тарихында алатын орны туралы оқушыларға қозғалыс туралы өз ойларын саралай білуге бағыт-бағдар беру.

Тәрбиелік мәні: Ұлт-азаттық қозғалыс туралы түсінік бере отырып Оқушы бойында ұлтжандылық қасиет оқушыны елін, жерін сүюге Отаншылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Карта, сызба, тірек белгілері, техникалық құрал, т.б.

Сабақ барысы: I Ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу.

Түрі: Дәстүрлі емес сабақ.

Сабақ әдісі: Топтық жұмыс, сұрақ-жауаптар, СТО технологиясы.

Пәнаралық байланыс: Қазақ әдебиеті, география.

II Өткен сабақ бойынша сұрақтар.

«Ой қозғау» сұрақ-жауап.

1. Қазақ елі неге экономикалық жағынан артта қалды?

2. Ұлттық буржуазия қалай қалыптасты?

3. Ұлттық интеллигенция неше топқа бөлінді?

III Жаңа сабаққа түсінік беру:

1. 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, мақсаты, сипаты.

2. Қозғалыс туралы қазақ қоғамындағы көзқа растар.

3. Жетісу, Торғай-қозғалыстың негізгі ошағы.

4. Көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

Қызығушылықты ояту:

Иса Дәукебаев «Бекболат» поэмасынан үзінді.

«16-шы жылында 26-маусымда,

Даланы қара түн басты,

Найзағай ойнап, от шашты.

Жарлығы шықты патшаның

Ел сандалды, ер састы.

Ежелгі кек оянып

Көтеріліп жұрт дуласты.»

Пәнаралық байланыс:

1. Торғай даласы Қазақстанның қай бөлігі? (Сол-түстік-батыс).

2. Жетісу өлкесі Қазақстанның қай бөлігі? (Оңтүстік-шығыс).

Сөздікпен жұмыс: Дәптерге жазу.

«Реквизициялау» – өткізу, алу.

«Бұратана» – жергілікті халық.

«Горнизон» – әскери бөлім, жасақ.

«Партизан» – қарулы халық жасағы.

«Либерал-демократ» – буржуазиялық партия.

«Десятина» – жер өлшем.

Үндеу: Алаштың азаматына (оқып таныстыру).

Дамыту: Ұрпақ үндестігі.

Бекболат Әшекеев — **Қайрат Рысқұлбеков**

Ұлт-азаттығы үшін күресті. 1916 жыл

Ұлт-азаттығы үшін күресті. 1986 жыл

Патшалы Ресейге қарсы күресті.

Кеңестік жүйеге қарсы күресті.

Өлім жазасына кесілді.

Сергіту сәті:

Бекболаттың — өлімді қасқая қарсы алуы — **Қайраттың**
«Үшінші сөзге салдың осыменен, **Қазақ деген затым бар,**
Өлтіргелі жатырсың шошып менен. **Қайрат деген атым бар.**
Сен итке қысқа жауап қылмадым ба, **Жиырма бірде жасым бар,**
Қайта-қайта сұрайсың несіб менен? **Күнәдан таза басым бар.**
Мен бұрынғы сөзімнен қайта алмаймын, **Бозторғайдай жаным бар.**
Жаннан қорқып, басымды тарта **Қасқалдақтай қаным бар.**
алмаймын...» **«Еркек тоқты құрбандық»,**
Атам десең атыңдар! -

Боралдай —

(Бекболат қаза болған жер).

Семей

(Қайрат қаза болған жер).

Сандар сыры:

1. 1916 жыл 25 маусым — Патша жарлығы.

2. 19-43 жас — Әскерге алу жас мөлшері.

3. 240 000 — Қазақ даласынан алынатын әскер саны.

4. 1 800 000 — Жетісуда тартып алынған жер.

1916 жыл — 100 жыл
2016 жыл — 1986 жыл — 30 жыл

1465 жыл — 550 жыл
2015 жыл — 1995 жыл — 20 жыл
1995 жыл — 20 жыл

IV Үй тапсырмасын тексеру:

Шығармашылық тапсырма:

1. «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зарлысы – жер мәселесі... (Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі)».

А.Байтұрсынов

«Жұрт сендей соғылды,...

(Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды)».

М.Дулатов

3. «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ...

(Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып қанын төгетін сорлы халық болар).

Ә.Бөкейханов.

Сандар сыры:

1. 1905-1907 жж. — «Серке», «Дала» газеттері.

2. 1913-1918 жж. — «Қазақ» газеті.

3. 1894 жыл — Ә.Бөкейханов Санкт-Петербург орман институтын бітірді.

4. 100 000 — Қалалар саны

5. 26 — Қазақ Қазан универ/інде оқыды

Ү Қорытынды: «БББ» сызба әдісі.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

ҮІ Бағалау:

ҮІ Үйге тапсырма:

Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
Қарақол ауылы.

Қазақ тарихы

№7 (164), қыркүйек, 2018

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ “КІШІ ҚАЗАН”

Маржан МАҚАТОВА,
Боранқұл орта мектебінің
жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: “Кіші Қазан” идеясының мәні, сол саясаттың қазақ халқына тигізген зардабын оқушылардың түсіне білуі. **Дамытушылық:** Оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық ізденісін қалыптастыру.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру.

2. Жаңа сабақ.

І Мағынаны тану.

1. Голощёкин Филипп Исаевич (Шая Ицкович) 1876-1941 жж.

- Невель, ұсақ буржуазия отбасы.

- Кеңестің мемлекеттік және партия қайраткері.

- 1925-1933 жж. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің І хатшысы.

2. 1927 жыл “Кіші Қазан” идеясы.

І. Индустриаландыру бағытында:

- Голощёкин: «Қазақ даласында өнеркәсіпті ірілендіру емес, ұсақ кәсіпорындар салу керек. Май шайқайтын, жүн жуатын...».

- С. Садуақасов (партияның аймақтық комитетінің мүшесі).

Өнеркәсіптің өңдеу салаларының кең желісін құру, өнеркәсіпті шикізат көзіне жақындату туралы идеясын ұсынды. Атап айтқанда ол “Голощёкин жолдастың неліктен жүн жуудан әрі қарай барғысы келмейтінін шұға фабрикаларын ұйымдастыру өз-өзінен сұранып тұрғанын дәлелдеді. “Қазақстаннан жуылған жүнді Ресейге шығарып, осы жүннен тоқылған “мәскеулік” шұғаны кері қарай тасығаннан гөрі, Қазақстаннан дайын шұғаны теміржол арқылы сыртқа шығару жеңіл емес пе?”

Голощёкин мұны жергілікті ұлтшылдықтың көрінісі ретінде қабылдады.

2. Ауыл шаруашылығында:

- Голощёкин “ауылды кеңестендіру” ұранымен Қазақстанда “жаңа революция” жүргізудің идеялық-саяси негізін жасады.

“Ауылда Кіші Қазан төңкерісін жасау керек. Байға қарсы тап күресінде кедейлерге көмек беру керек. Егер бұл азаматтық соғыс болса, біз оған барамыз. Ауыл Қазан революциясы лебін әлі сезген жоқ” деді.

Голощёкиннің бағыты Қазақстанда қарсылыққа ұшырады, сондықтан ол Сталинге хат жазды.

И.В. Сталин Голощёкиннің ұсынысын “бірден-бір дұрыс саясат” деп құптады.

3. 1926-1927 жылдары жыртылатын жерлер мен жайылымдар қайта бөлінді. 1250 десятина жыртылатын жер, 1360 десятина шабындық ауқатты шаруашылықтардан тартып алынып, кедейлер мен орта шаруаларға берілді. Бұл шара нәтиже бермеді.

1. 1927 ж. 15-23. 11. “Қазақ байларын тәркілеу туралы” шешім шықты.

2. 1928 ж. 27.08. “Ірі бай шаруашылықтары және жартылай феодалдарды тәркілеу, жер аудару туралы” декрет шықты. Оған Е. Ерназарұлы (Орталық

Атқару Комитетінің төрағасы), Н. Нұрмақұлы (ХКК төрағасы) қол қойды. Декрет 5 қыркүйекте баспасөз бетінде жарияланды.

Тәркілеу 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталатындығы ескертілді.

Декрет бойынша ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда – 400, жартылай көшпелі аудандарда – 300, отырықшы аудандарда – 150 бас малы бар қожалықтар жатқызылды. Ірі қараға 2 жастағы жылқы, сиыр, түйе жатқызылды. 1 ірі қараға – 3 құлын, 2 тай, 5 қой, 6 ешкі теңестірілді.

3. 1928 ж. 30 тамызда “Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы қаулысы қабылданды”. 9 көшпелі, 85 жартылай көшпелі, 25 отырықшы барлығы 119 аудан белгіленді.

Атырау облысы, Жылой ауданы – жартылай көшпелі ауданға жатты.

Адай округі жұт болуына байланысты тәркіленуден босатылды. Соған қарамастан 84 бай тәркіленген.

Жетісу, Сырдария – мақта егетін аудандар тәркілеуден босатылды.

Қазақ жерінде 657 бай тәркіленіп, олардан 145 мың ірі қара тартып алынды.

Голощёкин өзін қолдамайтын партия басшыларына қарсы күрес бастады.

1. Т. Рысқұлов – БКП орталық комитеті құрамынан шақыртып алынды.

2. 1926 ж. С. Садуақасов, С. Қожановқа – “ұлтшыл кінәсі тағылды”.

С. Сейфуллин, С. Меңдешев – қуғындалды.

Ж. Мыңбаев – қызметінен босатылды.

3. 1928 ж. саяси қарсыластары алғаш рет тұтқындалды.

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев.

1930 ж. М. Тынышбаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов.

II Ой толғау.

1. “Голощёкинге хат” – әр оқушы өз ой пікірін жазады.

2. “Қоржындағы сұрақ” – 10 сұрақ.

III Қорытындылау. Әр оқушы 5 тест құрастырады.

IV Бағалау.

V Үйге тапсырма: §17.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Аяған, М. Шәймерденова. “Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы” Алматы “Атамұра” 2009 ж.

2. “Қазақ тарихы” журналы. №8. 2017 ж.

3. Қазақстан тарихы. Әдістемелік нұсқаулық. Алматы “Мектеп” 2013 ж.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Боранқұл ауылы.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ХАЛЫҚТАР ДЕПОРТАЦИЯСЫ

Майгүл БЕДЕЛБЕКОВА,

І.Жансүгіров атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Кеңес одағы кезінде салынған еңбекпен түзеу лагерінің тарихына шолу. **Дамытушылық:** Оқушылардың шығармашылықпен іздену арқылы олардың философиялық ойлау қабілетін жетілдіру, өз ойын жеткізудегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. **Тәрбиелік:** Оқушылардың отаншылдық сезімін арттыра отырып, қиындыққа төзе біліп, болшаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Ізденіс сабақ.

Сабақтың әдісі: Ақпараттық құралдар көзін пайдалану.

Көрнекілік: Интерактивті тақта, буклеттер, карта.

Пәнаралық байланыс: Дүниежүзі тарихы, әдебиет, математика.

Техникалық құрал-жабдық: Интерактивті тақта, компьютер.

Күтілетін нәтиже:

-Оқушылар өз бетімен білім алуға дағдыланады.

-Қазақстанның 30-жылдардағы қоғамдық саяси өмірі.

-Сталиндік жазалау шаралары және оның салдарын оқып біледі.

-Қазақ үшін басын бәйгеге тіккен боздақтар есімдерін қастерлеп, олардың бүгінгі ұрпаққа тигізер тағылымын болашаққа аманат етіп жеткізуге елжанды әрекеттері туралы қажетті білім игеріп, оны ой толғаныс кезінде іске асыра алады.

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі.

Оқу құралын тексеріп түгелдеу. Оқушылар зейінін сабаққа аудару.

II Жаңа сабақтың жоспары:

1.Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесін қалыптастыру.

2.КСРО халқына қарсы қанды террорды мемлекет саясатына айналдыру;

-Сталиндік жазалау шаралары және оның салдары.

3. Жаппай сталиндік террордың құрбанына айналған ұлт зиялылары.

4. Жазалау шараларын жүзеге асыру үшін Қазақстанда құрылған лагерлер жүйесі.

5.Еңбекпен түзеу лагеріндегі тұтқындардың тыныс-тіршілігі туралы естеліктер.

III Миға шабуыл. 1.Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінде жаппай қуғындау саясатын жүргізген саяси тұлғалар.

IV Ой қозғау. 1.Әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі қалай жүреді.

V Сандар әлеміне саяхат.

1. $(600 \times 2) + 900 - 171 = 1929$ ж. 2 маусым.

2. $(700 \times 3) - 163 = 1937$, 2 тамыз.

3. $(8 \times 100) + 1000 + 89 = 1893$ ж.

4. $(500 \times 2) + 900 + 37 = 1937$ ж. 28 желтоқсан.

VI Шығармашылық ізденіс.

1.Жазалау шараларын жүзеге асыру үшін Қазақстанда құрылған лагерлер.

(Ұяшықтарда Қазақстанда құрылған лагерлер жасырылған.)

1.КарЛАГ. 2.Степлаг. 3.Спасск. 4.АЛЖИР.

VII Постер әдісі.

1-топ: АЛЖИР-дан басқа жерге жер аударылған

қазақ әйелдері болды ма? Олар қандай қайғы-қасірет шекті деп ойлайсыңдар?

2-топ: Сталиндік нәубеттің қасіретін аналармен бірге көрген балалар болды ма? Олардың өмірі немен аяқталды? Бұған кім кінәлі деп ойлайсыңдар?

VIII Бекіту. ТЕСТ.

1. Ақмоладағы Отанына опасыздық жасағандар әйелдеріне арналған лагерде (АЛЖИР) төмендегі қай мемлекет қайраткерінің әйелімен қызы азап шекті.

A) Т.Рысқұлов.

B) С.Аспендияров.

C) С.Сейфуллин.

2. XX ғ. Басында қазақ халқының ұлттық санасын оятушы, кадет партиясы ОК мүшесі болған:

A) М.Шоқан.

B) Ә.Бөкейханов.

C) С.Асфендияров.

3. ГУЛАГ азабынан өткен қазақстандықтар саны:

A) 103 мың.

B) 104 мың.

C) 101 мың.

4. XX ғ. 30 жылдары профессор атағын алған қазақ ғалымы:

A) Қ.Жұбанов.

B) С.Аспендияров.

C) В.С.Пустовойт.

5. Ұзақ жылдар Кар ЛАГ-та қамауда болып, азап шеккен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған, академик, селекционер:

A) П.Т. Будасси.

B) С.Б. Голдгор.

C) В.С.Пустовойт.

6. 1937-1938 жылдардағы репрессияға ұшыраған көрнекті алаш қайраткері:

A) Х.Досмухаметов.

B) Л.Мерзоян.

C) М.Тынышбаев.

7. 1931 жылы Қарағанды облысының, Оskarов ауданында негізінен пайда болды:

A) 23 қоныс обсервация.

B) 24 қоныс обсервация.

C) 25 қоныс обсервация.

8.Қазақ КСР-ның өмір сүрген уақыты:

A) 1936-1991 жж.

B) 1937-1938 жж.

C) 1920-1991 жж.

9. Қазақ КСР-ның жаңа Конституциясы қашан қабылданды?

A) 1936 желтоқсан.

B) 1937 наурыз.

C) 1937 желтоқсан.

10. Ахмет Байтұрсынов қай жылы тұтқындалды?

A) 1937 ж. 8 қараша.

B) 1938 ж. 11 ақпан.

C) 1937 ж. 8 желтоқсан.

IX Бағалау.

XI Үйге тапсырма: 1947-1953 жылдардағы қуғын-сүргін туралы мәлімет жинау.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы,
Ұржар ауылы.

Қазақ тарихы

№7 (164), қыркүйек, 2018

СІЗ ЕҢ ҒАЖАП ҰСТАЗСЫЗ!

Оқу жылының басы болатын. Алтыншы сыныптың жетекшісі өз шәкірттерінің алдында тұр. Ол балаларға бір рет көз тастады да, барлығын бірдей жақсы көретінін, оларды көргеніне риза екенін айтты. Бұл, әрине, жалған болатын. Өйткені алдыңғы қатарда өзі жақсы көре қоймайтын бір бала бүрісіп отыр. Басқа оқушылар да онымен былтырғы оқу жылында танысқан. Сол кездің өзінде-ақ, ол баланың өз сыныптастарымен ойнамайтынын және киімінің лас екенін, ешқашан жуынбағандай күлімсі иіс шығатынын байқаған болатын. Уақыт өткен сайын мұғалімнің бұл оқушыға деген көзқарасы өзгере бастады. Оның жазба жұмыстарын қызыл қаламмен шимайлап, екілік деген бағаны аямай қоятын жағдайға жетті.

Бір күні мектептің оқу жөніндегі орынбасары алтыншы сынып оқушыларының мінездемесіне талдау жасауды тапсырды. Ұстазы сүйкімсіз оқушының мінездемесін жазуды соңына қалдырды. Ол мінездемені қалай жазу керектігін біраз ойланып, бұрынғы жазылған мінездемелерін қолына алды. Сол кезде төбесіне мұздай су құйып жібергендей күйге түсті.

Бірінші сыныпта оқытқан ұстазы былай деп жазған екен: «Бұл – көзі нұр шашқан керемет бала. Үй тапсырмасын керемет мүлтіксіз орындайды. Ұқыпты әрі алғыр бала. Осындай талантты баланың ұстазы болудың өзі бір мәртебе».

Екінші сынып мұғалімінің мінездемесінде: «Ол ғажап оқушы. Жолдастарына да өте сыйлы. Әйтсе де отбасындағы мәселе оны алаңдатып жүрген сыңайлы. Анасы ауыр дертке шалдығыпты. Айықпас аурумен арпалысып, өлім мен өмір арасында жатқан көрінеді. Баланың да жанын сыздатқаны аңғарылады. Шамасы оның үйдегі жағдайы ажалмен арпалысқа айналған сияқты», – деп түйіндеген екен.

Үшінші сыныптағы тәрбиешісінің жазғанын тағатсыздана қолына алып, оқи бастайды: «Анасының өлімі баланың жан әлеміне ауыр соққы боп тиді. Ішкі дертіне қарамастан бала оқуға бар ынтымағымен, ыждаһатпен ұмтылады. Әйтсе де үйде білім алуына әкесі көңіл бөлуді қойған. Баланың білім алу мәселесін тездетіп қолға алмасақ, жағдай қиындағалы тұр».

Мұнан кейінгі жағдайды төртінші сыныптағы ұстазы былай деп жалғастырыпты: «Баланың оқуға құлқы жоқ. Достары да жоқ. Сабақ үстінде жиі ұйықтап қала береді», – депті.

Мінездемелерді оқып шыққан мұғалімнің осы сәтте жүрегі сыздап қоя берді. Әдеттегідей келесі оқу жылы келіп жетеді. Сол баяғыдай, барлық оқушылар ұстаздарына сыйлық ұсынып жатыр. Жаңа оқу жылының басталғанымен құттықтап, әлгі бала да бір затты ұстаздың қолына ұстатады. Мыж-мыжы шыққан қағазға әлденені орап әкелген екен. Түйіншекті көрген сыныптастары жарыса күледі. Тек мұғалім ғана қағазды ашып, ішінен

көзі сынған білезік пен құтысында бітуге таяған аздаған иіссуды көріп, ерекше қуанды. Баланы құшағына қысып, «мынау тамаша сыйлық қой» деп, білезікті қолына тағып алды. Баланың қуанышында шек жоқ. Ұстаздың тосын мінезіне қайран қалған оқушылар да күлкілерін сап тыйған. Кейіннен көпшіліктің көзінше мұғалім құтыдағы иіссуды үстіне септі. Осылайша сабағын да бастап кеткен. Сабақ соңында көзінде нұры ойнаған бала ұстаздың жанына келіп, ерекше мейіріммен «Білесіз бе, сізден анамның иісі шығады» деді.

Бала кеткен соң мұғалім ұзақ жылады. Осы күннен бастап ол тек математика мен әдебиетті ғана емес, ізгілік пен қайырымдылық жайлы дәріс беруді қолға алды. Біраз уақыт сырғып өткенде сұрықсыз баланың ажарына нұр тола бастады. Өмірдің мәні мен сәні жанарынан айқын сезілетін болды. Мұнан кейін мұғалім оқушылардың барлығын бірдей жақсы көремін дегенімен, енді әлгі баланы өзгелерден айрықша жақын тарта бастаған.

Осылайша жыл да зулады. Бірде әдеттегідей көп қағаздарын ақтарып отырып, көзі бір тілім хатқа түсті. Ашып оқығанда жүрегі елжіреп кетті. «Сіз өмірімдегі ғажап ұстазсыз!» деп жазылған екен. Осылайша аттай зулап бес жыл артта қалды. Бұл кезде мұғалім де басқа сыныпты қолға алған. Әйтсе де осыдан біраз жыл бұрынғы шәкірті тағы бір хат жолдапты. Өмірдегі ең асыл ұстазы болып жүрегінде қала беретінін жазыпты.

Араға уақыт салып, әлгі оқушыдан тағы бір хат алады. Оқушысы колледжді үздік тәмамдап, университетті үздік оқып жүргенін жазыпты. Кейінірек келген хатында оқу орнын ойдағыдай тәмамдағаны айтылады. Сондай-ақ, әкесінің дүниеден озғанын, жақын арада отау құрғалы отырғанын да жеткізіпті. Әрі үйлену тойында әкесі мен шешесінің орнына мәртебелі ұстазының жайғасқанын қалайтынын білдірген. Тойдың төрінен ұстазын көргісі келетінін оқығанда жүрегі елжіреп сала береді. Әрине, мұғалім қуана келісім де білдірді.

Осылайша той күні де таяйды. Той болатын күні мұғалім баяғы бала сыйлаған көзі жоқ білезікті тағып, анасының құтысының түбіндегі иіссуды септі. Алыстан ұстазын көрген бала қуаныштан төбесі көкке жетердей жүгіріп келіп, құшақтай алды. Сол мезетте балалық шағынан жадында қалған тамаша иісті сезді. Анасының хош иісі.

Көзінен ыстық жас ыршып шыққан бала ұстазын құшағына қатты қысып: «Менің осы өмірге керектігімді сезінуге, өз күшіме сенуіме мүмкіндік бергеніңіз үшін, сізге ризамын», – деді даусы дірілдеп.

Сонда мұғалім көзіне жас алып: «Керісінше, сен мені бәріне үйреткен. Сенімен таныспай тұрып, ұстаз болудың сыры мен мәнін, ғажап қадірін сезінген жоқпын», – деп жауап береді.

Ғаламтор беттерінен.
<http://mazhab.kz/kk/>

ПС-1 н. ф.ПС-1 Мөрдін орны Оператордың қолы	ААҚ “ҚАЗПОШТА” АБОНЕМЕНТ Басылым индексі 75748 “Қазақ тарихы” журналы											
	(басылым аты)											
	жазылу бағасы				тг		тн		Комплектілер саны			
	2019 жылға, айлары											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы												
Кімге _____ аты-жөні												

ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ												
Мөрдін орны Оператордың қолы	ПВ	орны	75748									
	“Қазақ тарихы” журналы											
	(басылым аты)											
	БАҒАСЫ		жазылу		тг		тн		Комплектілер саны			
			тұрағын өзгерту		тг		тн					
	2019 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы												
Кімге _____ аты-жөні												

Жазылуды ұйымдастырушыға! Осы бетті өз мектебіңіздегі әріптестеріңіздің бөріне жетердей етіп ксерокшірмеден өткізіп, үзік сызықпен белгіленген тұстарынан қылып алыңыз. Дайын бланкіні анықтап толтырып, әріптестеріңізден жиналған ақшаны пошта бөлімшесіне төлеп, мөр басылған түбіртеккі жазылушыларға таратып бересіз.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ» ЖҰРНАЛДАРЫНА 2019 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ 25 ҚЫРКҮЙЕКТЕ БАСТАЛАДЫ

Төл журналдарыңызға 1 жылға толық жазылып, түбіртегіңізбен қоса жіберсеңіз, 2 шағын сабағыңыз не мақалаңыз тегін жарияланады.

"Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл" 2019 жылдан бастап екі айда бір рет шығады.
Ал "Қазақ тарихы" тек маусым, шілде айларында шықпайды.

2019 жылға редакциядан жазылу бағасы:

Ин: 75748. «Қазақ тарихы»

Ин: 74139. "Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл»

Жылына 10 рет шығады.

Жылына 6 рет шығады

12 айға: 6200 тг.

12 айға: 4200 тг.

6 айға: 3100 тг.

6 айға: 2100 тг.

Ескерту: Жылына 10 саны шығатын басылымға тек **6 айға** және **1 жылға** ғана жазылуға болады. *Ендеше арқаны кеңге салып, қапы қалмаңыздар!*